Кауканова Ж.Х. Қалалық За подготовку и участие театрального коллектива «Звездочки» в городском конкурсе «Дебют на сцене» Алғыс хатпен марапатталды.

Кубенова Г.Ж. Бастауыш білім беру деңгейіндегі оқушылар арасындағы қалалық олимпиадада жеңімпаз дайындағаны үшін (Қалдыхан Айым 2 орын, Иниятова Нурай 3 орын) мадақтамамен марапатталды. Қалалық ғылыми жобаға «Зерде» оқушыларды

дайындаған үшін және Қалалық ғылыми жобаға оқушыларды дайындаған үшін мадақтамаға ие болды. Халықаралық «Пони» байқауының жеңімпаздары мен жүлдегерлерін сапалы дайындағаны үшін дипломмен марапатталды.

Мауленова Г.С. Бастауыш білім беру деңгейіндегі оқушылар арасындағы қалалық олимпиадада жеңімпаз дайындағаны үшін (Есеркепова Толқын 2 орын, Серік Мидина 3 орын) мадақтамаға ие болды. Халықаралық «Пони» байқауының жеңімпаздары мен жүлдегерлерін сапалы дайындағаны үшін дипломмен марапатталды. № 484 Жас ұрпаққа сапалы білім, саналы тәрбие беру жолында аянбай еңбек етіп, мақаласын жоғары деңгейді дайындағаны үшін Республикалық ғылыми-әдістемелік педагогикалық мерзімді баспасөз «Білім әлемі» алғыс хатымен марапатталды.

Онайбаева Б.Б. Бастауыш білім беру деңгейіндегі оқушылар арасындағы қалалық олимпиадада жеңімпаз дайындағаны үшін (Абишева Гулим 3 орын) мадақтамамен марапатталды. Халықаралық «Пони» байқауының жеңімпаздары мен жүлдегерлерін сапалы дайындағаны үшін дипломмен марапатталды.

2022-2023 оқу жылындағы бастауыш сынып әдістемелік бірлестігі мұғалімдерінің жеке жұмыс жоспарлары оқу жылының талдауы негізінде құрылған, жаңа оқу жылының тұжырымдары мен ұстанымдарын есепке ала отырып, мектеп жұмысының кешендік жоспарына сәйкес жүргізілді. Әдістемелік бірлестік отырыстарында әр түрлі сұрақтар қаралып, шешімдер қабылданды. Оқу материалы бағдарламаға, жоспарға сәйкес түгел қамтылды, мұғалімдердің шығармашылық тақырыбы бойынша есептері кестеге сәйкес тыңдалып, пікір алмасып, талқыланды.

Жаңа оқу жылына ұсыныстар:

1. Әр ұстаз негізгі пәннен білім сапасын арттыру. Сыныптар арасында рейтинг өткізу.
2. Жалпы республикалық интеллектуалды сырттай олимпиадаларына, облыстық және қалалық пән олимпиадаларына оқушыларды дайындау жұмыстарын күшейту, тапсырмаларды әрі қарай ғаламтор арқылы пайдалануды жандандыру.
3. Мектеп ішіндегі бақылауды пән бойынша тоқсандық білім сапасын салыстырмалы түрде көрсете отырып, бақылауды күшейту.
4. Дарынды балалармен жұмысты бақылауға ала отырып, дарынды балалармен жұмысты жандандыру.
5. Мұғалімдердің үлгермейтін оқушыларымен жүргізетін жұмысын бақылауға алу және үлгерімі төмен оқушыларды мектеп психологімен бірге бақылау жүргізу.
6. Әр ұстаздың жыл бойы сабақ беру барысында қолданылған инновациялық әдіс-тәсілдерін әр сабақта қолдану және білім берудің сапасын арттыру. 2022-2023 оқу жылындағы бастауыш сынып әдістемелік бірлестігінің ұстаздарының жылдың басынан жоспарланған іс-шаралары жоспар бойынша ойдағыдай өтті және қанағаттанарлық деп бағаланды. Келесі жаңа оқу жылына сәттілік тілеймін!

Қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы бірлестіктің пәндер апталығының сараптамасы

Гуманитарлық пәндер бірлестігінің әдістемелік тақырыбы: *« Жаңартылған білім беру аясында өз мүмкіндігін дұрыс пайдалана алатын зерделі тұлғаны тәрбиелеу»*

Түйінді мәселесі:

Білім беру үдерісінде жаңартылған білім бағдарламасы аясында белсенді әдістерді меңгере отырып, оқушылардың белсенділігін арттыру, өздігінен білім алуға үйрету

Мақсаты:

Заманауи білім беру технологияларының элементтерін қолдану арқылы оқушылардың ауызша және жазбаша тіл мәдениетін жетілдіру, дамыту, сауатты ұрпақ тәрбиелеу.

Міндеттері:

- *Оқушыларға сапалы білім беру;*
- *Республика, облыс, қала көлеміндегі озық педагогикалық тәжірбиені оқып үйрену;*
- *Оқушылардың шығармашыл қабілеттерін ашуға жағдай жасау;*
- *Қабілеті жоғары балалармен жұмыс істеу;*
- *Бірлестіктегі озық педагогикалық тәжірбиені зерттеу, жинақтау, тарату;*
- *Жаңа оқыту технологиясының әдіс- тәсілдерін кеңінен қолдану;*
- *Оқушылардың дәптерінің талапқа сай болуын қадағалау;*
- *Нормативік құжаттарды оқу, жүзеге асыру;*
- *Пән бойынша әдістемелік жұмыстарды ұйымдастыру.*

Қоғамдық- гуманитарлық пәндер бірлестігінде қазақ тілі мен әдебиеті, орыс тілі мен әдебиеті, ағылшын тілі, тарих пәндері бойынша 11 мұғалім жұмыс жасайды.

Солардың ішінде педагог- зерттеуші -3 ұстаз. Педагог- сарапшы- 3 ұстаз, педагог- модератор- 3 ұстаз, бірінші санатты- 1ұстаз, санатсыз-1 ұстаз. Сатубалдина Акбопе Бекетовна - білімі жоғары, санаты- «педагог- зерттеуші», сертификатталған мұғалім, Жолдыбаева Сандеш Мадиевна - білімі жоғары, санаты- «педагог- зерттеуші», сертификатталған мұғалім. Тулебаева Дарья Жуматовна - білімі жоғары, санаты- «педагог- зерттеуші», сертификатталған мұғалім. Танирбергенова Айнаш Жақсылыковна - білімі жоғары, санаты- «педагог- сарапшы», сертификатталған мұғалім, Жансүгір Данагүл Серкіқызы- білімі жоғары, санаты- «педагог- сарапшы», сертификатталған мұғалім, Бирмуканова Айгул Мухтаровна - білімі жоғары, бірінші санатты, сертификатталған мұғалім. Ескенова Бакытжамал Абеновна- білімі жоғары, санаты- «педагог- модератор» мұғалім. Шаяхметова Сабира Ертаевна - білімі жоғары, санаты- «педагог- модератор» мұғалім. Абенова Сауле Дарибаевна- білімі жоғары, санаты- «педагог- модератор» мұғалім. Досмагамбетова Шынар Атымтаевна- білімі жоғары, санаты- «педагог- модератор» мұғалім. Сагиева Аделья Муратовна- санатсыз. Барлық мұғалімдер өздерінің квалификациялық деңгейлеріне сәйкес келеді.

Пән мұғалімдерінің мақсаты мен міндеті – болашақ ұрпаққа жаңа технология әдістері бойынша оқытуда сапалы білім беру. Осының негізінде әр мұғалім әдістемелік тақырыптарды белгілеп, өзіндік жұмыс жоспарын жасады. Әр мұғалім өзінің әдістемелік тақырыбы бойынша портфолиосын жинақтады, өткізілетін ашық сабақтар мен іс -шараларды жоспар бойынша орындады.

Сатубалдина А. Б.- әдістемелік тақырыбы- «Фразеологизмдерді қазақ тілі сабағында пайдалану». Бирмуқанова Айнул Мухтаровна- әдістемелік тақырыбы-«Инновациялық тиімді технологиялар элементтерін қолданып, жеке тұлғаның шығармашылығын қалыптастыру» Жолдыбаева Сандаш Мадиевна- әдістемелік тақырыбы- «Дәстүрлі және жаңа әдіс-тәсілдерді сабақтастыру арқылы оқушылардың білім сапасын арттыру, шығармашылық қабілетін жетілдіру». Абенова Сауле Дарибаевна- әдістемелік тақырыбы- «Современные технологии как средство повышения качества образования». Жансүгір Данагүл Серікқызы- әдістемелік тақырыбы- «Тарих пәнінен оқушы біліктілігін арттыра отырып, жеке тұлғаның этномәдени санасын дамыту». Ескенова Бакытжамал Абеновна- әдістемелік тақырыбы- «Қазақ тілі мен әдебиеті сабағында жаңа әдіс- тәсілдерді қолдану- білім сапасын арттыру кепілі». Танирбергенова Айнаш Жаксылыковна- әдістемелік тақырыбы- «Саралап оқыту арқылы оқушылардың сыни ойлау деңгейін қалыптастыру». Тулебаева Дария Жуматовна- әдістемелік тақырыбы- «Белсенді әдіс- тәсілдерді тиімді қолдану арқылы функционалдық сауатты тұлға қалыптастыру». Досмагамбетова Шынар Атымтаевна- әдістемелік тақырыбы- «Белсенді әдістерді қолдану арқылы оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру». Шаяхметова Сабира Ертаевна- әдістемелік тақырыбы- «Обучение орфографии русского языка в казахской школе.»

2022-2023 оқу жылында 20 ақпан – 3 наурыз аралығында Гуманарлық пәндер бірлестігінің онкүндігі өткізілді. **Онкүндік тақырыбы: «Жаңартылған білім беру аясында өз мүмкіндігін дұрыс пайдалана алатын зерделі тұлғаны тәрбиелеу» . Мақсаты:** Заманауи білім беру технологияларының элементтерін қолдану арқылы оқушылардың ауызша және жазбаша тіл мәдениетін жетілдіру, дамыту, сауатты ұрпақ тәрбиелеу.

Онкүндік бірлестіктің отырысында келісілген мерзімде, қойылған мақсатқа сай жоспарланып, ашық сабақтар мен сыныптан тыс іс-шаралар өз ретімен жүргізілді. Пән мұғалімдері әдістемелік тақырыптарын негізге ала отырып сабақ жүргізді.

Жолдыбаева С.М. – 5 «А» сыныбында «City 1» тақырыбында ашық сабақ өтті. Сабақты мұғалім оқушыларды топқа бөліп, оқушылар суреттерге қарап, видеоны қарап шығу арқылы сабақ тақырыбын анықтады, бүгінгі сабақтың мақсатын таныстырды. Тілдік ортаға енгізу мақсатында сыныппен ауа райы туралы сұрақтарға жауап алынды. Сабақта топтық, жұптық, жеке жұмыстар, ойын түрінде әдіс тәсілдер қолданылды. Сыныптағы барлық оқушылар белсенділік танытты. Сабақтың ортасында сергіту сәті болды. Барлығы да ағылшын тілінде жүргізілді. Оқушылар мұғалімнің ағылшын тілінде берілген нұсқауларын түсініп, бұлжытпай орындап, жауап беріп отырды.Сабақ соңында мұғалім оқушылардан сабақта не үйренгендерін, не қызық болғанын сұрап кері байланыс жасады, сабақ барысында оқушылар өз ара бағалап, мұғалім тарапынан қолдау тауып отырды. Үй тапсырмасы уақытында беріліп, түсіндірілді. Мұғалімнің сабақты жоспарлау қабілеті, сабақ уақытын реттей алуы, оқушының нәтижелі жұмыс жасауын ұйымдастыруы жақсы деңгейде өтті. Сабақ та АКТ- ні, басқа да көрнекіліктерді қолдану жоғары деңгейде болды.

Бирмуқанова А.М. 9 «Б» сыныбында қазақ әдебиеті пәнінен «Ф.Оңғарсынова – поэзи падишасы» тақырыбында ашық сабақ өтті. Сабақтың мақсатын айқындап, сабақ барысында оқушыларды топтастыру арқылы сабақ өткізілді. Үй тапсырмасы сөзжұмбақ арқылы сұралып, оқушылардан жауап алынды. Жаңа сабақтың мақсаты айқындалып аудио мәлімет тыңдатылды. Тыңдалым аудиосынан кейін оқушыларға сұрақ қойып тақырып бойынша пікірлері тыңдалды. «Еркін микрофон» әдісі арқылы оқушылар тірек сөздерді пайдаланып өз пікірлерін баяндап берді. Оқулықпен жұмыс жасау арқылы оқушылар мәтінді жақсы түсініп талдап берді. Мұғалімнің сабақты жоспарлау қабілеті, сабақ уақытын реттей алуы, оқушының нәтижелі жұмыс жасауын ұйымдастыруы жақсы деңгейде өтті. Білім сапасын көтеру мақсатында олқылықтардың орының толықтыру бағытында балалармен жұмыс жасалды. Сабақ та АКТ- ні, басқа да көрнекіліктерді қолдану жоғары деңгейде болды.

Ескенова Б- А- 8 «А» сыныбында қазақ әдбиеті пәнінен «Аққулар ұйықтағанда» поэмасы туралы менің көзқарасым» тақырыбында ашық сабақ өткізілді. Сабақтың мақсаты- шығармадағы материалдық және рухани құндылықтарды заманауи тұрғыда салыстырып, жаңашылдығына баға беру; шығарма бойынша жазылған әдеби сын-пікірлерге сүйене отырып, өзіндік сыни пікір жазу . Сабақ барысында мұғалім ынтымақтастық атмосфера тудыру үшін көңілді музыка әуенімен «Смайликтер бойынша сәлемдесу» әдісі арқылы оқушылармен амандасып, сынып таңдаған суреттер арқылы топқа бөлінді. Жеке жұмыс. Тыңдалым алды **тапсырмасымен «Миға шабуыл»** әдісі арқылы өткен тақырыппен жаңа сабақты байланыстыру мақсатында ой қозғау сұрақтарын жеке талқылады. Оқушыларға жекеше сұрақтар жазылған парақша таратылады. Берілген сұрақты оқушы дауыстап оқиды да, тез арада сұраққа жауап береді. Жауап қайтара алмаған жағдайда, басқа оқушы жауап беруге болады. Сабақтың ортасында тыңдалым және айтылым тапсырмасы бойынша оқушыларға Н. Тілендиевтің «Аққу» күйі тыңдауға ұсынылады. Тыңдап болғаннан кейін қойылатын сұрақ:

-Күйдің сазы мен поэма мазмұнында үндестік бар ма?

-Күйді тыңдағанда қандай сезімге ендіңіз?

-Ақынның поэмасындағы негізгі арқау болған тақырып не?

-Күйді тыңдаған кезде осы тақырыпқа арқау болған үш белгіні сезіне алдық па?

Оқушылар Н. Тлендиевтің «Аққу» күйін тыңдайды. Күйдің сазы мен поэма мазмұнының үндестігін сипаттап, талдайды. Осы тапсырманы орындау арқылы оқушылардың айтылым дағдысы қалыптасады.

Топтық жұмыс барысында оқушылар аққудың әсемдігін білдіретін сөздерді тауып жазады; әр топ жеке тапсырма орындайды, оқ тиген аққудың мүшкіл халін суреттейтін детальдарды табады;

-өлең жолдарындағы рухани және материалдық құндылықтарды анықтайды, салыстырады, жаңашылдығына баға береді;

-поэмадан үзінді таңдап алып жазады, сол үзінді туралы сыни-пікірлерін айтады. Жақтаушы, даттаушы, сараптаушы топтарының жұмысы қорғалады. «Ыстық орындық» әдісі бойынша «Ана» кейіпкер орындыққа отырады, оқушылар сұрақ қояды, «Ана» жауап береді.

Мұғалім сабақты қорытындылау мақсатында оқушылардың сабаққа деген көзқарасын, рефлексиясын тыңдайды.

Мұғалімнің сабақты жоспарлау қабілеті, сабақ уақытын реттей алуы, оқушының нәтижелі жұмыс жасауын ұйымдастыруы жақсы деңгейде өтті.

Сабақ та АКТ- ні, басқа да көрнекіліктерді қолдану жоғары деңгейде болды.

Түлебаева Д.Ж. - қазақ тілі пәнінен 10 «А» сыныбында «Адам өмірі және қоршаған орта» тақырыбында ашық сабақ берді. Сабақтың мақсаты мәтінде көтерілген мәселеге автор мен оқырманның қарым-қатынасын ескере отырып, сұрақтар құрастыру және бағалау әрі әртүрлі тақырып бойынша көркемдегіш құралдарды ұтымды қолданып, шығармашылық жұмыстар (өлең, хат, әңгіме, шығарма) ұсына білу; Сабақ барысында мұғалім мен оқушылар «Бүгін мен...» әдісі арқылы сабақтың мақсатын қойып алды. Топтың ережесімен таныстырылды. Мәтін бойынша жұмыс түрлері жүргізіліп, бейнемәлімет көрсетілді. Жұмыстың түрлі әдіс- тәсілдері пайдаланылды. Оқушылар өзара сұрақтар қойып, пікірлерімен болісті. Қорытындысында, оқушылар түрлі жанрда жазған шығармашылық жұмыстарын оқып, бір-біріне сыни пікір білдірді. Мұғалімнің сабақты жоспарлау қабілеті, сабақ уақытын реттей алуы, оқушының нәтижелі жұмыс жасауын ұйымдастыруы жақсы деңгейде өтті. Білім сапасын көтеру мақсатында оқылықтардың орының толықтыру бағытында балалармен жұмыс жасалды. Сабақ та АКТ- ні, басқа да көрнекіліктерді қолдану жоғары деңгейде болды. Сондай-ақ Түлебаева Д.Ж. мектебіміздің қабырғасында өткен «Тыңдалым және оқылым бойынша оқушылардың тілдік дағдыларын дамытудың тиімді әдістері» қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің қалалық семинарында Қазақ тілі пәні бойынша 11- сыныпта «Таза болса табиғат, аман болар адамзат» тақырыбында ашық сабағын ұсынды.

Шаяхметова С.Е. – орыс тілі мен әдебиеті пәнінен 6 «А» сыныбында Г Андерсен «Снежная королева » атты сабақ өтті. Сабақтың мақсаты- мәтіндегі алынған мәліметтерді салыстыра отырып, ұсынылған тақырып бойынша қажетті ақпаратты әртүрлі көздерден алады. Сабақтың тақырыбын көрініс арқылы айқындады. Оқулықпен жұмыс жасап жаттығулар орындады. Балаларға сұрақтар қойылып ,бейне көрініс көрсетіп Андерсен туралы білетіндерін айтып берді. Сабақ барысында балалардың тілдік сөйлеу мәнерлеріне ерекше көңіл бөлінген. Сабақта «Миға шабуыл», «Литературная пирамида» , «Соверши чудо»,»Лоскутное одеяло» т.б. әдістер пайдаланылды. Мұғалімнің сабақты жоспарлау қабілеті, сабақ уақытын реттей алуы, оқушының нәтижелі жұмыс жасауын ұйымдастыруы жақсы деңгейде өтті. Білім сапасын көтеру мақсатында оқылықтардың орының толықтыру бағытында балалармен жұмыс жасалды. Сабақ та АКТ- ні, басқа да көрнекіліктерді қолдану жоғары деңгейде болды.

Абенова С. Д.- 9 «Б» сыныбында М.Горький «Сказки об Италии» тақырыбында ашық сабақ өткізілді. Сабақтың мақсаты: көркем шығармалардың мазмұнын талдау; жоспар құру; күрделі сөйлемдерде тыныс белгілерін қолдану. Сабақ барысында мұғалім оқушыларды үш топқа бөлген «Знатоки»,»Лингвисты», «Грамотеи». Мұғалім Максим Горькийдің өмірі мен шығармашылығы туралы бейнеролик көрсетті. Сабақта сонымен қатар М.Горькийдің кітаптарынан көрме қойылды. Сабақ барысында мұғалім «Иә», «Жоқ», «POPS-формула» стратегиясын қолданды.Сабақ барысында оқушылар топпен, жеке, жұппен жұмыс жасады. Мұғалім алға қойған мақсат-міндеттеріне қол жеткізді. Мұғалімнің сабақты жоспарлау қабілеті, сабақ уақытын реттей алуы, оқушының нәтижелі жұмыс жасауын ұйымдастыруы жақсы деңгейде өтті. Сабақ та АКТ- ні, басқа да көрнекіліктерді қолдану жоғары деңгейде болды.

Сагиева А. М.- – Сынып: 9А **Сабақтың тақырыбы:** Dalatunes. **Сабақтың мақсаттары:** шолып оқу: мәтін тақырыпшасын, мәтіннің мазмұны мен құрылымын жылдам, жалпылай көз жүгіртіп оқу; өз көзқарасыңыз бойынша сайт жасау және таныстыру, оқушылардың танымдық қабілетін дамыту, пәнге деген қызығушылығын арттыру, көру арқылы есте сақтау қабілетін дамыту. **Сабақта қолданылатын көрнекіліктер:** мультимедиялық проектор, тестілеу құрылғылары, көрсетілімдер. Сабақта қолданылатын әдіс-тәсілдер: көрнекіліктерді қолдану, практикалық жаттығу жұмыстарын орындау, ішінара ізденушілік оқытудың ақпараттық технологияларын қолдану (интербелсенді тақта, компьютер, тестік құрылғылар, әр түрлі бағдарламалар), сұрақ-жауап, пікірталас. Сабақта жүргізілетін жұмыс түрлері: ұжымдық жұмыс, жұппен жұмыс, жеке оқушылармен жұмыс. Сабақта қолданылатын технологиялар: ақпараттық-коммуникациялық және дамыта оқыту технологиясының элементтері. Сабақтың түрі: жаңа тақырыпты түсіндіру. Оқушылардың білім деңгейін бақылауға арналған жұмыс түрлері: Ауызша сұрақтар, мәтінмен жұмыс, тест, шығармашылық тапсырма орындау. Сабақтың құрылымы және оның әр түрлі кезеңдерінде оқушылардың құзіреттілігін қалыптастыру жайында: Ұйымдастыру кезеңінде оқушылардың ішкі және сыртқы психологиялық дайындығы анықталады, яғни оқушының психологиялық құзіреттілігі қалыптасады. Өткенді қайталау кезінде оқушының жеке тұлғалық даму құзіреттілігі қалыптасады, яғни оқушы өзінің білімін дұрыс көрсетуге тырысады. Тестік жұмысты орындау кезінде оқушының оқу-танымдық құзіреттілігі, ақпараттық құзіреттілігі қалыптасады. Ауызша жаттығулар орындау кезінде оқушының коммуникативтік, әлеуметтік-мәдени құзіреттіліктері қалыптасады. Жаңа деректер алған кезде ақпараттық-танымдық құзіреттіліктер қалыптасады. Шығармашылық тапсырма орындаған кезде құндылық, мазмұндық, танымдық құзіреттіліктері қалыптасады. Тақтада жұмыс кезінде ойлау құзіреттілігі, мәдени құзіреттілігі қалыптасады. Сабақтың қорытындысын жасаған кезде оқушы психологиялық жеңілдікті сезінеді. Сабақты жоспарлау барысында тапсырмалар ешқандай оқушы жұмыссыз қалмайтындай етіп құрастырылды. Сабақтың мақсатын оқушылар өздері анықтады, әр кезеңде белгілі бір жұмыс түрі орындалып отырды. Сабақта қолданылған әдіс-тәсілдер сабақтың негізгі мақсатына жетуге жақсы көмек берді деуге болады, себебі, сабақтың әр кезеңіне бөлінген уақыт оқушылардың дайындық деңгейіне сай және бір кезеңнен екінші кезеңге өту еш қиындық туғызған жоқ. Сабақта психологиялық

климат өте жақсы болды, оқушылар өздерін еркін ұстап, өз ойларын ашық жеткізе білді. 9-сыныпта барлығы 16 оқушы бар. Сыныптың үлгерім сапасы 100%-ды құрайды.

Жансүгір Д.С. 9 «А» сыныбында Қазақстан тарихы пәнінен «Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы Қазақстанның экономикалық дамуы» тақырыбында ашық сабақ берді. Сабақ мақсаты- Қазақстанның нарықтық экономикаға көшу кезеңдегі қиындықтар мен оларды жеңу жолындағы реформаларды талдап, сараптау. Ой қозғау әдісі арқылы оқушыларға суреттер көрсетіліп сұрақтар қойылды. «Пікір білдіру» әдісі «Жоспарлы экономика күйрегеннен кейін Қазақстан Республикасы дағдарыстан қалай шығуы керек болды?» деген тақырыпта оқушылар арасында дискуссия өткізілді. «Жалғастыр» әдісі арқылы топтарға тапсырмалар берілді.

1 топқа Қазақстанның батыс және оңтүстік батыс аймағы беріледі. 2 топқа Қазақстанның солтүстік және орталық аймағы беріледі. 3 топқа Қазақстанның шығыс және оңтүстік аймағы беріледі.

Оқушылар қағазға облыс атауларын жазып, оны картаға бекітіп, сол облыстардағы кен орындары, өнеркәсіп саласы туралы, бүгінде Қазақстанның әлемдік экономикалық байланысы туралы мәлімет береді. Жеке жұмыс бойынша Нарықтық экономиканың жағымды, жағымсыз әсерін талдап жауап берді. Маңыздылық пирамидасы әдісі арқылы Қазақстан экономикасын тұрақтандыру және дамыту үшін жасалған шаралар: Жекешелендіру. Ұлттық валютаның енгізілуі. Сырттан инвестиция тарту. Несиелер беру есебінен кәсіпорындарға талғамалы қолдау көрсету.

Халықаралық валюта қорына кіруі Макроэкономиканы тұрақтандыру бағдарламасы тақырыптарын талдап ашып жауап берді. Мұғалімнің сабақты жоспарлау қабілеті, сабақ уақытын реттей алуы, оқушының нәтижелі жұмыс жасауын ұйымдастыруы жақсы деңгейде өтті. Сабақ та АКТ- ні, басқа да көрнекіліктерді қолдану жоғары деңгейде болды.

Досмагамбетова Ш. А. - Қазақстан тарихы пәнінен 10 «А» сыныбында «Мемлекеттік егемендікті қалпына келтіру жолындағы қазақ халқының күресі» тақырыбында ашық сабақ өтті. Сабақтың мақсаты- мемлекеттік егемендікті қалпына келтіру үшін жүргізілген көтерілістерді талдайды. Сыныпта сабаққа ұйымдастыру бағыты жүргізілді. Оқушыларды сикырлы қорап әдісі арқылы топқа бөлді. «Quizziz» әдісі арқылы үй тапсырмасы сұралды. Сурет қиындыларын «Пазл»әдісі арқылы таратып, оқушылар сабақ тақырыбын анықтады.

«Бағытталған мәтін» әдісі арқылы мәтінмен топтық жұмыс жасалды. «Пирамида әдісі» арқылы көтерілістің себептерін, мақсатын, қозғаушы күштерін, уақытын, көтеріліс басшысын анықтады. Топтық жұмыста игерілген білімді SWOT талдауы арқылы жұптық жұмысты дұрыс талдай білді. Сабақ бойы меңгерілген білімді қолданп, квест ойынымен жеке тест тапсырмаларына жауап берілді. Мұғалімнің сабақты жоспарлау қабілеті, сабақ уақытын реттей алуы, оқушының нәтижелі жұмыс жасауын ұйымдастыруы жақсы деңгейде өтті. Білім сапасын көтеру мақсатында оқшылықтардың орының толықтыру бағытында балалармен жұмыс жасалды. Сабақ та АКТ- ні, басқа да көрнекіліктерді қолдану жоғары деңгейде болды.

Онкүндік барысында өткізілген сабақтардың барлығы дерлік жаңартылған білім мазмұнына сәйкес құрылды, АКТ, басқа да ресурстар тиімді қолданылды, сабақта берілген жеке, жұптық, топтық түрлі тапсырмалар оқушылардың тілдік дағдыларды игеруіне арналған, пән мұғалімдері танымдық тапсырмалар арқылы оқушылардың қызығушылықтарын оята білді. Сондай – ақ әр сабақта сынып ұжымдарының мұғалім талабын түсінуі, тапсырма шартын ұғынуы, орындау белсенділіктері мен шеберліктерінен пән мұғалімдерінің жаңа әдіс – тәсілдерді өз сабақтарында үнемі қолданатындықтары байқалды.

Педагогтардың шеберлігін шындау бағытындағы жұмыстары.

2022-2023 оқу жылында мұғалімдер кәсіби шеберліктерін шындау жетілдіру бойынша көптеген іс- шаралар атқарды. Облыстық, республикалық, халықаралық басылымдарға мақалалар жазып, түрлі курстарға және облыстық, республикалық семинарларға, вебинарларға қатысып отырды. Курстар мен семинарлар, вебинарлар офлайн және онлайн түрінде өтті.

Жолдыбаева С.М.-«Цифрлық сауаттылық негіздері және АДЖ-да жұмыс істеу Kundalik.kz ҚР жалпы білім беретін мектептерінің мұғалімдері үшін» он-лайн курсынан, «Өрлеу»БАҰО»АҚ филиалы ұйымдастырған «Групповой пазл для эффективности обучения» тақырыбында вебинардан, «Академиялық орталық.Start» ұйымы ұйымдастырған «Орта білім беру ұйымдарының инклюзивті сыныптарындағы педагогикалық-түзету жұмысының мазмұнын жанарту» тақырыбында он-лайн курстан өтіп сертификатқа ие болды.

Бирмуқанова А. М. - «Тыңдалым және оқылым бойынша оқушылардың тілдік дағдыларын дамытудың тиімді әдістері » атты тақырыпта өткен қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің қалалық семинарына қатысып, «Апельсин» көңіл- күйге арналған ойын-жаттығуын және рефлексия өткізді.

Тулбаева Д.Ж – «Күнделік» ЖШС «Цифрлық сауаттылық негіздері және ААЖ-да жұмыс істеу» курсы, сертификат №280296, 02.02.2023 ж.; Республикалық «Umyl. academy» орталығы «ҰстарПРО» авторлық методикалық вебинары, сертификат №006449 , 30.01. 2023 ж.; ПШО «Педагогтің зерттеу қызметі: «Іс –әрекетті зерттеу» және «Сабақты зерттеу» курсы, 07.04 2023 ж.

«Тыңдалым және оқылым бойынша оқушылардың тілдік дағдыларын дамытудың тиімді әдістері» Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің қалалық семинарында ашық сабақ берді. «Action Research» «Исследование в действии: от определения проблемы к ее решению» қалалық семинарына қатысты, «Инклюзивті білім беру-өмір қажеттілігі» қалалық қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері бірлестігінің отырысында ОПП жөнінде оз тәжірибесімен болісті және Қостанай қаласында өткен «Оқу сауаттылығы мен дарындылық: білім, білік, дағды білім үрдісінде» облыстық воркшопқа қатысып, тәжірибе жинақтады. «Функционалдық сауаттылықты арттыру»мақаласын "Учительская плюс" облыстық газетінде жариялады - 23 желтоқсан 2022 ж, №50 (547) және «Таза болса табиғат, аман болар адамзат» ашық сабақ әзірлемесі “Ұстаз тілегі" сайтында жария болды - 05 маусым 2023 ж, №MS- 357024.

Танирбергенова А. Ж.- Академ Старт ұйымдастырған курс. Менеджмент. 2022 ж. 03 – 06.11. Сертификат №11467. ҒПК онлайн конференцияға қатысып сертификат берілді.

Шаяхметова С. Е. – «Орыс тілі мен әдебиеті: фокустар және жақсарту стратегиялары» пәні бойынша педагог кадрлардың біліктілігін арттыру. Өткізу орны - Қостанай, ПШО, 18.04.22- 06.05.22 "МӘТІНМЕН ЖҰМЫС ЖАСАУ КЕЗІНДЕ ОРЫС ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА ОҚЫТУДЫҢ БЕЛСЕНДІ ӘДІСТЕРІ." атты облыстық семинарға қатысты. Сондай- ақ 29,09,22- семинар Өрлеу, " Оқу сауаттылығын қалыптастыру», 3,10,22 -Қостанай, Bilim центр «Решение по развитию функциональной грамотности , Халықаралық семинар-"Орыс сөзінің сиқыры" 07 Қазан-21,10,22 ж Орыс тілінен олимпиада « SmartBot -8,10,22; "Сандық сауаттылық негіздері және Кунделик ААЖ-дағы жұмыс"Онлайн курстары 28,04,23 қатысты. Шаяхметова Сабира Ертаевна- мақала 2023ж, Қантар. Bilim – Teniz - Республикалық педагогикалық журнал : "Жаңаша оқыту- сапалы білім негізі.

Абенова С. Д. - «Цифрлық сауаттылық негіздері және ААЖ – да жұмыс істеу Kundelik.kz жалпы білім беретін мектептерінің мұғалімдері үшін онлайн-курстарынан өтті, «5-9 сыныптарда күрделі тақырыптарды меңгеруде орыс тілі мен әдебиеті мұғалімінің пәндік құзыреттілігін дамыту» курстарынан өтті.

Жансүгір Д. С.- Қалалық «Үздік педагог» байқауына қатысып алғыс хатқа ие болды. Аймақтық семинар «Формирование навыков Soft Skills на уроках истории как фактор развития универсальных компетенций личности XXI века» қатысып сертификат берілді. «Индивидуальная траектория успешности обучающегося- залог будущего» облыстық семинарға қатысып сертификат берілді. ПШО

Қостанай қаласында 9.08.2022 ж. Тарих пәнінен «Мектептегі тарих сабағы: басымдылықтар мен жетілдіру стратегиялары» тақырыбында курстан өтті.

Досмағамбетова Ш. А.- «Цифрлық сауаттылық негіздері және ААЖ-да жұмыс істеу Kundelik.kz ҚР жалпы білім беретін мектептерінің мұғалімдері үшін» курсына қатысты. Сертификат №277376. Мектеп қабырғасында және облыстық «Кейкі батыр: тағдыры, тарихы, тағылымы» облыстық семинары, «Оқу сауаттылығын қалыптастыру құралы ретінде тарих сабақтарында мәтінмен жұмыс істеу тәсілдері» облыстық семинары және де

Ұмтыл академиясы мен Тағылым Республикалық ақпараттық ғылыми әдістемелік журналының қолдауымен өткізілген «Ұстазпро» вебинарына белсене қатысып, тәжірибе жинақтады.

Шынар Атымтайқызының Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы «Халықтың тұрмыс-тіршілігіне, зорлық-зомбылық экономикалық әдістерінің әсері» мақаласы халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы «Қазақстан: тарихи тағылым саясаты» жинағында жарияланды.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен өткізілген қалалық семинар.

2022-2023 оқу жылы 29 қараша күні Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Лисаков қаласы білім бөлімінің № 3 жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде қалалық қазақ тілі мен әдебиеті пәндері мұғалімдерінің қалалық практикалық семинары өткізілді. Семинар тақырыбы: «Тыңдалым және оқылым бойынша оқушылардың тілдік дағдыларын дамытудың тиімді әдістері» Мақсаты: тиімді әдістерді қолдану арқылы тілдік дағдыларды дамыту бойынша тәжірибемен бөлісу. Семинарға қалалық білім бөлімінің әдіскері міндетін атқарушы әрі қалалық қазақ тілі мен әдебиеті пәндері бірлестігінің жетекшісі және әр мектептен пән мұғалімдері қатысты.

Мектеп ұжымы практикалық семинарға қатысушыларды мектеп оқушыларының орындауында күмбірлеген әсем күймен қарсы алды. Семинар басында мектеп директорының оқу және тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Ж.Танирбергенова семинар тақырыбы мен мақсаты жайлы бірер сөз айтып өткеннен соң, мектеп жантанушысы әрі қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі А.М.Бирмуканова қатысушылардың көңіл-күйін көтеріп, алдағы жұмыстарына мотивация беру мақсатында «Апельсин» көңіл-күйге арналған ойын-жаттығуын өткізді.

Семинарға қатысушылар үшін 20-25 минуттық үш панорамалық сабақ ұсынылды. Әр сабақ білім стандартына сай жаңартылған білім мазмұны негізінде оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып жоспарланды және өткізілді.

Б.А.Ескенова 8 «А» сыныбында қазақ әдебиеті пәні бойынша «Мұрат Мөңкеұлы «Сарыарқа» толғауы. Азаттықты аңсау» тақырыбында үй тапсырмасын тексеру сабағын өткізді. Сабақ мақсаты: 8.1.2.1 шығармадан алған үзінділерді қайта өңдеп, креативті жазу. Сабақ басында ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру мақсатында «Биопоэма» әдісі бойынша оқушылар өздерін сын есім арқылы сипаттай отыра бір-біріне тілек білдірді, әдіс тыңдау дағдыларын дамытуға сондай-ақ барлық оқушылардың сабаққа белсенділігін арттыруға бағытталды. Оқушылар ең алдымен, М.Мөңкеұлының өмірі мен шығармашылығына байланысты қойылған сұрақтарға жауап бере отырып, өткен тақырыпты пысықтады және үй жұмысын тексеру кезінде мұғалім «Буриме» әдісін пайдаланды. Оқушылар автордың «Сарыарқа» толғауынан ұнаған үзіндіні жатқа оқыды және сол өлең үзіндісін қайта креативті өңдеп жазып келгенін сынып назарына ұсынды. Оқушылар үй жұмысын өндеуде 4 сөйлем, эссе жазу, сурет салу әдістерін қолданды. Оқушылар үй тапсырмасын қаншалықты түсінгендіктерін көрсету үшін өз ойын «Блоб ағашына» стикер жапсыру арқылы қорытындылады.

А.Ж.Танирбергенова 9 «А» сыныбында қазақ әдебиеті пәні бойынша «М.Өтемісұлы «Баймағамбет сұлтанға айтқаны» тақырыбында жаңа материалды түсіндіру сабағын өткізді. Сабақтың мақсаты: 9.2.3.1 шығармадағы әдеби тілді құбылту мен

айшықтаудың (троп пен фигура) түрлерін талдай отырып, автор стиліне баға беру. Оқушылар сабақ басында «Батыр», «Қолбасшы», «Сардар» топтарына бөлінді. Ғаламтор сілтемесі арқылы сабаққа қатысты бейнежазбамен танысқаннан кейін, оқушылар тыңдалым материалын, яғни, ақынның «Баймағамбет сұлтанға айтқаны» өлеңін тыңдады. Өлең мазмұнын түсіну үшін, сөздікпен жұмыс жүргізілді. Тыңдалым мәтінін талдау мақсатында оқушылар топтық жұмыстар орындады: 1-топ- «Екі жақты күнделік»: өлең үзіндісі бойынша пікір жазу; 2-топ- өлеңнен берілген үзінділерден құбылту мен айшықтау түрлерін анықтау; 3-топ: сатылай-кешенді талдау жасап, өлеңнің тақырыбын, идеясын табу, түйінді оймен бекіту. Сергіту сәтінде оқушылар «Броундық қозғалыс» әдісімен QR код арқылы сыныпта орналастырылған авторға қатысты ақпараттар мен мәліметтерді тауып, жинақтады. Сабақ соңында оқушылар «Ойлаудың алты қалпағы» арқылы сабақта алған білімдерін қорытындылады және «PADLET» әдісі бойынша кері байланыс берді.

Д.Ж.Тулбаева «Таза болса табиғат, аман болар адамзат» тақырыбы бойынша 11 «А» сыныбында қазақ тілі пәнінен жаңа материалды бекіту сабағын өткізді. Сабақтағы оқу мақсаттары: 11.1.4.1 мәтінде көтерілген мәселеге автор мен оқырманның қарым-қатынасын ескере отырып, талқылау сұрақтарын құрастыру және сыни тұрғыда бағалау; 11.3.5.1 әртүрлі тақырып бойынша көркемдегіш құралдарды ұтымды қолданып, шығармашылық жұмыстар (өлең, әңгіме, естелік, шығарма) ұсына білу. Сабақ «Айтуға оңай...» бағдарламасы форматында өткізілді. Көрермендер мен студия қонақтары үшін сабақ тақырыбы таныстырылып өтті әрі сабақ басында оқушылардың «Табиғат», «Адамзат», «Сарапшылар» топтарына бөлінгендігі және оқылым және ғаламтор материалдарымен танысып өткендігі еске салынды. Оқушылар топ ішінде ақылдасып осы материалдар негізінде талқылау сұрақтарын құрастырды. Келесі тапсырманы орындау үшін бағдарлама қонақтары ретінде екі оқушы- эколог- ғалым және өрт сөндіру бөлімінің қызметкері шақырылды, олар топтардың қойған талқылау сұрақтарына жауап берді. Талқылау сұрақтарын қарастыру барысында жуырда облысымызда болған төтенше жағдай Аманқарағай орманының өртенуі жайында бейнематериал қолданылды. Сабақты бекіту мақсатында «Еркін жазу» әдісі қолданылды, оқушылар оқылым материалы мен қосымша ақпаратты пайдалана отырып, шығармашылық жұмыс орындады. «Автор орындығы» бойынша өз жұмыстарын ортаға салып, «Екі жұлдыз, бір тілек» әдісімен бір-бірінің жұмыстарына баға берді. Сабақты бір сөйлеммен түйіндеу үшін «Әріптер сөйлейді...» әдісі бойынша «ТАБИҒАТ» сөзінің бас әріптерінен басталатын сөйлемдер жазылған стикерлерді тақтаға жапсырып, сабақты қорытындылады. «ҚҚҚ» әдісі бойынша ең алдымен оқушылар сабақта құнды, қызықты болған және қиындық туғызған сәттер жайында ой бөлісті, топ басшылары белсене жұмыс жасаған оқушыларды ерекше атап өтті, мұғалім бағалады.

Рефлексия кезеңінде практикалық семинарға қатысушы мұғалімдер тиімді әдістерді қолдану арқылы тілдік дағдыларды дамыту бойынша ұсынылған тәжірибемен бөлісу сабақтары жайында өз ойларын ортаға салып, әсерлерімен бөлісіп, кері байланыс берді.

Қорытындылай келе, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің «Тыңдалым және оқылым бойынша оқушылардың тілдік дағдыларын дамытудың тиімді әдістері» тақырыбы бойынша қалалық семинары өз деңгейінде өткізілді, семинар материалдарын мектеп сайтында жариялау жоспарға қойылды.

Озық тәжірибе мен авторлық жұмыстар

2022-2023 оқу жылындағы қоғамдық- гуманитарлық пәндер бірлестігі мұғалімдері әртүрлі марапаттауларға ие болды.

Бирмуқанова Айгул Мухтаровна - Қазақстан халқының тілдері күніне арналған қалалық «Тіл – мемлекеттің тұғырлы тірегі» форумына қатысып, тіл саясатын жүзеге асыруда және қоғамдық келісім мен бірлікті, ұлтаралық ынтымақтастықты нығайтуда өлшеусіз еңбегі үшін алғыс хат, «Әбіш оқулары» қалалық байқауына оқушыны сапалы дайындағаны үшін мадақтама берілді.

Тулбаева Д.Ж.- КИО қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдеріне арналған қашықтық олимпиадаға қатысып, қала деңгейінде 1-орынға ие болды. Қазақстандық-Ресейлік «Дамыту» мұғалімдер қауымдастығы І республикалық пәндік олимпиадасында 1-орын иеленді. «Әбіш оқулары», «Абай оқулары», «Мұқағали оқулары» байқауларының қалалық кезеңіне оқушыларды сапалы дайындағаны үшін грамоталармен марапатталды.

Жансүгір Д. С.- Республикалық «Үздік педагог» байқауының қалалық кезеңіне қатысып алғыс хатқа ие болды.

Танирбергенова А. Ж.- «Абай оқулары» сайысына оқушыларды сапалы дайындағаны үшін мадақтамаға ие болды.

Қоғамдық- гуманитарлық пәндер бірлестігінде Досмағамбетова Шынар Атымтаена жас маман. Тәлімгері- Тулбаева Дарья Жуматовна. Жас маманның мектеп өміріне белсене араласуы, тәжірибесін жетілдіруі, кәсіби шеберлігін шыңдауы мақсатында өткен оқу жылының басында құрылған жұмыс жоспарына толықтырулар мен өзгерістер енгізіліп, мектеп әкімшілігі тарапынан бекітілді, жұмыстың нақты мақсаты мен міндеттері қойылды.

Оқу жылының нәтижесі бойынша алға қойылған жұмыстар біртіндеп ретімен орындалып, жас мамандар мектеп әкімшілігі ұйымдастырған ағымдағы мектепшілік бақылаулар кезінде өздері жинақтаған портфолиоларын ұсынып отырды. Сондай-ақ жыл бойы өткізіліп отырған ағымдық шаралар: апталықтар жұмыстарын жинақтау, фотолар көрмесін жасау, мектептік шараларға байланысты құжаттар мен презентациялар рәсімдеу т.б. мекепшілік жұмыстарға жас мамандар үнемі ат салысып, белсенділік танытып отырды. Алдағы оқу жылында толықтай меңгеруге, жүзеге асыруға мүмкіндік болмаған шараларды қайта қарастыру жоспарланып отыр:

- Озық тәжірибелермен кеңірек танысып, практикада қолдану;
- Семинар, конференцияларға қатысу, біліктілігін арттыру курстары арқылы үздіксіз білім алу;
- Шығармашылық ізденіс;
- Дарынды балалармен жұмысты жандандыру.

Қорыта келе, жыл соңында мектебіміздің жас мамандары жаңартылған білім мазмұнына сай сабақ жүргізу әдістерін, сабақтарын түрлендіре өткізуді меңгеріп, кәсіби деңгейлерін дамыта отырып, өз білімдерін көтерді әрі біршама тәжірибе жинақтады. Оқу жылының басында бекітілген жас маманмен жұмыс жоспары өз деңгейінде жүзеге асырылды. Дегенмен, тәлімгерлік аз уақытта жүзеге асатын үдеріс емес, ол ұзақ уақыт бойы жалғасуы мүмкін жүйелі қарым-қатынас. Тәлімгерлік - тәлім алушыға мүмкіндіктер мен проблемаларды қарауға мүмкіндік береді әрі Луций Сенеканың сөзімен айтқанда «Басқаларды үйрете жүріп, біз өзіміз де үйренеміз» .

2022-2023 оқу жылындағы қоғамдық- гуманитарлық пәндер бірлестігі мұғалімдерінің жеке жұмыс жоспарлары оқу жылының талдауы негізінде құрылған, жаңа оқу жылының тұжырымдары мен ұстанымдарын есепке ала отырып, мектеп жұмысының кешендік жоспарына сәйкес жүргізілді. Әдістемелік бірлестік отырыстарында әр түрлі сұрақтар қаралып, шешімдер қабылданды. Оқу материалы бағдарламаға, жоспарға сәйкес түгел қамтылды, мұғалімдердің шығармашылық тақырыбы бойынша есептері кестеге сәйкес тыңдалып, пікір алмасып, талқыланды.

Әр сыныпқа тоқсандық баға бойынша мониторинг, рейтингі жасалып оқушылардың білім сапасы, үлгерім сапасы, орташа балы есептелініп, бірлестік отырысында талқыланды. Сондай-ақ білім беруде кеткен олқылықтардың орының толтыру бағытында бақылау жұмыстары жүргізіліп, сараптама жасалып, кеткен олқылықтардың орының толтыру бағытында жұмыстар жүргізілді.

Еліміздің білім беру саласында соңғы жылдары ірі реформалар мен өзгерістер орын алып отыр. Білім сапасына қойылатын талап күшейіп, оқытудың жаңа технологияларына бет бұрған кезде, әсіресе қашықтықтан білім беру жүйесі енгізілгелі бері оқушының оқу

үлгерімін жақсарту, оның оқуға қызығушылығын арттыру, білім алудағы олқылықтардың орнын толықтыру мәселелері туындайды. Осы мәселені шешу мақсатында жыл бойы қоғамдық- гуманитарлық пәндері бойынша түрлі жұмыстар жүргізілді:

1. Оқушылардың білім сапасының төмендеуіне әсер ететін факторлар анықтау (қашықтықтан оқыту кезінде түсінбеген, қалыс қалған тақырыптар, үлгерімі төмен оқушылар, бақылау жұмыстарында жиі қайталанатын қателерге сараптама жасау);
2. Әр пән мұғалімі жеке жұмыс жоспарын құру;
3. Нәтижеге бағытталған жұмыстарды жүйелі жүргізу:
 - Сабақ барысында қалыс қалған тақырыптарды қайталау
 - Қосымша сабақтар өткізуді ұйымдастыру
 - Оқушыларға психологиялық, ақпараттық қолдау көрсету.
 - Үлгерімі төмен оқушылармен жеке жұмыстар жүргізу, жеке тапсырмалар беру
 - Сыныптағы үлгерімі жақсы оқушыларды білім деңгейі төмен оқушыларға көмектесуге жүктеу.
 - Ата-аналармен, сынып жетекшілермен үнемі байланыста болу.
4. Білім сапасындағы өзгерістерге жүйелі түрде сараптамалар жасау
5. Жазғы мектеп жұмысын ұйымдастыру (қалыс қалған тақырыптар бойынша түзету жұмыстары)

Жаратылыстану-математика бағытындағы бірлестіктің пәндер апталығының сараптамасы

Жаратылыстану – математикалық пәндер бірлестігінің әдістемелік тақырыбы: *«Оқытудың жаңа технологияларын қолдану арқылы оқушының функционалдық сауаттылығын арттыру және кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру»*

Мақсаты: Жаңартылған білім беру жүйесі негізінде жаратылыстану – математикалық пәндер бірлестігі мұғалімдерінің кәсіби шеберліктерін жетілдіруіне және шығармашылықпен жұмыс жасауына ықпал ету.

Міндеттері:

- ҚР – ның «Білім туралы» заңын басшылыққа ала отырып, жаңартылған білім беру аясында білім беру мен оқытудың сапасын арттыру;
- Білім беру үрдісіне оқытудың жаңа технологияларын енгізу;
- Оқушының функционалдық сауаттылығының, шығармашылық және интеллектуалдық потенциалының дамуына ықпал жасау;
- Пән мұғалімдерінің біліктілігін арттыру;
- Мұғалімдерді педагогикалық бағыттағы шығармашылық ізденісте тарту;
- Оқушының бойында қазақ халқы педагогикасы қағидаларына бағытталған адамгершілік,
- Отансүйгіштік, ұлтжандылық, өзін – өзі қадірлей алатын, өзіне талап қоя алатын қасиеттерді қалыптастыру және салауатты өмір сүруге тәрбиелеу;

Жаратылыстану-математика білместігінің құрамына пән бойынша тоқталып өтсек,

Пән бойынша мұғалімдер саны									
биология	география	информатика	математика	физика	химия	Денешын	музыка	Көркем еңбек	АӘТД
1	1	1	3	1	1	2	1	1	1
Санаты бойынша									
	Педагог	Педагог-модератор	1- Педагог 2- Педагог-сарапшы	Педагог-сарапшы	Педагог-сарапшы	1- Педагог-сарапшы 1- Педагог	Педагог-сарапшы	Педагог	Педагог-зерттеуші

Оқу жылы ішінде мұғалімдер құрамында үлкен өзгеріс жоқ. Информатика пәні мұғалімі Шуйкебаева Н.Б. декреттік демалысқа шығуына байланысты, төртінші тоқсанда информатика пәнін, физика, география және математика пәні мұғалімдері алмастырды. Өзірге бос орынға конкурс жариялануда.

2022-2023 оқу жылына текті жасалған жұмыс жоспары бойынша, төмендегідей негізгі іс-шаралар жүзеге асырылды.

- Күнтізбелік-тақырыптық жоспарды қарастырып, бейіндік, таңдау курстарын қарастыру, талдау.
- Оқу жылының басына текті кіріс бақылау жұмысын алу (олқылықтарды анықтау)
- Дарынды оқушылармен ғылыми жұмыс жүргізу

- Интернет олимпиадалар мен пәндік жарыстарға қатысуды ұйымдастыру
- Мұғалімдерге арналған сайыстарға қатысу.
- Пәндік білім деңгейлерін арттыру барысындағы іс-әрекеттер.

Біліктілікті арттыру – мұғалімнің өз қызметін нәтижелі атқаруы үшін және кәсіби деңгейін көтеру мақсатында арнайы оқу бағдарламалары арқылы оқыту, кәсіби даму іс-шараларына қатыстыру және өз білімін көтеруі болып табылады. Педагогтердің біліктілігін арттыру – оқыту және оқыту сапасын арттыру үшін жаңа білім алуға, сондай-ақ бұрын алған кәсіби білімдерін, біліктерін, дағдылары мен құзыреттерін қолдауға, кеңейтуге, тереңдетуге және жетілдіруге мүмкіндік беретін кәсіптік оқыту нысаны.

Оқу жылы барысында ЖМБ ұстаздары білім жетілдіру курстарынан өтіп отырды.

Курстан өткен мұғалімдер:

№	Курстан өткен орны, уақыты	Мұғалімнің аты-жөні	Пәні	Курс тақырыбы
1	20.06 – 15.07.2022 ж.	Құмаров М.Қ.	География пәні мұғалімі	ЦПМ «Мектептегі география сабағы: фокустар мен жақсарту стратегиялары»
2	20.06 – 15.07.2022 ж.	Шуйкебаева Н.Б.	Информатика пәні мұғалімі	ЦПМ «Мектептегі информатика сабағы: фокустар мен жақсарту стратегиялары»
3	14 – 22.11..2022 ж	Какимжанов К.К.	АӘТД	М.Бекетаев атындағы КАЗГЮУ Университеті «Инновационные подходы и методики преподавания предмета Начальная военная и технологическая подготовка» в условиях обновленного содержания среднего образования. Астана қаласы
4	19.09 –	Мулдакиева И.Е.	Биология	ПШО «Мектепте биология сабақтары: фокустар

	14.10.2022 ж.			және жетілдіру стратегиялары»
5	28.11 – 09.12.2022 ж.	Ергазин А.Б.	дене шынықтыру	КГУ «РЦФКДЮТ» «Развитие профессиональных компетенций и навыков учителей физической культуры»
6	31.10 – 11.11.2022 ж.	Накипбаев Е.А.	факультатив	Өрлеу «Жаһандық құзыреттіліктер»
7	20.02 – 03.03.2023 ж.	Демеубаева А.К.	Сынып жетекші	ЦПМ «Развитие социальных навыков школьников: семья, школа, карьера»
8	10 – 21.04.2023 ж.	Тайманова А.Ж.	Жаһандық құзыреттілік	Өрлеу «Жаһандық құзыреттілік»
9	24.04 – 05.05.2023 ж.	Төремаханова Г.Қ.	Математика	Өрлеу «10-11 сыныптар математика курсының күрделі тақырыптарын оқытуда математика мұғалімдерінің пәндік құзыреттіліктерін дамыту»
10	29.05 – 09.06.2023 ж.	Башеева А.А.	Музыка	Өрлеу «Музыка пәні мұғалімінің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту»

Оқу жылы барысында жаратылыстану-математика бірлестігінде өткізілген отырыс саны:5 .

Жаратылыстану – математика пәндер бірлестігі №1 отырысының

1)2022 -2023 оқу жылының жоспарын қарастыру, талқылау;

2)Мемлекеттік стандарт пен әдістемелік нұсқау хатпен танысу (2022-2023 о.ж.)

Бірыңғай талаптар.

а)Оқушылардың дәптерлерінің іші-сыртын толтыру және жазба жұмысына қойылатын бірдей талаптар үлгісін келісу, бекіту;

б)Күнтізбелік-тақырыптық жоспарды қарастырып, бейіндік,таңдау курстарын қарастыру, талдау.

в) Оқу жылының басына текті кіріс бақылау жұмысын алу .Қорытындысы бойынша әр пән мұғалімі жоспар құру.

3) 5 сынып оқушыларын бейімделуін ұйымдастыру .

4) Пәндер бойынша факультатив сабақтарын ұйымдастыру

- 5) Жаңартылған білім мазмұны бойынша сабаққа қойылатын талаптарын орындау.
- 6) Pisa және функционалды сауаттылыққа бағытталған тапсырмалар банкін жинақтау.
- 7) Олимпиадаға дайындық кестесін құру, бекіту;

Әдістемелік бірлестіктің алғашқы отырысында ӘБ жоспарын дайындау, әр пән бойынша күнтізбелік жоспарларды оқу бағдарламасына сәйкес болу керектігі айтылды. Эл.журналдың уақытылы толтырылу ережесімен және ӘНХ таныстырылып өтілді. Әр пән бойынша 2022-2023 оқу жылына текті өзгерістерді ескеру керектігі айтылды.

Жаңа оқу жылында пән бойынша дәптер сыртын толтырудың жалпы үлгісі ұсынылды. Күнтізбелік-тақырыптық жоспарды қарастырып, пәндер бойынша факультатив сабақтарын ұйымдастыру жұмысы жүргізілді. Олимпиадаға дайындық кестесін құру, бекіту бұл жұмыс бойынша кесте құрылды және бекітілді, ұстаздар өздерінің оқушыларын дайындау үстінде.

Оқушылардың үйірмеге, факультатив сабақтарына қатысуын бақылау, толық қамту жұмыстары жасалуда.

Қараша айында ӘБ№2 отырысы болып өтті.

- 1) 1-тоқсанды қорытындылау, мониторинг арқылы салыстыра талдау.
- 2) Дарынды балалармен жеке жұмыс жасау. ОҒЖ жұмысын бақылау.
- 3) Мектепшілік пән олимпиадасын ұйымдастыру, өткізу.
- 4) Жаратылыстану –математика бағытындағы пәндер онкүндігін

(21.11-02.12.) ұйымдастыру. Ашық сабақтар мен сабақтан тыс іс-шаралар кестесін құру.

- 5) Дене шынықтыру, музыка, АӘД, көркем еңбек пәндерінің апталығын (05.12-09.12) ұйымдастыру. Ашық сабақтар мен сабақтан тыс іс-шаралар кестесін құру.

Мектепшілік пән олимпиадасы ұйымдастырылып, ұстаздар өздерінің әзірлеп келе жатқан оқушыларын олимпиадаға қатыстырды. Нәтижесі бойынша қалалық пән олимпиадасына

Физика пәнінен 3 оқушы қатысты.

Жиеналин Ислам 10 сынып оқушысы -II орын,

Альпеисова Аяжан 9 сынып оқушысы-ІІ орынды иеленді.

Химия пәнінен Хамит Айша 10 сынып оқушысы -І орын,
Баймұрат Ербатыр 10 сынып оқушысы -2 орын ға ие болды.

Математика пәнінен 4 оқушы қатысты.

Олар: Аманжолова Дария 10 сынып оқушысы -І орын,

Әбілхасенова Камила 11 сынып оқушысы -І орын,

Бекназарова Маржан 9 сынып оқушысы -І орын,

Тулегенова Дильназ 9 сынып оқушысы -ІІ орынды иеленді.

География пәнінен 9- сынып оқушысы Хамит Алтынбек І орын,

Есеркепова Аружан 10 сынып -2 орын,

информатика пәнінен Абишев Адилет 9 сынып 3 орын,

Ернешбаева Ердос 2 орын алды.

(Пән мұғалімдері: Мулдакиева И.Е, Аяпбергенова Ж.О, Демеубаева Ә.К, Караев Д.Ж, Құмаров М.Қ , Шуйкебаева Н.Б. Төремаханова Г.Қ)

Қаңтар айында бірлестіктің №3 отырысы болып өтті.

1) 2-тоқсан нәтижесі (қала мектептерімен салыст. түрде)

2) Қалалық пән олимпиадасына дайындық кезеңі талқылау

9-11 сыныптар үшін

3) 4-сыныпқа орта буында сабақ беретін мұғалімдермен байланыс.

(сабаққа қатысу)

4) Pisa және функционалды сауаттылыққа бағытталған тапсырмалар банкін жинақтау,сабақта қолдану деңгейі.

5)Функционалды сауаттылық бағытында атқарылған іс-шаралар

Бірлестік жетекшісінің ІІ тоқсан қорытындысы және бірлестік апталығы бойынша есебі тыңдалды, пән мұғалімдері бірлесе отырып білім сапасы өткен тоқсан нәтижелерімен салыстырылып, кемшіліктерді анықтады және түзету жолдары қарастырылды. Бірлестік

жетекшісі Ж.Аяпбергенова қалалық пән олимпиадасы бойынша математика, физика, биология, химия, информатика, география пәндері бойынша дайындық күшейту тапсырылды. Сондықтан аталған пән мұғалімдеріне пән олимпиадасына нәтижеге бағытталған жұмыс жүргізу керектігі айтылып, ескерту жасалды.

Бөлім бойынша жиынтық бағалау және тоқсандық жиынтық бағалау жұмыстарын талдау тапсырылды. Қалалық пән олимпиадасы қорытындысы бойынша, төмендегідей нәтиже көрсетті.

Физика пәнінен 2 оқушы қатысты

Жиеналин Ислам 10 сынып оқушысы 3 орын, (Пән мұғалімі: Аяпбергенова Ж)

Альпеисова Аяжан 9 сынып оқушысы 3 орын (Пән мұғалімі: Аяпбергенова Ж)

Математика пәнінен

Аманжолова Дария 10 сынып оқушысы - 3 орын (Пән мұғалімі: Караев Д)

Бекназарова Маржан 9 сынып оқушысы - 3 орын (Пән мұғалімі: Төремаханова Г)

География пәнінен

9- сынып оқушысы Хамит Алтынбек 2 орын, (Пән мұғалімі: Құмаров М)

Есеркепова Аружан 10 сынып -2 орын, (Пән мұғалімі: Құмаров М)

Наурыз айында бірлестіктің №4 отырысы өткізілді.

1. III тоқсанды қорытындылау, мониторинг арқылы салыстыра талдау.
2. ҰБТ – дайындық деңгейін, салыстырмалы сараптама жасау.
3. Мұғалімдерге арналған сайыстарға қатысу нәтижесі

Бірлестік жетекшісінің III тоқсан қорытындысы және бірлестік апталығы бойынша есебі тыңдалды, пән мұғалімдері бірлесе отырып білім сапасы өткен тоқсан нәтижелерімен салыстырылып, кемшіліктерді анықтады және түзету жолдары қарастырылды. Пән мұғалімдері ҰБТ дайындық деңгейлері мен жасалып жатқан жұмыстары жайлы жеке тоқталып өтті. Бірлестік жетекшісі биылғы оқу жылы бойынша мұғалімдердің жетістіктеріне тоқталып өтті.

	ФИО	Қатысқан іс шара атауы	Деңгейі
1	Демеубаева А.К	« Білім беру процесінде STEM технологиясын қолдану – жаңамүмкіндіктерге жол ашу» облыстық семинар	Обл Оффлайн 24.03.2023 ж
2	Демеубаева А.К	«Білім сапасын арттыру, мектеп оқушыларының функциональдық сауаттылығын қалыптастыру мен дамытудың ең маңызды шарты» Даулетбаев атындағы X өңірлік педагогикалық ғылыми – тәжірибелік конференция	Өңірлік Оффлайн 10.03.2023ж
3	Аяпбергенова Ж.О.	КИО. «Педагогика: дәстүрлер және инновация»	Республика, 1-орын.

Мамыр айында бірлестіктің №5 отырысы өткізілді. Күн тәртібінде

1. Жылдық қорытындылау, мониторинг арқылы салыстыра
2. Жылдық сараптама
3. Қорытынды атестаттау мен емтихан жоспарларын талдау.

қаралған мәселелер:

талдау. Шығыс жұмыстарының салыстырмалы анықтамасы.

Бірлестік жетекшісінің жылдық қорытындысы және мониторинг бойынша есебі тыңдалды, пән мұғалімдері бірлесе отырып білім сапасы өткен төртінші тоқсан нәтижелерімен салыстырылып, кемшіліктерді анықтады. жылдық сараптамаларын дайындап өткен оқу жылы бойынша кемшіліктер мен қателіктерді қарастырды. Қорытынды атестаттау мен емтихан жоспарлары қарастырылды. Негізгі пәндер бойынша шығыс жұмыстарының салыстырмалы анықтамасы талданды.

ЖМБ пәндер онкүндігіне тоқталып өтелік.

Жаратылыстану- математикалық пәндері онкүндігінің 21.11-02.12.22. аралығында ұйымдастырылды. Ашық сабақтар жоғарыда көрсетілген кестедегі ретпен жүргізілді.

Тақырыбы: Оқытудың жаңа технологияларын қолдану арқылы оқушының функциональдық сауаттылығын арттыру.

Мақсаты: Жаңартылған білім беру жүйесі негізінде оқушылардың шығармашылықпен жұмыс жасауына ықпал ету.

Математика пәні мұғалімі Төремаханова Г.Қ. 9Б сыныбында «Арифметикалық прогрессияның алғашқы n мүшесінің қосындысын есептеу формуласы» тақырыбында ашық сабақ өткізді. Сабақ барысында жұптық жұмыс, топтық жұмыс түрлері қйымдастырылып, әр тапсырманың дескрипторлары ұсынылып отырылды. Сабақ барысында оқушылар бір –бірінің дәптерлерін тексереді. Сұрақтарға жауап беріп белсенділік танытты.

Математика пәні мұғалімі Тайманова А.Ж 5 А сыныбында ашық сабақ ұйымдастырды.

Тақырыбы: «Аралас сандарды қосу. Аралас сандарды азайту»

Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты: 5.1.2.19 натурал саннан жай бөлшекті азайтуды орындау;

5.1.2.20 аралас сандарды қосу және азайтуды орындау;

Сабақтың барысында топтық жұмыс, жеке жұмыс, жұптық жұмыс және оқулықпен жұмыс орындалды. Балалар мүмкіндігінше сабаққа қатысып, тапсырмаларды орындады. Оқушылар өз білімдерін көрсете білді.

Информатика пәні мұғалімі Шүйкебаева Назира Булатовна 7 Б сыныбында ашық сабақ көрсетті.

Тақырыбы: Электрондық кестелер элементтерін пішімдеу.

Қолданылған әдіс-тәсілдер Компьютермен жеке, карточкалармен топтық, жұптық жұмыстар жасалды. Оқушылар стикерлер арқылы өздерін бағалады. Мұғалім балалармен тығыз байланыста болды. Сынып оқушылары өз білімдерін сұрақ жауаптар және практикалық жеке тапсырмаларды орындау барысында көрсете білді.

Сондай ақ, география пәнінен Құмаров М.Қ және математика мұғалімі Караев Д.Ж өз кезегінде уақытылы ашық сабақтар өткізді. Аталған мұғалімдердің сабағында деңгейлік тапсырмаларды, функционалдық сауаттылықты дамытуға бағытталған және QR арқылы орындалған тапсырмалар оқушылардың қызығушылығын арттыра түсті.

Апталық барысында биология пәні мұғалімі Мулдакиева И.Е. 8 -шы сыныпта ашық сабақ көрсетті.

Тақырыбы: Қан топтары. Қан құю. Резус – фактор. Агглютинация. Резус – конфликт. Сабақ барысында еолданылған әдіс тәсілдер: «Сұрақ - жауап», «Филворд» , «Оймоншак», «Каллиграмма». Сабақта сондай ақ, оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға бақытталған тапсырмалар орынды қолданыс тапты.

Физика пәні мұғалімі Аяпбергенова Ж.О. апталықтағы ашық сабағын 11 А сыныбында «Жарықтың интерференциясы. Жарықтың дифракциясы.» тақырыбына өткізді.

Сабақтың мақсатына жету барысында, оқушыларға функционалды сабаттылықты шыңдауға бақытталған практикалық тапсырмалар көптеп орындалды. сабақ өте қызықты өтті. Сабақтың кейбір тапсырмаларын ұсына кетсек.

1-тапсырма. Заманауи байланыс құралдарын дамытуда қандай желілер кеңінен қолданылады және олардың артықшылықтарын сипатта.

(Функционалды сабаттылықты дамытуға бағытталған сұрақ: ҚР аумағында көп қолданылатын байланыс операторлары, 2G 3G 4G 5G нені білдіреді, айырмашылығы)

СЕРГИТУ СӘТІ. «балалық шағымызды еске алып, сабын көпіршіктерін ұшырып мерекелік көңіл сыйлайық!»

Мұғалім: Қалай ойлайсындар, Уйге берілген «Кемпірқосақ» тақырыбының бүгінгі сабаққа қандай байланысы бар? Ал сабын көпіршіктері ше? Оқушылар сабаққа белсенді өатысып, өз ойларын еркін жеткізіп отырды.

Химия пәні мұғалімі А. Демеубаева 9 «А» сыныбында ашық сабақ көрсетті.

Сабақтың тақырыбы: Металдарға жалпы сипаттама.

Қолданылған әдіс тәсілдер: топтық жұмыс және жеке жұмыс қолданылды. Сабақта барысында алған білімдерін бекіту мақсатында жеке жұмыс ретінде «**Kahoot.it**» ойыны ойнатылды. Сабақтың өн бойында бірнеше рет ауызша және жазбаша түрде бағалаулар іске асырылды.

Ұстаздар жетістігіне тоқталар болсақ.....

Оқу жылы барысында түрлі қалалық, облыстық білім бөлімдерімен ұйымдастырылып тұратын түрлі семинарлар мен курстар, конкурстар да өтті. Мектебіміздің ұстаздары түрлі конкурстарға қатысып, сондай ақ білім жетілдіру курстарына қатысып білімдерін шындап отырды.

Физика пәні мұғалімі **Аяпбергенова Ж.О.** ,

№	Байқау, жоба атаулары	Деңгейі	нәтиже
1	«Ұстаз тілегі» ғылыми әдіст. орталықтың ұйымдастыруымен Сынып жетекшілердің Блиц турнирі	Республика онлайн	2-орын 26.11.2022
2	КИО республ олимпиада (Педагогика)	Республика	1-орын Қараша 2022
3	Халықаралық Өрлеу өркендеу журанлы ұйымдастыруымен «Педагогика-менің таңдауым» атты байқауда Үздік деп танылды.	Халықаралық	Сертификат № 0517 2022 жыл
4	Халықаралық Өрлеу өркендеу журанлы ұйымдастыруымен	Халықаралық	Алғыс Хат

	<i>«Парасатты педагог» атты байқауда Үздік деп танылды.</i>		№ 0522 2022 жыл
5	Халықаралық Өрлеу өркендеу журналы ұйымдастыруымен болған байқауда <i>«Үздік педагог» атанды</i>	Халықаралық	Диплом 1 - орын № 0510 2022 жыл
6	Ұлттық Тестілеу орталығы. Білім беру саласында қосқан еңбегі үшін	(2022 жыл.қазан)	Алғыс хат
7	Ұстаз тілегі ғылыми әдістемелік орталығы ұйымдастырған «Заманауи сынып жетекші» Блиц турнир жеңімпазы	Республика, онлайн	Диплом 2 – орын 26.11.2022

Химия пәні мұғалімі Демеубаева А.К.

№	Іс-шара атауы, деңгейі	деңгей	Нәтиже
1	« Білім беру процесінде STEM технологиясын қолдану – жаңамүмкіндіктерге жол ашу» облыстық семинар	Обл Оффлайн 24.03.2023 ж	Сертификат қатысушы
2	«Білім сапасын арттыру, мектеп оқушыларының функциональдық сауаттылығын қалыптастыру мен дамытудың ең маңызды шарты» Даулетбаев атындағы X өңірлік педагогикалық ғылыми – тәжірибелік конференция	Өңірлік Оффлайн 10.03.2023ж	Сертификат Спикер
3	Қостанай облысы химия, биология мұғалімдерінің съезі «Экожүйелік білім беру векторындағы мұғалімдердің Soft skills ресурстық әлеуеті»	обл Оффлайн 29.03.2023ж	
4	«Білім беруді цифрландыру және инновациялар» I облыстық ғылыми – практикалық конференция	Обл	Сертификат Спикер

		Оффлайн 01.04.2023ж	
--	--	------------------------	--

Математика пәні мұғалімі **Караев Д.Ж.**

№	Іс-шара атауы, деңгейі	деңгей	Нәтиже
1	«Инновациялық кластер:ынтымақтастық траекториясы» атты Облыстық форумда «Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру маусатында математика сабақтарында PISA форматындағы есептерді пайдалану » тақырыбында шебер сынып	Обл Оффлайн 07.06.2023 ж	Сертификат

Математика пәні мұғалімі Төремаханова Г.Қ.

№	Іс-шара атауы, деңгейі	деңгей	Нәтиже
1	«Математика пәні» мұғалімдерінің семинары	облыстық	Қостанай 2023

География пәні мұғалімі **Құмаров М.Қ.**

№	Іс-шара атауы, деңгейі	деңгей	Нәтиже
1	«Географиялық картамен саяхат» қалалық, аудандық нетворкинг	пассивті	
2	I облыстық ғылыми-практикалық конференция «Қазіргі географиялық білім беруді дамыту стратегиялары» 27.03.2023	пассивті	

3	География пәні мұғалімдеріне арналған облыстық «Олимпиада тапсырмаларын шешу» атты облыстық семинар 14.04.2023	пассивті	Сертификат №025228 2023 жыл
---	--	----------	-----------------------------------

АӘТД пәні мұғалімі Какимжанов Қ.К.

№	Іс-шара атауы, деңгейі	деңгей	Нәтиже
1	«Заманауи жағдайдағы әскери-патриоттық тәрбие балаларды қосымша білім беру жүйесіне тартудың мақсатты процесі ретінде» әскери-патриоттық бағыты бойынша облыстық семинар. «Табиғи жағдайда автономды өмір сүру» тақырыбында	Облыстық семинар	Шебер сынып Мамыр 2023 жыл

Музыка пәні мұғалімі Башеева А.Ә.

№	Іс-шара атауы, деңгейі	деңгей	Нәтиже	
1	«Способы стимулирования и мотивации деятельности учащихся на уроках музыки и во внеурочной деятельности»	Активті	Тәжірибе алмасу Қараша 2022	
2	«Формирование функциональной грамотности на уроках музыки»	Активті	Офлайн 2023	Сәуір

Қорытынды

Жалпы бірлестік жұмысын қанағаттанарлық деп бағалауға болады.

Әдістемелік бірлестік мүшелері, бірлестіктің әдістемелік тақырыбы мен жұмыс жоспарына сәйкес, оқу жылына текті алға қойылған мақсат –міндеттерді игеру бағытында өздерінің кәсіби шеберліктерін,түрлі технология мен әдіс тәсілдерді пайдалана отыра , атап өтілгендей іс-шараларды жауапкершілікпен атқарды.

2023-2024 оқу жылына ӘБ жұмысына ұсыныс-тілектер :

- **Lesson study – дің басты мақсаты-оқушыларға білім алуға көмектесу** деп білеміз. Лессон Стади зерттеу сабағыны оқушының оқуына, мұғалімнің кәсіби тәжірибесінің артуына ықпал ететін педагогикалық тәсіл.Сондықтан, бірлестіктегі пән мұғалімдерімен кеңесе отыра, осы бағытты жандандыруды жалғастыру;
 - Дарынды балалармен тұрақты әрі жүйелі жұмыс жасау (олимпиадалар,ғылыми өпрактиалық конференция)
- Білім алушылардың білім жетістіктеріне мониторинг (ББЖМ) - ға дайындық жұмысын жүргізуде де «STEM» технологиясының берері өте мол. Сондықтан,пән сабақтарында «STEM» технологиясының әдістерін кеңінен қолдану.

Дарынды балалармен жұмыс

2022-2023 оқу жылыбойынша пән олимпиадасы мен түрлі жобалар мен сайыстардан жүлделі орындарға ие болған оқушылар көрсеткіштеріне тоқталып өтсек.

Мектеп білім алушыларының түрлі деңгейдегі олимпиадаларға , шығармашылық , танымдылық- зияткерлік, спорттық сайыстар мен байқауларға қатысу жұмысының нәтижесі
«Қостанай дарыны» өңірлік ғылыми-практикалық орталығы 7-10 сынып оқушылары арасында қазақ тілі пәні бойынша қашықтық олимпиадасын өткізді. Мектебімізден 8 сынып оқушылары қатысып, орын алған оқушылар бар.Олар: Кадримбекова А.-1 орын.,Сергейқызы З.-2 орын.,Бейсембен А.,-2 Файзрахманова А. 2- орынға ие болған оқушылар.Орыс тілі және әдебиеті бойынша қашықтық олимпиадасы (Қостанай дарын) өтіп біздің мектеп оқушылары сертификатқа ие болды олар:Сергейқызы Зерда,Сертификат Жиеналин Ислам, Болатова Аружан, Кадырбаева Аяна , Кадримбекова Аднля, Габдуллин Ельнур,Такмухамбетова Нурдана ,Бейсембен Ақерке. 6 желтоқсан күні

Қазақстан тарихы пәнінен «Моя малая Родина » атты облыстық сайысына мектебімізден 10- сынып оқушысы Кадримбекова Аделя қатысып 3 орынға ие болды.14 қазан күні (Диплом)

«Жас Әл Фараби» ғылыми жұмыстарының 10-республикалық конференциясы (Қазақ Ұлттық Университеті)18 ақпан күніөтті 10 сынып оқушыларыКадырбекова Аяна , Хамит Айша қатысып мақтау қағазға ие болды .Жетекшісі: Демеубаева А.К.(Сертификат)

«Балалар әлемі» Республикалық балалар оқулары қалалақ кезеңі өтті .Иниязова Нурай -3 орын , Зейнелғабиден Айша- 3 орын ,Бейсембен Акерке -3 орын ,Хамит Айша- 1 орынға ие болды (Мадақтама)

Ұлттық пікірсайыс турнирінің облыстық кезеңі өтті Қостанай қаласы Хамит Алтынбек, Асқаров Темирлан қатысып Сертификатқа ие болды 15-Желтоқсан айында

Облыстық «Ыбырай оқулары» байқауы Манат Дамир 6 сынып оқушысы қатысып сертификат алды қазан айында

«Проба пера» облыстық конкурсы Байболат Сұлтан 3 орын(Мадақтама)

«Тәуелсіздік – жыр-әнім» атты II қалалық ақындар байқауы

Байболат Сұлтан «Жас қалам» номинациясына ие болды (Мадақтама)

10- қараша күні «Зерде» шығармашылық жобасына мектебімізден 4 оқушы қатысып, оның ішінен 3 – оқушылар жүлделі орындарға ие болды. (Мадақтама)

I- орынға ие болған оқушылар: Иниязова Жанерке 4- сынып

II- орынға ие болған оқушылар: Мағзумова Молдир 7 сынып оқушысы

III- орынға ие болған оқушылар: Иниязова Нурай 3 сынып оқушысы

14 -қарашада «Әбіш оқулары!» қалалық мәнерлеп оқу байқауына қатысып Хамит Алтынбек 9- сынып оқушысы 1 орын, Сахналық қойылым байқауына қатысып біздің мектеп 1 орынға ие болды. (Мадақтама)

«Ш. Уәлиханов оқулары» облыстық байқауға қатысып Хамит Айша 3 орын, Файзрахманова Аруназ 2 орын, Сағидаукас Аружан 1 орынға ие болып Республикалық кезеңге жолдама алды. (Мадақтама)

«Абай оқулары» 1 орын Асқаров Т., Байболат С., 2- орын Габдуллин Е., 3 – орын Серікбаева Н. 11 мамыр олыстық кезең өтті (Мадақтама)

Ж. Жабаевтың 175-жылдығына арналған қалалық авторлық өлеңдер конкурсы Жүнісбек Жұлдыз Сертификат ие болды. 26 ақпан күні өтті

Ы. Алтынсариннің 180-жыл толуына орай «Ұлы мұры» қалалық марафоны шеңберінде қалалық авторлық шығармалар конкурсы

Жүнісбек Жұлдыз Сертификат

«Мұқағали Мақатаев оқулары» қалалық байқауы Байболат Сұлтан 1 орын

«Көкрегімде жыр сәулесі маздайды» номинациясы Казыева Наргиз 1 орын (Мадақтама)

«Мұқағали Мақатаев оқулары» облыстық байқауы Байболат Сұлтан, Хамит Алтынбек қатысып Сертификатқа ие болды. 25 қаңтар күні

Халықаралық «Пони» олимпиадасына мектебімізден 1 сынып оқушылары қатысып жүлделі орындарға ие болды. 1 орын алған оқушылар: 5 Оқушы., 2 орын – 2 оқушы, Кәкім Қуаныш, Шәкіржан Ертай, Болатбекова Амина, Түлебаев Таир, Болатбекова Алина. 18 қараша

Осыған орай 21 сәуір күні 2-4 сыныптар арасында Халықаралық «Пони» олимпиадасы өтті біздің мектебімізден 27 оқушы қатысты.

«Ақ бота» зияткерлік олимпиадасы өтті. Ғалий Жаслан 1 орын, 2 сынып, Самат Фариза -1 орын, 2 сынып, Ерсұлтанова Айлана -2 орын, 2 сынып ие болды

Бастауыш сынып оқушыларына арналған «Атамекен» облыстық зияткерлік-танымдық ойыны өтті мектебімізден 4 сынып оқушысы Сагидаукас Аружан -2 орынға ие болды 27-28 ақпан аралығы(Мадақтама)

10-11 сәуір күндері 5-6 сыныптар арасында қалалық «Полиглот» аты тілдер бойынша қашықтықтан олимпиада өткізілді. Облыстық 2 кезеңге өткен 5 сыныптан 7 оқушы, 6 сыныптан -6 оқушы өтті . Облыстық кезең 26-27 сәуір аралығында өтеді.

Қалалық ғылыми конкурс өтті Кенесбаева Қымбат ,Секция: этнокультуроведение 1 орынға ие болды . Жетекшісі:Жансүгір Д.С.23-қараша

21 сәуірде 7-11 оқушылар арасында қазақ тілінен Республикалық «Жарқын болашақ» олимпиадасының облыстық кезеңі – Асқаров Темирлан «жас қаламгер сайысы » 9 сынып оқушысы- 2 орынға ие болды , Бейсембен Ақерке «Сөз шеберлері сайысы »7 сынып оқушысы қатысып сертификат алды , Абилхасенова Фарида «Бейнелеушілер сайысы » 8 сынып оқушысы -3 орынға ие болды.

Бастауыш сынып оқушыларына арналған «Бастау» облыстық математикалық республикалық олимпиада 16 мамыр күні өтті мектебімізден 3 оқушы қатысты .Оның 1оқушысы Ербулат Бекзат 2 сынып оқушысы 3 орынға ие болды.

17 мамыр күні қалалық ғылыми жоба өтті .2-11 сыныптар арасында ; Бастауыш сыныптан 3 сынып оқушысы Иниязова Нурай қатысып 2 орынға ие болды, 8-11 сынып арасында 4 оқушы қатысып 4 оқушыда орын алды. Олар :Хамит А химия пәнінен 3- орын , жетекшісі Демеубаева А.К., Казыева С-3 орын биология пәнінен, жетекшісі Мулдакиева И.Е, Кадримбекова А -2 орын тарих пәнінен , жетекшісі Досмагамбетова Ш.А, Төртқара М-3 орын математика пәнінен , жетекшісі Тайманова А.Ж, Сергейқызы 3-1 орын облысқа жолдама алды қазақ әдебиетінен ,жетекшісі ТулебаеваД.Ж

Олимпиада бойынша I кезеңі 28 қазанында өткізілді. Республикалық олимпиаданың I кезеңіне 9-11 сынып оқушылары қатысты.Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық пән олимпиадасы. Қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы пәндер бойынша барлығы 21 оқушы қатысып, жүлделі орындарға ие болды. Жеке пәндерге тоқталып өтсек: Қазақстан тарихы пәнінен: Габдуллин Ельнур 9 - сынып 1 орын, Сергейқызы Зерда 10- сынып оқушысы 1 орын, Кенесбаева Қымбат -11 сынып -1 орын ,Құқық негіздері пәнінен Қуандық Мансұр – 9 сынып -1 орын ,Омаров Бек 11- сынып оқушысы 1 орынға ие болды. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен 8 оқушы қатысты. Кадримбекова Аделя -10 сынып 3 орынды иеленді, Асқаров Темирлан 9 сынып -2 орын,Керейхан Саят 9 сынып -3 орын,Абиштаев Адилет 9 сынып-2 орын,Нурпеисова Камелия 9 сынып – 3 орын, Дүйсенбек Ақмоншақ 11 сынып оқушысы2 орынға ие болды. Ағылшын тілі пәнінен 3 оқушы қатысты. Олар: Төртқара Мерей 9 сынып оқушысы- I орын, Жүнісбек Жұлдыз 11 сынып оқушысы - I орын, Байболат Сұлтан 10 сыныпоқушысы- I орынды иеленді. Орыс тілі мен әдебиеті пәнінен 5 оқушы қатысып жүлделі орындарға ие болды. Хабылхан Мадина 10- сынып 3 орын, Жумабаева Аружан I орын,Болатова Аружан 10 сынып – 2 орын,Жүнісбек Артемида 9- сынып 2 орын, Серикбаева Самина 9- сынып I орынға ие болды. (Пән мұғалімдері: Жансүгір Д.С, Досмагамбетова Ш.А, Тулебаева Д.Ж, Жолдыбаева С.М, Шаяхметова С.Е, Абенова С.Д, Бирмуканова А.М, Танирбергенова А.Ж)

Жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндер бойынша мектепшілік пән олимпиадасына барлығы 19 оқушы қатысты. Биология пәнінен 4 оқушы қатысты. Смаилова Дильназ - 9 сынып оқушысы -1 орын, Қадырбаева Аяна -11 сынып -1 орын,Мақаев Азат – 9 сынып 2 орын, Казыева Сабина 11 сынып оқушысы 2 орынды иеленді.Физика пәнінен 3 оқушы қатысты. Жиеналин Ислам 10 сынып

оқушысы -II орын, Болат Ризат 1 сынып оқушысы -II орынды иеленді. Химия пәнінен Хамит Айша 10 сынып оқушысы -I орын, Баймұрат Ербатыр 10 сынып оқушысы -2 орынға ие болды. Математика пәнінен 4 оқушы қатысты. Олар: Аманжолова Дария 10 сынып оқушысы -I орын, Әбілхасенова Камила 11 сынып оқушысы -I орын, Бекназарова Маржан 9 сынып оқушысы -I орын, Тулегенова Дильназ 9 сынып оқушысы -II орынды иеленді. География пәнінен 9- сынып оқушысы Хамит Алтынбек I орын, Есеркепова Аружан 10 сынып -2 орын, информатика пәнінен Абишев Адилет 9 сынып 3 орын, Ернешбаева Ердос 2 орын алды. (Пән мұғалімдері: Мулдакиева И.Е, Аяпбергенова Ж.О, Демеубаева Ә.К, Караев Д.Ж, Құмаров М.Қ , Шуйкебаева Н.Б. Төремаханова Г.Қ) Оның 2 оқушысы облысқа ұсынылды. Олар Дүйсенбек А., Жумабаева А., Облыс нәтижесі бойынша Қазақ тілі мен әдебиет пәнінен Дүйсенбек А -2 орынға ие болды .

2022-2023 оқу жылында жалпы білім беретін пәндер бойынша мектебімізде республикалық олимпиаданың I кезеңі 7 желтоқсанда өткізілді. Республикалық олимпиаданың I кезеңіне 5-6 сынып оқушылары қатысты. Қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы пәндер бойынша барлығы 19 оқушы қатысып, жүлделі орындарға ие болды. Жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндер бойынша мектепшілік пән олимпиадасына барлығы 11 оқушы қатысты. Қалалық пән олимпиадасына 10 оқушы жолдама алды. Енді II кезеңі қалалық 12 желтоқсанда өтіп. Облысқа жолдама алып орын алған 3 оқушы. Оның ішінде орыс тілі пәнінен Куставлетова Дайана облыстан 3 орын алды. Алдағы уақытта келесі жылға дайындалуымызда. 2022-2023 оқу жылында қаңтар айына 7-8 сыныптар оған тек гуманитарлық бағыт қатыстын пәндер оның ішінде 8 оқушы қатысты. Қалалықтан орын алған оқушылар гуманитарлық пәндер бойынша : орыс тілі мен әдебиеті Бейсенбен А., -2 орын, Такмухамбетова Н., -3 орын., қазақ тілі мен қазақ әдебиеті Серикбаева Н. -3 орынға ие болды.

1-4 сыныптар бойынша қалалық олимпиада 5 сәуір күні өті. Қатысатын оқушы саны 10 оқушы .1 сынып Серік Медина -3 орын. Есеркепова Толқын -2 орын. 2 сынып Ерболат Бекзат – 2 орын , Абишева Лейля -3 орын. 3 сынып Қалдыхан Айым – 2 орын , Иниязова Нұрай -3 орын, 4 сынып Сағидаукас Аружан -2 орын, Ергазина Ақжан -2 орын , Абишева Гүлім -3 орынға ие болды . 2023-2024 оқу жылына берілген ұсыныстар:

Білім беру жүйесін құруға және дамытуға үлес қосатын салауатты, тәуелсіз, рухани бай, адамгершілік қасиеті бар дарынды тұлғаны қалыптастыру;

Атап көрсететін жайт, мектебіміз жаратылыстану-математикалық бағытты таңдаған.. Республикалық пән олимпиадасының облыстық кезеңінде биылғы оқу жылында жүлделі орындардың болмауы ойланарлық мәселе. Сонымен қатар биылғы оқу жылында ғылыми жұмыс бойынша облыстық деңгейге оқушылар қатысты бірақ орын ала алмады. Сондықтан, жалпы негізгі пәндерден пән олимпиадасына, ғылыми жұмыстарға оқушыларды дайындауда жүйелі түрде нәтижелі көрсеткішке бағытталған жұмыстар жүргізуді дамыту қажет.

Келесі оқу жылында оқушыларды тиінақты дайындап, жүйелі түрде нәтижелі көрсеткішке бағытталған жұмыстар жүргізуді дамыту керек.

Қорытынды аттестаттауға дайындық жұмысы

2022-2023 оқу жылы барысында құрылған жоспары негізінде біршама жұмыстар жүргізілді. Оқу жылы барысында Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ педагогтің қызметін курстан кейінгі қолдау қағидаларына сай, пән мұғалімдері кәсіби құзыреттіліктерін арттыру курстарына барып, білімдерін шыңдады. 9, 11-сынып оқушыларының ҚА дайындықтарында функционалдық сауаттылықтың стандартқа сай деңгейінде жүзеге асырылу бойынша жүргізілді. Осындай жан-жақты тәжірибе алмасу нәтижесінде мектепте оқушылармен функционалдық сауаттылығын арттыру бағытында жұмыстар жүргізілді. Әр сабақта оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға арналған тапсырымалар орындалды. Сабақтарда пән мұғалімдері жеті модуль бойынша тиімді әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы оқу мақсаттарына жетуді жоспарлап, әр пән бойынша сабақта алған білімдерін бақылау, тәжірибе жұмыстарында мүмкіндігінше пайдалануға дағдыланды. Әр пәннің спецификациясына байланысты оқушылар оқу процесінде формулаларды пайдалануды, ауызша пәндер бойынша мәнмәтінмен (контекст) жұмыс жасауды меңгерді. Оқулықтағы мәтіннен, ережелерден негізгі ойды тауып, өмірлік мәселелермен байланыстыра білу, салыстыру, ойын еркін жазу дағдыларын қалыптастырды. Цифрлық сауаттылықты қолдана отырып, түрлі сайттармен жұмыс жасауды меңгерді. Оқу жылы басында құрылған жоспар негізінде «Білім алушылардың функционалдық сауаттылығының білім деңгейлері бойынша ғылыми-әдістемелік негізі» тақырыбында оқушылармен зерттеу жұмысы жүргізіліп, функционалдық сауаттылықты қалыптастыруға бағытталған сабақтарды ұйымдастыру үшін пән мұғалімдері әдістемелік нұсқаулығын әзірлеп эксперттік кеңесте мақұлдады.

Ата-аналардың функционалдық сауаттылығын дамыту мәселелері бойынша ата-аналарға арналған «Ата-аналардың функционалдық сауаттылығын дамыту мәселелері бойынша ата-аналарға арналған семинарлар ұйымдастыру» тақырыбында мектепшілік семинар ұйымдастырылды. Семинар тренингтің мақсаты: Ата-ананың бала тәрбиелеуде функционалдық сауаттылығын көтеру мектеп мұғалімдерімен тығыз байланыс жасап, екі жақты әріптестік әрекетінің негізінде қалыптасады. Яғни ата-ананың баласының ерекше қасиетін тануы, оны түрлі жағдаятта түсініп, қол ұшын беруі, олардың қабілетін дамытуға, бойына рухани құндылықтарды қалыптастыруға, жағымсыз мінез-құлық, әдеттерден арылтуға көмек беретін функционалдық сауаттылық ата-ана бойында да болуға тиіс.

Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығы бойынша интеллектуалды байқаулар ұйымдастыру жұмыстары бірлестік пән апталықтарында жүргізілді. **Қараша – желтоқсан айларында** жаратылыстану-математикалық пән бірлестігі «Оқытудың жаңа технологияларын қолдану арқылы оқушының функционалдық сауаттылығын арттыру» тақырыбында «Жаңартылған білім беру жүйесі негізінде оқушылардың шығармашылықпен жұмыс жасауына ықпал ету» қойылған мақсатқа сай жоспарланып, білім сапасын көтеру, олқылықтардың орының толтыру, функционалдық сауаттылықты дамыту бағытында ашық сабақтар мен сыныптан тыс іс-шаралар өз ретімен ұйымдастырылды. **Қаңтар-ақпан айларында** Бастауыш сынып бірлестігінде «Білімді ұрпақ – ел болашағы» тақырыбында «Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру негізінде бастауыш сыныпты оқыту пәндерінің мүмкіндіктерін анықтай отырып, оқушылардың танымдық қызығушылығын, жеке, шығармашылық қабілеттерін дамыту» мақсатында сыныптан тыс жұмыс – сабақтан тыс уақытта, баланың жеке тұлғасын әлеуметтендіруін қамтамасыз етуге қажетті жағдай жасап, оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру бойынша іш-шаралар ұйымдастырылды. **Ақпан-наурыз айларында** қоғамдық-гуманитарлық пән апталықтарында онкүндігінде «Жаңартылған білім беру аясында өз мүмкіндігін дұрыс пайдалана алатын зерделі тұлғаны тәрбиелеу» тақырыбында «Заманауи білім беру технологияларының элементтерін қолдану арқылы оқушылардың ауызша және жазбаша тіл мәдениетін жетілдіру, дамыту, сауатты ұрпақ тәрбиелеу» мақсатында жаңартылған білім беру жүйесі негізінде оқушылардың шығармашылықпен жұмыс жасауына ықпал ету үшін сыныптан тыс іс-шаралар өтті. Сәуір айында, педагогтер арасында «Оқушылардың

логикалық ойлауын дамытуда креативтілік оқытудың рөлі» тақырыбында оқу-тәрбие үрдісіндегі басты бағытқа ие болған функционалдық сауаттылықты оқушы бойын қалыптастыру жолдары мен тиімді әдістерімен тәжірибе бөлісіу мақсатында теориялық және практикалық жұмыстарды ұйымдастыра отырып, семинар өткізілді.

Қорытындылай келе, мектептің оқу жылы барысында құрылған жоспарына сай, функционалдық сауаттылықты дамыта отырып, ББЖМ, ҰБТ, ҚА дайындық деңгейі өткізілген іс шаралар қанағаттанарлық деңгейде. Функционалдық сауаттылықты дамытуға арналған жоспарды толықтыра отырып, әдістемелік жинақ қорын ұйымдастыру ұсынылды.

Мектебіміз 2022-2023 оқу жылын 1-11 сыныптар аралығында 249 оқушымен аяқтады. Ағымдағы оқу жылында Негізгі орта және Жалпы орта мектепті аяқтағалы отырған мектеп бітірушілер 9-сыныпта 30 оқушы, 11-сыныпта 10 оқушы. 9,11 сынып білім алушылары қорытынды аттестаттауды 2008 жылғы 18.03 №125 бұйрығына енген өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес, қорытынды аттестаттаудағы таңдау пәндерінен емтихан 2023 жылғы 10 сәуірдегі №88 бұйрығына сәйкес жүргізілді. Негізгі және жалпы мектепті аяқтағалы отырған білім алушылар қорытынды аттестаттау емтихандарын 9-сыныптардағы қорытынды емтихан 02 мен 13 маусым аралығында өтті. Емтихандар: қазақ тілі пәні бойынша жазбаша емтихан эссе 2 маусым күні емтихан алушылар Тулебаева Д.Ж., Бирмуканова А.М., ассистенттер Ескенова Б.А., Танирбергенова А.Ж.; математика (алгебра) пәні бойынша жазбаша емтихан (бақылау жұмысы) 6 маусым күні емтихан алушы Төремаханова Г.Ж., ассистенттер Караев Д.Ж., Тайманова А.Ж., қазақ тілді мектептер үшін орыс тілі мен әдебиеті пәнінен жазбаша емтихан 9 маусым күні емтихан алушы Абенова С.Д., ассистент Шаяхметова С.Е., таңдау пәндерден жазбаша емтихан 13 маусым күні. Физика пәнінен емтихан алушы Аяпбергенова Ж.О., ассистент Тайманова А.Ж., химия пәнінен емтихан алушы Демеубаева А.К., ассистент Абенова С.Д., Танирбергенова А.Ж., ағылшын тілі пәнінен емтихан алушы Сагиева А.М., ассистент Жолдыбаева С.М., Тулебаева Д.Ж.; география пәнінен емтихан алушы Құмаров М.Қ., ассистент Ескенова Б.А.; биология пәнінен емтихан алушы Мулдакиева И.Е., ассистент Шаяхметова С.Е., Қазақстан тарихы пәнінен емтихан алушы Жансүгір Д.С., ассистент Досмагамбетова Ш.А., Какимжанов К.К.; 9 А және 9 Б сыныптарда бір уақытта АКТ залында емтихан жүргізілді. Қорытынды емтиханды өз білімдерін дәлелдей отырып, ережеге сай бағаларын алды. Жалпы орта мектепті бітірушілердің мемлекеттік емтихандары 5 мен 19 маусым аралығында болды. Қазақ тілі (ана тілі) пәнінен жазбаша (эссе) 5 маусым күні емтихан алушы Тулебаева Д.Ж., ассистенттер Бирмуканова А.М., Ескенова Б.А., алгебра және анализ бастамалары пәнінен жазбаша емтихан (бақылау жұмысы) 8 маусым күні, емтихан алушы Караев Д.Ж., ассистент Төремаханова Г.Қ., Тайманова А.Ж., Қазақстан тарихы пәнінен ауызша емтихан 12 маусым, емтихан алушы Жансүгір Д.С., ассистенттер Досмагамбетова Ш.А., Құмаров М.Қ., қазақ тілді мектептер үшін орыс тілі мен әдебиеті пәнінен жазбаша емтихан 15 маусым, емтихан алушы Шаяхметова С.Е., ассистенттер Абенова С.Д., Жолдыбаева С.М., таңдау пәндерден жазбаша емтихандар 19 маусым күні. Физика пәнінен емтихан алушы Аяпбергенова Ж.О., ассистенттер Шаяхметова С.Е., Сагиева А.М., информатика пәнінен емтихан алушы Демеубаева А.К., ассистенттер Какимжанов К.К., Накипбаев Е.А., дүниежүзі тарихы пәнінен емтихан алушы Жансүгір Д.С., ассистенттер Досмагамбетова Ш.А., Танирбергенова А.Ж., география пәнінен емтихан алушы Құмаров М.Қ., ассистенттер Абенова С.Д., Жолдыбаева С.М., биология пәнінен Мулдакиева И.Е., ассистенттер Тулебаева Д.Ж., Төремаханова Г.Қ. Жалпы орта мектепті «Алтын белгіге» үміткер аяқтап отырған 1 оқушы. Білім басқармасына жіберілген қазақ тілі мен алгебра және анализ бастамалы пәні бойынша жұмысты «Өте жақсы» деген бағаға дәлелдеді. Қалған пәндерден де «Өте жақсы» деген бағаға жазды. Мемлекеттік емтихан барлық талаптарға сай өтті. Жоғарыда айтылған пәндерден жоспар бойынша құрылған және бекітілген кестеге сәйкес кеңес сабақтары жүргізілді және емтихан кезінде кезекшіліктер атқарылды.

Сертификатталған педагогтардың жұмыс сараптамасы

2022-2023 оқу жылында Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Лисаков қаласы білім бөлімінің Абай атындағы жалпы білім беретін мектебі» КММ сертификатталған мұғалімдердің саны – 20.

Оқу жылының басында сертификатталған мұғалімдердің қатарынан «Зерде» өзгеріс тобы құрылып, жылдық жұмыс жоспары жасалды. Мұғалімдердің кәсіби өсуін қамтамасыз ету, яғни, қашықтықтан оқытуда тиімді жаңа әдіс-тәсілдерді тәжірибеде қолдану; іс-тәжірибе алмаса отырып, ынтымақтастық орнату; желілік қоғамдастықта жұмыстану; оқушыларды мүмкіндігінше зерттеп, дамыту; сабақта 7 модульді қолдану мүмкіндігін пайдалану мақсаттарында оқу жылы барысында жоспарға сәйкес және одан тыс қашықтықтан және мектеп қабырғасында ашық сабақтар беру, коучингтер мен шебер кластар, семинарлар өткізілу жоспарланды.

Жыл бойы ұйымдастырылған оқу үрдісінде сертификатталған пән мұғалімдері төмендегідей іс-шараларға ат салысты:

Оқу жылының басында мектепте қоғамдастық жұмысын жетілдіру мақсатында педкеңестерде, әдістемелік отырыстарда, отырысаралық кездесулерде мұғалімдердің өзара тәжірибе алмасу шаралары ұйымдастырылды және осы шараларға әсіресе, жас мамандардың қатысып, тәжірибе жинақтауына мән берілді.

13 сәуір күні «Білім алушыларға білім беруде функционалдық сауаттылықты дамыту бағытында STEM технологиясын қолдану» тақырыбында шебер сынып болып өтті. Шебер сыныпты өткізушілер Аяпбергенова Жаухар Оразғалиқызы, Демеубаева Асем Көбейсінқызы және Төремаханова Гүлмира Қалмұратқызы. Абай атамыздың керемет әнімен бастау алған шебер сыныптың келесі бөлімі қазіргі таңдағы өте басты назар аударылып тұрған ауқымды тақырыптардың бірі ретінде оқытудың біріктірілген тәсілі «STEM» технологиясы туралы болды. Бұл технология нақты ғылымдардың негізгі принциптерін бір уақытта зерттеуді қамтитын жан-жақты оқыту әдіснамасы деп те қарастырылады. Оларға жаратылыстану ғылымдары, инженерия, математика, технология жатады. Нәтижесінде білім алушылар оқиғалардың өзара байланысын көруге үйренеді, логика принциптерін жақсы түсінеді және өз модельдерін жасау барысында жаңа және ерекше нәрсені табады. Ақпараттар ұсынылғаннан кейін «STEM» технологиясы бойынша практикалық тапсырмалар ұсынылды және әр топтарда қызу талқыланды. Практикалық тапсырмалар үшін бірінші мәтін ұсынылды содан соң, мәтіндегі ақпаратты пайдалана отырып іс жүзінде орындауға аса мән берілді. Топтар өз жұмыстарын қортындылап, бір-бірімен ой бөлісу арқылы шебер сыныптың практикалық бөлімі қортындыланды.

Сәуір айының аяғында бастауыш сынып мұғалімдері Мауленова Г.С., Кубенова Г.Ж. және қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Тулебаева Д.Ж. функционалдық сауаттылықты дамыту үшін тиімді тәсілдерді ұсыну мақсатында «Мәнмәтінмен жұмыс арқылы функционалдық сауаттылықты дамыту» тақырыбында коучинг өткізді. Коучинг мақсаты: тиімді тапсырмаларды орындау арқылы мәтін мазмұнынөндеу, ақпаратты тәжірибеде қолдану. Ең алдымен, «Функционалдық сауаттылықты дамыту – оқыту үрдісінің басты бағыты» презентациясы арқылы жалпы функционалдық сауаттылық түрлері мен тиімді тәсілдерді қолдану және күтілетін нәтижені бағдарлау

туралы түсінік берілді. Тәжірибе бөлімінде адамзат денсаулығын сақтаудың басты шарты – дұрыс тамақтану, сондықтан тамақтануға ерекше көңіл бөлген жөн және тамақ құрамының құндылығы басты назарда болғаны дұрыс сияқты актуалды мазмұндағы мәтін арқылы тәжірибелік жұмыс жүргізілді. Коучинг барысында мәнмәтінмен жұмыс жасаудың тиімді тәсілдері мен әдістері көрсетілді. Барлық ұстаздар өзара өз пікірлерін ортаға салып, функционалдық сауаттылықты арттыруды дамыту керектігіне пікірлерін қосты және кері байланыс жасалды.

Оқу жылының басында сабақты зерттеу бойынша фокус топтары құрылып, жұмыс жоспары жасалды. Жыл барысында бастауыш сынып бірлестігі, жаратылыстану – математикалық бағыттағы пәндер бірлестігі және қоғамдық – гуманитарлық бағыттағы пәндер бірлестіктерінде сабақты зерттеу бойынша мақсаттар мен міндеттерге сәйкес тізбектелген сабақтар жүргізіліп отырды. ЖМБ және ГПБ бойынша ортақ тақырып алынды: «Тиімді әдіс-тәсіл- сапалы білім кепілі». СЗ мақсаты: Әдістерді тиімді қолдану арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру. Міндеттері:

- негізгі әрі қажетті ақпаратты ажырата білуді меңгерту;
- түрлі тапсырмаларды орындау барысында ақпаратты қолдана білуге дағдылану;
- өзінің және өзгелердің жұмысын бағалауға үйрету.

Күтілетін нәтиже:

- мұғалімдер тәжірибе жинақтайды;
- оқушылар мәнмәтінмен жұмыс жасауды үйренеді;
- оқушылардың пәндерге деген қызығушылықтары жоғарылайды;
- білім сапасы артады.

Зерттеу сабақтары 13 - 24 ақпан және 03-14 мамыр аралығында өткізілді. СЗ нысаны ретінде 9 «А» және 9 «Б» сыныптары алынды.

ГПБ фокус тобында зерттеу жүргізген мұғалімдер- Бирмуқанова А.М.-қазақ тілі, Абеннова С.Д.-орыс тілі, Сағиева А.М.- ағылшын тілі. Зерттелуші сынып – 9 «Б». Сабақ зерттеуде өткізілген бірінші цикл барысында топтың үш мүшесі кездесіп, оқушыларды және жалпы сыныпта бақылау үшін не нәрсеге қатты көңіл бөліну керектігін талқылады. Алғашқы отырыста тақырып таңдалып алынды, әр мүше өзінің өткізетін пәніне таңдау жасады. Зерттелуші сыныпқа қысқаша мінездеме беріліп, А,В,С оқушылар таңдалынды. Табыс критерийлері құрастырылды. Осылайша 3 мұғалім кезектесіп сабақтарын жоспарлы түрде өткізіп шықты. Әр сабақтан соң ықшам отырыстар өтіп, жүргізілген үдеріс барысы талданып, келесі сабаққа міндеттер мен ұсыныстар қосылып, сабақ өңделіп отырды. Жеке оқушыларға бағытталған зерттеулер келесі циклде өз жалғасын табатыны жоспарланып отырды. Олардың деңгейіне қарай берілетін тапсырмалар сараланып, мұғалімнің жаңа жоспарына енгізіліп отырды. Сабақ соңындағы күтілетін нәтижелерге де талдаулар үнемі жасалып отырды. Топтың екінші зерттеу айналымында бірінші циклде кеткен кемшіліктер мен шешімдерді қарастыра отырып үш мұғалім өз сабақ жоспарларын жасап, талдау өткізді. Сонымен қатар, басты назар топ мүшелерінің сыныпты әрі А,В,С оқушыларын бақылауда өз-өздерінің зерделей білу функцияларын дамыту, сабақты қандай жолмен жеткілікті әрі тиімді өткізуге болатындығын

көріп, бағамдай алуға машықтану болды. А және В оқушылар үнемі көш басынан көрінді, ал С оқушы да күткен нәтижелерді көрсете бастады. Оқушылар белсенді жұмыстар жасады, әсіресе топтық жұмыстар оларға қатты ұнады. Бір-бірімен байланыса отырып, өзге топтан озуға деген бәсекелестіктері артты. Соның арқасында көшбасшы оқушылар тобындағы нашар оқитын оқушыларға қолдау жасап, көмек беріп, оларды да жұмысқа талпындырып отырды. Сабақты зерттеу қорытындысы оң нәтиже берді: оқушылар өз қабілеттерін шыңдауға және көрсетуге мүмкіндік алды, топтық жұмыстар арқылы белсенділіктері артып, өз ойларымен мүмкіндігінше еркін бөлісе алатындай дәрежеге жетті, сынып ұжымында біршама ашық қарым – қатынас орнады.

ЖМБ фокус тобында зерттеу жүргізген мұғалімдер- Аяпбергенова Ж.Ж.-физика, Демеубаева А.К. - химия, Төремаханова Г.Қ. – алгебра, Құмаров М.Қ.- география, Мулдакиева И.Е. – биология. Алғашқы отырыста топ мүшелері екі циклге бөлінді, тақырып таңдалып алынды, әр мүше өзінің өткізетін пәніне таңдау жасады. Зерттелуші сыныпқа - 9 «А» қысқаша мінездеме беріліп, А,В,С оқушылар таңдалынды. Табыс критерийлері құрастырылды. Осылайша 3 мұғалім кезектесіп сабақтарын жоспарлы түрде өткізіп шықты. Әр сабақтан соң ықшам отырыстар өтіп, жүргізілген үдеріс барысы талданып, келесі сабаққа міндеттер мен ұсыныстар қосылып, сабақ өңделіп отырды. Жеке оқушыларға бағытталған зерттеулер келесі циклде өз жалғасын табатыны жоспарланып отырды. Олардың деңгейіне қарай берілетін тапсырмалар сараланып, мұғалімдердің жаңа жоспарына енгізіліп отырды. Күтілетін нәтижелер анықталып, соңынан нәтижесіне талдау жасалды. Сабақтар топтың жоспарлауымен өткізіліп отырды. СЗ жақсы жақтары: топтың жақсы бірлесуі, ынтымақтастықпен жұмыс жасауы, өзара бағалауы, бір-біріне жылы қарым-қатынаста болуы, сабақтардың белсенді өтуі болды. Ал, әлсіз жақтары: әлі де топтан жырақ қалатын оқушылардың болуы, төменгі дәрежелі сұрақтардан аса алмаулары, уақыттың үнемделмеуі және кері байланысты толық бере алмауы. Алдыңғы циклдерде кеткен кемшіліктер мен шешімдер келесі циклде түзетулер арқылы толықтырылып, түзетіліп отырды.

«Бастау» тобының мүшелері- Оңайбаева Б.Б., Мауленова Г.С., Акишева Ш.Б., Ердавлетова А.М., Кубенова Г.Ж. жүргізген зерттеу сабағының мақсаты: Зерттеу сабақтары бойынша іс-тәжірибемен бөлісу. Бұл зерттеу сабағын ұйымдастыруда мұғалімдер «Лессон Стади зерттеу сабағы бойынша нұсқаулықты» және А. Әлімовтың «Интербелсенді әдістемені мектепте қолдану» атты оқу құралын басшылыққа алды. Lesson study – дің басты мақсаты: Оқушыларға білім алуға көмектесу және топ мүшелерінің кәсіби дамуына ықпал ету. Зерттеу тобында осы бағдарламаны игерген бастауыш сынып мұғалімдермен қоса, сынып жетекші болды. Зерттеу жүргізілетін сыныпты таңдауда, бастауыш сынып мұғалімдерімен бірлесе ақылдаса отырып, 4-сыныптар алынды, себебі ол сыныптарда бастауыш сыныптан жоғарғы сыныпқа көшкенде әртүрлі мұғалімдерге бейімделуінде қиындықтар болуы мүмкін. Қарастырылатын пәндер: қазақ тілі, жаратылыстану, математика. Ортақ негізгі проблема: «Мәтінмен жұмыс істеу арқылы оқушылардың оқылым дағдысын қалыптастыру». А,В,С оқушылары таңдалынған соң, 4- сынып оқушыларының оқылым дағдыларының деңгейін анықтайтын сауалнама құрастырылып, алынды. Сабақ өткізген мұғалімдердің – Ердавлетова А.М., Оңайбаева Б.Б.- сабақ жоспарлары, сабақтан кейінгі нәтижелері талқыланып, рефлексиялық есептер жасалды. Үш цикл нәтижесінде оқушылар: ондық бөлшектерді көбейту ережесін өздері тұжырымдады; сынып алдында қысылмай жауап беруге дағдыланды, тапсырмалар арқылы оқушылардың пәндерге қызығушылықтары артты. А оқушысы – жұпта жұмыс жасап, өзіндегі ақпаратпен бөлісуді үйренді. В оқушысында белсенділік пайда болып, ойын қысылмай

еркін айтуға үйренді. Ал С оқушысының сабаққа қызығушылығы оянды. Жалпы, осы үш сабақты қорытындылағанда оқушыға жай ғана мәтінді оқу тапсырмасын беріп қана қоймай, оқылым дағдысын қалыптастыратын әдістерді таңдай білу қажеттілігі анықталды. Нәтижесінде сабақты зерттеу жұмысы сәтті жүзеге асырылды.

2022-2023 оқу жылының нәтижесі бойынша сабақты зерттеуге қатысқан фокус топтары өз материалдарын электронды түрде жинақтап қойды.

2022-2023 оқу жыл сәуір айында екі мұғалім - Мауленова Г.С. және Тулебаева Д.Ж. ПШО ұйымдастырған «Педагогтің зерттеу қызметі: «Іс –әрекетті зерттеу» және «Сабақты зерттеу» курсы аяқтады, келесі оқу жылына осы курстан өтетін мұғалімдер тізімі бекітілді.

Сәуір айында Танирбергенова А.Ж. және Тулебаева Д.Ж. білім бөлімі ұйымдастырған «Action Research» «Исследование в действии: от определения проблемы к ее решению» қалалық семинарына қатысып, тәжірибе жинақтады.

2-3- тоқсандағы пән апталықтары кезінде сертификатталған мұғалімдер апталық жоспарларына сай ашық сабақтар және сыныптан тыс іс-шаралар өткізді, ұсынылған сабақ мақсаттары мен мазмұны, әзірлемесі апталық тақырыбы мен мақсатына сәйкес құрастырылды. Өткізілген сабақтардың барлығы дерлік жаңартылған білім мазмұнына сәйкес құрылды, АКТ, басқа да сандық ресурстар тиімді қолданылды, сабақтардағы тапсырмалар оқушылардың жеке орындауына немесе пәндік дағдыларды өз бетінше игеруіне арналған, пән мұғалімдері танымдық тапсырмалар арқылы оқушылардың қызығушылықтарын оята білді. Сондай – ақ әр сабақта сынып ұжымдарының мұғалім талабын түсінуі, тапсырма шартын ұғынуы, орындау белсенділіктері мен шеберліктерінен пән мұғалімдерінің жаңа әдіс – тәсілдерді өз сабақтарында үнемі қолданатындықтары байқалды. Барлық мұғалімдер офлайн, қашықтық курстарға, онлайн семинарларға жыл бойы мүмкіндіктерінше қатысып, тәжірибе жинақтап отырды.

Оқу жылының соңында «Зерде» сертификатталған мұғалімдер тобының жылдық жұмысының нәтижесі талқыланып, «қанағаттанарлық» деп есептелінді.

Келер оқу жылына ұсыныс:

- *МДЖ нақты мақсат қоя отырып құру, жүзеге асыру және қадағалау;*
- *Мұғалімдердің жаңа әдіс – тәсілдерді қолдана отырып СЗ, коучингтер, семинарларды жүйелі түрде өткізуі;*
- *Мұғалімдер мен мектеп әкімшілігі тарапынан орындалған жұмыстарды жүйелеу, өнім шығару (кітапша, дайджест, дискі, электронды оқулықтар, лицензиялық жұмыстар)*
- *Қалалық, аймақтық семинарларда, дөңгелек үстелдерде, конференцияларда, БАҚ жұмыс және түрлі сайттарға шығуы арқылы мұғалімдердің тәжірибе алмасуы, бөлісуі, таратуына қолдау жасау.*

Мектептің тәрбие жұмысының сараптамасы

БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес оқу-тәрбие процесі білім берудің барлық деңгейлерінде бірыңғай идеологиялық және құндылықтарға негізделіп ұйымдастырылады.

Тәрбие процесін адамзаттың жинақтаған мәдениетін, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды оқушының жеке мәдениетіне, тұлғалық құндылығына айналдыру мақсатындағы оқушының өмір әрекетін ұйымдастыру деген ұғыммен тәрбие шаралары барлық ынталы тараптардың: отбасы, білім беру ұйымдары, қоғамның кең ауқымда қатысуымен кешенді түрде жүргізілуі тиіс.

Тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудың нормативті-құқықтық базасы келесі құжаттар:

1. «Бала құқығы туралы» БҰҰ Конвенциясы <https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/>;
2. Қазақстан Республикасының Конституциясы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/S1100000002>;
3. «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» ҚР Кодексі 2011 жылғы 26 желтоқсандағы №518-IV
4. 2030 жылға дейінгі ҚР отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасы
5. «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» ҚР Заңы 2002 жылғы 8 тамыздағы №345
6. «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» ҚР Заңы 2009 жылғы 4 желтоқсандағы №214-IV
7. «Балалардың денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» ҚР Заңы 2018 жылғы 02 шілдедегі №169-VI
8. «Білім туралы» ҚР Заңы 2007 жылғы 27 шілдедегі №319
9. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы
10. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрілігінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері
11. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 1 қазандағы №525 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері

Тәрбие – қайшылықты және ұзақ үрдіс. Оның нәтижесін есепке алу күрделі мәселе. Ол үшін жобаланған және қол жеткен шынайы нәтижені салыстырып талдау қажет. Қол жеткен нәтиже дегенде тұлғаның тәрбиелік деңгейі түсініледі.

Мектептің тәрбие бағыты: «Тәрбие жүйесін жетілдіру барысында жас жеткіншектің бәсекелестік қабілетін арттыру».

Мектептің әдістемелік тәрбие тақырыбы: «Білімнің білігін, тәрбиенің тәлімін бере отырып, ұлттық үлгіден әлемдік білім кеңістігіне шығу».

Тәрбиенің мақсаты: рухани байлықты, моральдық тазалықты, дене бітімін жетілдіруді, бәсекеге қабілеттілікті, прагматизмді, ұлттық сәйкестікті, білімнің табынуын, эволюциясы мен сана-сезімінің ашықтығын, әлеуметтік рөлдердің жүйесін толықтай орындауға қабілетті, ХХІ ғасырдың лайықты өмірін қалыптастыруға қабілетті жан-жақты және үйлесімді дамыған тұлғаны тәрбиелеу.

Тәрбиенің міндеттері:

- 1) ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым және практикалық жетістіктер негізінде тұлғаның дамуы мен құруды қалыптастыруға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайларды жасау;
- 2) жеке тұлғаның шығармашылық, рухани және дене бітімдік қабілеттерін дамыту, моральды, салауатты өмір салтын нығайту негіздерін қалыптастыру, жеке тұлғаны дамыту, сыни ойлау және функционалдық сауаттылықты (компьютерлік, цифрлық, математикалық, жаратылыстану, оқу сауаттылығын) дамыту үшін жағдай жасауда өз бетінше шешім қабылдау проблемалары арқылы интеллектіні байыту;
- 3) Қазақстан Республикасының Отанға деген махаббатын, азаматтылықты және отансүйгіштікті тәрбиелеу, мемлекеттік символдар мен ұлттық дәстүрлерге деген құрмет, кез келген конституцияға және қоғамға қарсы жағдайларда қарсылық таныту;
- 4) еліміздің қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттілігін, тұлғаның өз құқығын және міндетін сезінуді қалыптасыту;
- 5) психологиялық-педагогикалық құзыреттілікті және ата-аналардың бала тәрбиесіне деген жауапкершілігін арттыру, жастарды дені сау отбасын құруға даярлау, отбасы институтын нығайтуда саналы атсалысу;
- 6) әлеуметтік маңызы бар балалық, отбасылық және ата-аналық бастамаларды, балалардың қоғамдық бірлестіктерінің қызметін дамыту және қолдау;
- 7) Сынып жетекшілердің кәсіби шығармашылығын дамыту, бірлестік жұмысын күшейту, сынып ұжымын ұйымдастыруға әдістемелік көмек көрсету, талдау-диагностикалауға үйрету.

Тәрбие жұмысының басым бағыттары Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар тұтас педагогикалық процестің өзегі бола отыра, тәрбие жұмысының барлық бағыттары арқылы өтеді.

1. Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие
2. Рухани-адамгершілік тәрбие
3. Ұлттық тәрбие
4. Отбасы тәрбиесі
5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие
6. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие
7. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі
8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие. Мақсаты: жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азаматты және патриотты; тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін; балалар мен жастардың құқықтық санасын, оларда балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа қарсы тұру даярлығын қалыптастыру. ӘНХ басшылыққа ала отырып, 2022-2023 оқу жылына тәрбие жұмысының жылдық жоспары құрылды. Мектепте 1-11 сынып аралығында 15 сынып, 15 сынып жетекші бар. Жоспар негізінде төмендегі жұмыстар іске асырылды. «Мектепке жол», «Мектепке жиналуға көмектес» және «Адамдарға қуаныш сыйла!» қайырымдылық акциясы ұйымдастырылды. «Білімге ұмтылу, еңбек сүйгіштік және отаншылдық» тақырыбында ұстаздар, оқушылар, ата-аналардың қатысуымен 1 қыркүйек алғашқы қоңырау мерекесіне орай іс-шара өткізілді. Тәрбие сағаттарында «Мектептегі мінез-құлық ережелері» мектептің ішкі тәртіп ережесімен таныстырылды. Білім басқармасы, құқық қорғау органы, прокуратура қызметкерлерімен бірлескен «Мобильді топ» құрылды.

25 қазан Республика күніне орай мектебімізде іс шаралар жоспары құрылды. "Қыран елім—ҚАЗАҚСТАНЫМ" атты апталық іс-шара бойынша тарих пәні мұғалімдері Жансүгір Д.С., Досмағамбетова Ш. А. оқушылармен "Қазақстан—достық мекені" тақырыбында әңгіме жүргізді. "Бірлігіміз жарасқан Қазақстан!" тақырыбында сынып сағаттары өтті. ҚР Тәуелсіздік күніне орай "Қазақстанның дамуы жастар қолында" тақырыбымен тарих пәні мұғалімі Досмағамбетова Ш. А. 8-сынып оқушыларымен дөңгелек үстел басында әңгіме жүргізді

Өзін-өзі басқару ұйымының ұйымдастыруымен Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Гимнді жаппай орындау жиыны өткізілді. "Жалпы қоғамдық тәртіп негіздері" тақырыбын негізге ала отырып, Дебат клубының жетекшісі Жансүгір Д.С. мәдениет және дебаттық фракциямен бірлесіп дискуссиялық пікірталас өткізді.

Дебат фракциясы мен үйірме мүшелерінің "Біз болашақ ел патриотымыз" бағытында пікір сайыс өткізді. Бұл пікір сайыста адамгершілік және құқықтық мәдениетті арттыру мәселелері де қарастырылды. Дебат фракциясының депутаты әр оқушының бойында ар-ұят, абырой, адалдық, әділдік сияқты адами қасиеттердің қалыптасуын маңызды деп атап өтті.

Азаматтық және құқықтық бағытта қалалық ішкі істер бөлімі қызметінің инспекторы полиция аға лейтенанты Ж.Мамельбаева 9-10 сынып оқушыларына "Кәметке толмағандарды құжаттандыру" тақырыбында дәріс оқыды.

"Мемлекеттік қызмет-елдің мүддесіне адал еңбек" қалалық эссе жазу байқауына 9 "А" сыныбы оқушысы Серикбаева Самина қатысып, II орын жүлдегері атанды.

«Зорлық-зомбылықсыз 16 күн» республикалық акциясының аясында мектеп психологының қатысуымен бастауыш сыныптар: «Мен ашулансам не істеймін?», «Мені кім қорғай алады?», ортаңғы сыныптарда: «Егер сіз кінәлі болсаңыз, ата-анаңызбен қалай сөйлесуге болады?», «Тұрмыстық зорлық-зомбылық қайдан пайда болады?», жоғары сыныптарда: «Қалай зорлық-зомбылық құрбаны болмау керек?», «Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қалай жауап беруге болады?» тақырыптарында сынып сағаттары өтті.

Өзін-өзі басқару органы "Мектеп парламенті" ұйымы "Бала құқығы-Адам құқығы" тақырыбында 10 сынып оқушыларымен дөңгелек үстел өткізді. Балалар өкілдігінің төрайымы 10"А" сынып оқушысы Кадримбекова Аделя оқу ағарту министрі А. Аймағамбетовпен еліміздің барлық өңіріндегі балалармен бірге кездесуіне қатысып келді.

Мектептің өзін-өзі басқару ұйымы қалалық мектеп оқушылары арасындағы "Патриоттық әндер" байқауына қатысып, 2-орынды қанжығаларына байлап қайтты.

«Жас Ұлан» және "Жас Қыран" балалар мен жасөспірімдер ұйымына 1-ші және 5-ші сынып оқушыларын қабылдау рәсімі өтті. Дебат "Жемқорлық індет, жою міндет" 2023 жылғы 20 қаңтарда болатын облыстық турнирдің іріктеу кезеңіне дайындық жұмыстары <https://www.instagram.com/p/CnioAgjo2wF/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==>

"Ұшқыр ой алаңы" дебат турнирінің облыстық кезеңіне спикерлер 9-сынып оқушылары Хамит Алтынбек, Асқаров Темірланқатысып келді. <https://www.instagram.com/p/Cnn4vU4IEhU/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==>

- Дебат фракциясының депутаты Асқаров Темірлан Желтоқсан айында Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Психологиялық қолдау және қосымша білім беру өңірлік орталығы» КММ ұйымдастыруымен облыстық «BOLASHAQ» пікірсайыс турниріне қатысып сертификат алды.

-Өзін-өзі тану және бақыт фракциясының депутаты Сергейқызы Зерда “Әдеп ең қымбат мирас” атты дөңгелек үстел өткізілді.7А мен 7Б сыныптарымен дөңгелек үстел құрап олармен әдептілік туралы сөз тарқады.

-Құқық тәртіп фракциясының депутаты Кадримбекова Аделя Желтоқсан айында 7-9 күндері бала құқығы жайында Астана қаласында Асхат Аймагамбетовпен кездесу болды. Сонымен қатар, баланың құқығы туралы өзекті мәселелерді айтқан болатын. Бұл екі күн ішінде балалардың құқығы қаншалықты маңызды екенін түсіндіріп айтып жеткізді.

-Спорт және салауатты өмір салты фракциясы депутаты Жиеналин Ислам Желтоқсан айында 1-4 және 5-9 сыныптар аралығында «Мектеп лигасы» спорттық іс-шаралар өткізілді.8-11 сыныптар аралығында «Мектеп денсайлық ортасы бола ала ма?» ток-шоу өткізілді.

-Бастауыш сынып оқушыларының “Қош келдің, Жаңа жыл!” атты мерекелік ертеңгілігі.5-7 сынып оқушылары аралығындағы “ Хогвардс еліне саяхат” атты мерекелік ертеңгілік және 8-11 сынып оқушылары аралығындағы “Жұлдыздар шеруі” атты карнавал өткізілді.

Зтоқсан

-Экология және еңбек фракциясы депутаты Есеркепова Аружан Наурыз айында Түркі тілдес елдердің ортақ мейрамы Наурыз мейрамының құрметіне мен мектеп бойынша Челендж жібердім.

Челендждың тақырыбы "Із басар" болатын.Қазақтың ұлттық нақыштағы әшекей бұйымдары,оюлы киімдері мектеп оқушыларының 1 күндік ДРЕСС КОДы болуы шарт болатын.

Біздің мектеп осындай тақырыптарды жақсы көреді,сондықтан бірә белсене қатысты.

-Өзін-өзі тану және бақыт фракциясының депутаты Сергейқызы Зерда “Мен ерекше баламын” атты байқауы өткізілді. 8А мен 8Б аралығында өтті. Оқушылар өздерінің ерекше адамгершілік қасиеттерімен бөлісті, әр баланың өзінің ерекшелігі бар екендігі түсіндірілді.

-Мәдениет және өнер фракциясы депутаты “ЖҰЛДЫЗДЫ СТАРТ”-Байқауы. “ ЭКОstart” жобасы өзін-өзі басқару ұйымының ұйымдастыруымен “ Табиғатты аялайық!” тақырыбында фотосурет галереясы өткізілді.”BALA DAUYSY”- Байқауы өткізілді.

-Спорт және салауатты өмір салты фракция депутаты Жиеналин Ислам 5-11сыныптар тоғыз қомалақ, асық ату ұлттық ойынан жарыс өткізіліп, облыстық деңгейіне жетті.

-7сыныптар аралығындағы қалалық Биші сынып байқауына оқушыларды белсенді дайындадық.Нәтижесінде жүлделі орындарға ие болды.

4тоқсан

-Қайырымдылық фракциясының депутаты Хамит Айша 5 сынып оқушыларымен «қызға қырық үйден тыйым» атты іс- шара өткізілді.

-Өзін-өзі тану және бақыт фракциясы депутаты Сергейқызы Зерда “Отбасы бақыт мекені” атты жұмыс жүргізді. Отбасы туралы дәйексөздер,мақал-мәтелдерді талдадық.

Тапсырмалар мен жағдаяттарды орындады.

-Спорт және салауатты өмір салты фракция депутаты Жиеналин Ислам 10-11 сыныптар аралығында Президенттік спорттық сайысқа қатысып, жақсы дәрежені көрсетті.

- Мәдениет және өнер фракциясының депутаты Бекназарова Маржан Халықтар ынтымақтастығы күніне орай қабырға газеттер.Отан қорғаушылар күніне орай мектеп парламентініңқұттықтауы. “ Жас Ұлан ” балалар-жасөспірімдер бірлестігі көшбасшыларының балалар бірлестіктері күніне арналған дәстүрлі табиғат аясына шығу

- Өзін-өзі басқару ұйымы мектеп Абай атындағы ЖББМ КММ атқа ие болған үшін концерттік бағдарламасына белсенді қатысты.

-Ақпарат фракциясының депутаты Болатова Аружан «Менің ұстазым» тақырыбында жас блогерлер айдары туралы оқушылармен видео түсірілді.

-Құқық және тәртіп фракция депутаты Кадримбекова Аделя Құрметбек Бағыжан мен Какимжанов Кайрат Какимжанович бұл Юид конкурске 6-7 сынып оқушыларының жақсы дайындап жүрді. Бұл сәтте көмектесуге тырысты.

-Экология және еңбек фракция депутаты Есеркепова Аружан "Менің ағашым" атты мектеп алдын көгалдандыру акциясына қатысты.

Оқушылардың жазғы демалысын, көгалдандыру жұмысын ұйымдастыру

Жаз-2023 "Қазақстан—бақытты балалық мекені!" Оқушылар үшін ең қызықты мезгіл – жаз маусымы. Үш ай демалыста балалар алаңсыз асыр салып ойнап, бір жасап қалады. Бұл уақытта бүлдіршіндер мен жасөспірімдердің көпшілігі лагерьге баратыны да сөзсіз. Яғни, лагерь олар үшін – жаздың көркі.

Жалпы, лагерьдің мақсаты – патриоттық тәрбие мен салауатты өмір салтын насихаттау болып табылады. Және де демалыс орны 3 ауысым бойы жасөспірімдердің әр күнін қызықты әрі пайдалы өткізу үшін жұмыс жасайды. Сондай-ақ, түрлі спорттық және мәдени іс-шаралар ұйымдастырып, балалардың шығармашылық қабілетін шыңдайды. Айта кетейік, лагерь жыл сайын көпбалалы отбасылардан, аз қамтылған және толық емес отбасылардан шыққан балаларға да арнап жұмыс істеп келеді.

2022-2023 оқу жылындағы демалыс сауықтыру алаңында «Қыран» және «Сұңқар» топтары өз жұмыстарын жүзеге асырады. Лагерьдің жұмыс істеу мерзімі: 05.06.23 – 16.06.23 ж. Оқушы саны – 21. Оқушылар екі мезгіл тамақтанады. Тамақтанудың бір күндік сомасы 1450 т. құрайды. Қамқоршылық кеңесінің мүшесі Стригина Ю.Б. лагерьге келіп жүрген аз қамтылған жанұялар мен көп балалы отбасы балаларына көмек ретінде лагерьге келіп жүрген 21 оқушының бәрін тегін тамақ ішу барысында спонсорлық көмек көрсетті. Лагерьде демалушылармен түрлі пән мұғалімдері көңілді, зияткерлік, қимылды ойындар ұйымдастырады. Оқушылардың жазғы демалысында мектеп ауласын көгалдандыру жұмысын ұйымдастыру, оқушыларды еңбекке баулу, жұмыспен қамту және жауапты мұғалімдер тағайындалады. Көгалдандыру жұмысының мерзімі 05.06.23 - 03.08.2023 жыл. Көгалдандыру жұмысы кезінде оқушылармен түрлі ауысымдар жұмыс істейді. Атап айтсақ: педагогикалық-психологиялық қолдау, «Ұлттық ойындар» ауысымы, «CodeUnior», «Достық тілі», «Ана тілі», «Ақылды оқырмандар», «Адал ұрпақ», «Дебат», «Біз біргеміз!» ауысымдары қосымша жұмыс жүргізеді.

Қамқоршылық кеңес құрамының 2022-2023 оқу жылында жүргізген жұмыстары

1. 2022-2023 оқу жылының жоспары құрылды.
2. 2022-2023 оқу жылындағы ҚК құрамының мүшелерінің өзгерімімен таныстырылды.
3. Қамқоршылық кеңесі құрамының 5 отырысы болды, хаттамалары толтырылды, қарастырылған сұрақтардың бәрлығы қамтылды. ҚК құрамының атқарған жұмысы қанағаттанарлық. «Батыр партасы» облыстық акцияны жүзеге асыру барысында партаны безендіруге толық көмек көрсетті. Жазғы лагерь ауысымына оқушылардың толықтай ыстық тамақпен қамтылуын ұйымдастыру барысында Қамқоршылық кеңесінің мүшесі Стригина Юлия Борисовна аз қамтылған және көп балалы, жағдайлары төмен отбасы балаларына демеушілік көмек көрсетті, 21 оқушыны екі мезгіл ішетін тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етті.

Мектептегі тамақтану -Асхана жайлы есеп

Асханада оқушылар тамақтану үшін 200 орын есептелген. Асхана күніне 239 бала қабылдайды, оның ішінде 1-4 сынып оқушылары 84, 5-11 сыныптарда 155

Жылдық рейтингтік қорытынды:

1. Сыныптар бойынша рейтингтік бағалау қорытындысы.

Жыл ішінде атқарылған жұмыстар бойынша рейтингтік бағалау әр сыныпқа жүргізілді. Жыл соңында ұпайы озып шыққан 1-4, 5-11 сыныптар аралығында «Жыл сыныбы» номинациясына екі сынып иеленді. Арнайы құттықтау грамотасы тапсырылды.

1-4 сыныптардан 2 «А» сынып ұжымы «Жыл сыныбы» номинациясына лайықты болып, марапатталды. Сынып жетекшісі Акишова Ш.Б. 5-11 сыныптардан 10 «А» сынып ұжымы «Жыл сыныбы» номинациясына лайықты болып, марапатталды. Сынып жетекшісі Демеубаева А.К.

2. «Жыл оқушысы» қорытынды бойынша жылдық жетістік индикаторы бойынша 1-4 сынып аралығынан

4 «А» сыныбы оқушысы Сагидаукас Аружан «Жыл оқушысы» номинациясын жеңіп алды. 5-11 сынып аралығынан 10 «А» сыныбы оқушысы Хамит Айша «Жыл оқушысы» номинациясын жеңіп алды.

3. «Жыл сынып жетекшісі» байқауының қорытындысы сынып жетекшіге жүргізілген рейтинг нәтижесі бойынша шықты. Бастауыш сыныптар бойынша 15 сынып жетекшіге 4 тоқсанға тоқсандық жұмыстар бағыты бойынша бақылау мен саралау жүргізілді. Нәтижесінде:

1-4 сынып аралығынан 2 «А» сынып жетекшісі Акишова Ш.Б. «Жыл сынып жетекшісі» болып анықталды. 5-11 сынып аралығынан 10 «А» сынып жетекшісі Демеубаева А.К. «Жыл сынып жетекшісі» болып анықталды. Жеңімпаздар құрмет грамотасымен марапатталды.

«Оқуға құштар мектеп» жобасын жүзеге асыру мақсатында жүргізілген жұмыстар

Кітап – адамзат баласының баға жетпес асыл құндылығы. Білім мен мәдениеттің биік белестеріне жетелейтін – тәрбие құралы. Шығыс ойшылы Науаи: «Кітап – ақылына ақы сұрамайтын алтын қазына» десе, Абай ағамыз «Танымның бар тамашасы – кітапта, оған қол жеткізу үшін кітап оқудан жалықпа», «Артық ғылым кітапта, ерінбе оқып көруге» деп насихаттайды. Мағыналы сөздерден кітап оқудың кез келген тұлғаны дамытудың қайнар көзіне кенін түсінесің.

Жоба жоспары бойынша орта буын ұстаздары мен сынып жетекшілері және кітапханашылар айтарлықтай ауқымды жұмыс атқаруда. Жобаға қатысушылар қала, облыс, республика, халықаралық деңгейлерде өз мақалаларын, тәжірибе алмасу жұмыстарын таратты, әрі басылымдарда жариялады.

Қазақстан халқы тілдері күні - 5 қыркүйекте атап өтілетін мереке. Тіл - мемлекеттің басты айшығы, елдігіміздің тұғыры. Оқуға құштар мектеп жобасы шеңберінде сыныптарда әдеби жәрмеңке, кітапханада кітаптар көрмесі оқушылардың кітапқа деген қызығушылықтарын арттырды.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында Мұхтар Әуезовтың шығармашылығына арналған «Мұхтар Әуезов - ұлы тұлға» тақырыбындағы әдеби көрме ұйымдастырылды.

<https://www.instagram.com/p/CrztczitZiK/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==>

Амангелді Имановтың туғанына 150 жыл толуына орай қалалық балалар кітапханасымен бірлескен іс-шара ұйымдастырылды. "Торғай сұңқары Амангелді Иманов" тақырыбында кітапхана қызметкері Майгүл Арыстанбаева оқушыларға ұлт-азаттық көтеріліс кезіндегі батырдың ерліктерін баяндап, ұлт намысын қорғаған батырдың өмірбаянымен таныстырып, оны құрметтеуге, ұлықтауға баулыды.

<https://www.instagram.com/p/CrIjRinNZDT/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==>

Кітапхана — оқырман мен кітап арасындағы алтын көпір. Қалалық орталық кітапхана мен 8-сынып оқушыларымен ұйымдастырылған "Замандастар" клубы үздіксіз коммуникативтік қарым-қатынасты байланыстырып келеді. Қасым Қайсеновтің туғанына 105 жылдығын атап өту мақсатында "Аңыз адам-Қасым Қайсенов" тақырыбында қалалық кітапханада клуб жетекшісі Мауленова Әлия Сапарғалиқызы еске алу кешін өткізді. Клуб жетекшісі мен сынып жетекшілері үнемі тығыз байланысты қолдап, оқушылармен түрлі іс-шаралар өткізуде. Оқушылар "Соғыстан қайтқан солдаттар" атты көрініс дайындап апарды, бойларына Отансүйгіштік, ерлік, батылдық қасиеттерін сіңірді, сондай-ақ оқушылар қазақтың жаны, ұлттың байлығы домбырамен Адайдың күйі "Балбырауынды" орындап, ұлттық құндылықтарды ұлықтады. <https://www.instagram.com/p/CrFhtqAtU4J/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==> «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында бастауыш сыныптар арасында кітапханашы Мульткебаева Гүлжанорыстілім мұғалімімен бірге «А.С.Пушкиннің өлеңдері оқу» атты оқырмандар байқауын өткізді. <https://www.instagram.com/p/Cqr3kthth6-/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==>

Кітаптар апталығында кітапханашы Г. Мульткебаева бастауыш сынып оқушыларына "Маша мен аю" , "Үшаю" ертегілерін (қуыршақ театры) қойылымын қойды. <https://www.instagram.com/p/CqcsrIXgSW0/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==>

<https://www.instagram.com/p/Cqrd0QGtPjq/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==>

1-11 сынып аралығында "Менің сүйікті кітабым" атты көрме ұйымдастырылды.

<https://www.instagram.com/p/CqcsBU2gJA9/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==>

#"Сөзсұлтаны - Сұлтанмахмұт" С. Торайғыровтың туғанына 130 жыл толуына орай 5-9 сыныптар арасында мәнерлеп өлең оқу челленджіне 9 "Б" сынып оқушысы Хамит Алтынбек, 8 "Б" сынып оқушысы Такмухамедова Нурдана қатысты.

<https://www.instagram.com/reel/CqcUdL6gf9P/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==>

<https://www.instagram.com/reel/Cqa8Bhrgh5N/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==>

"Оқуға құштар мектеп" жобасы мен "Үндестік" жобасы шеңберінде білім алушылардың кітаптарды ата-анамен бірге онлайн оқуы ұйымдастырылды.

<https://www.instagram.com/p/CqR1DDIN9Qn/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==>

"Іт -келешегі кемел сала" тақырыбында 11 сынып оқушыларымен дөңгелек үстел өтті.

<https://www.instagram.com/p/Co4MWBpATKy/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==>

ЛисаковқаласықалалықбалаларкітапханасықызметкеріАрыстанбаева М. С. Мектептер мен алмасу жұмысы бойынша 3"А"сынып оқушыларымен (сынып жетекшісі Кубенова Г. Ж.) "Іш пыстырмайтын- қолдағы журнал" тақырыбында кездесу жүргізді. Оқушылар өздерінің сүйікті республикалық "Балдырған" журналының кезекті рубрикасымен танысып, танымдылықтарын арттырып келді.

<https://www.instagram.com/p/CovFtfzrQ3y/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==>

Өзін-өзі басқару ұйымының ұйымдастыруымен ақпарат фракциясының депутаты Болатова Аружан 8-сынып оқушыларын "Бірге кітап оқиық!" айдары бойынша кітапхана қорында биылғы жылы пайда болған Міржақып Дулатұлының "Оян, қазақ!" кітабыментаныстырды. Бұл кітапта адамзатты ескіліктен, мешеуліктен, зорлық-зомбылықтан, қанау мен езуден құтқаратын күшті құрал - оқу-білім, өнер-ғылым, адалдық, әділдік пен адамгершілік мәселелері көтерілген болатын. Ақынның көңіл күй лирикалары да саяси-әлеуметтік мәселелерді қозғады. Ал қазақ әйелінің ауыр халін шынайы бейнелеген "Бақытсыз Жамал" романы ұлттық әдебиетіміздегі тұңғыш прозалық шығармасы еді.

Роман желісі оқушыларға қазақ әдебиеті пәнін танытқан болғандықтан, қызығушылық танытып, белсенділікті арттырды. <https://www.instagram.com/p/CovBfu8LMzp/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==>

"Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында 20 минут үнсіз оқу акциясы <https://www.instagram.com/p/CnyQSgKNgUu/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==>

"Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында кітаптар мерейтойына арналған бейне түсірілім. <https://www.instagram.com/reel/CnyPij9gzJ1/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==>

"Менің өмірімдегі кітаптың алатын орны" тақырыбында 3-4 сынып оқушылары аралығында сауалнама жүргізілді. <https://www.instagram.com/p/Cnocu4gA1lg/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==>

"Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында "Өзін оқы және өзгеге тарат!" акциясы бойынша диалог алаңына шыққан оқушылар мен ата-аналарды марапатталды. <https://www.instagram.com/p/CnLsYMJN9Rh/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==>

«Үндестік» жобасын іске-асыру бойынша 2021-2022 оқу жылында жүргізілген жұмыстар

Бүгінгі таңда білім беру ұйымы мен ата-аналар арасындағы өзара іс-қимыл заманауи білім беру жүйесін жаңғыртуды ескере отырып қарастырылуда. Өзара әрекеттесу ата-аналарға білім беру қызметтерінің «тапсырыс берушілері» ретінде, сонымен бірге олардың сапасын дұрыс бағалай алатын және білім беру қажеттіліктері мен оқу процесін өзін-өзі ұйымдастыруға қойылатын заманауи талаптарға сәйкес оқушылардың оқу іс-әрекетін оңтайландыруға қатысатын белсенді, адал және жауапты тұтынушыларды бағдарлауды қамтиды.

Мұның бәрі **әлеуметтік серіктестік** қағидаттары мен шарттары бойынша ата-аналармен ұзақ мерзімді өзара тиімді қарым-қатынас құру қажеттілігін қарастырады. Білім беру ұйымы мен отбасының өзара іс-қимылы қазіргі білім беру стратегиясында белгіленген ынтымақтастықтың жаңа нысандары арқылы құрылады. Отбасымен жеке жұмыс-Сынып жетекшісінің ата-аналармен қарым-қатынасының күрделі түрі, баланың жеке қабілеттері мен отбасылық жағдайын анықтау, жеке тұлғаны дамытудың жеке бағдарламасын жасау үшін ұйымдастырылған.

«Үндестік» және “Оқуға құштар мектеп” жобасы аясында “Өзің оқы және өзгеге тарат!” **акциясы** бойынша диалог алаңына ата-аналар мен оқушылар шықты. Диалогке шыққан оқушылар мен ата-аналар марапатталды.

<https://www.instagram.com/p/CnLsYMJN9Rh/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==>

"Үндестік" жобасы шеңберінде аутодеструктивті мінез - құлықтың алдын алу бойынша ата -аналарға "Темекі шегудің,алкоголизмнің, нашақорлықтың алдын алу" тақырыбында тұсаукесер көрсетіліп, **кеңестер** берілді.

<https://www.instagram.com/p/CnyMxRCIIui/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==>

"Үндестік" жобасы шеңберінде педагог-оқушы-ата- ұштұғырлықтың ұйымдастыруымен өткізілетін фестивальге шақырамыз! Ата-аналарға шақыру билеттері таратылды.

https://www.instagram.com/p/Cn_PcCYt9cf/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==

«Жасөспірімдердің суицидтік мінез-құлқы және тұрмыстық зорлық-зомбылық» атты тақырыпта "Үндестік" жобасы аясында ата-аналармен ұстаздарға арналған психологиялық **тренинг** өтті.

Кәмелетке толмағандардың суицидтік мінез-құлқының және тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу жайлы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы тақырыптар бойынша алдымен ата-аналарға **ақпараттар және кеңестер** берілді.

<https://www.instagram.com/p/Co4Llx7AKeZ/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==>

1 наурыз – Алғыс айту күніне "Үндестік" жобасы шеңберінде 5 "А" сынып ата-аналарының жүрекжарды алғыстары мен ризашылықтарын бейнеқұттықтау арқылы жолдады.

<https://www.instagram.com/reel/CpPXBIHAjsq/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==>

"Үндестік" жобасы мен отбасылық тәрбие бағытындағы "Отбасы орта мектеп" жобасы шеңберінде "Анама арнаймын" тақырыбында бастауыш сыныптарда ашық сынып сағаттары өтті. Оқушылар аналарына, әжелеріне арнаған тақпақтарын айтып, ән шырқады. Аналар мен әжелер балаларының ғажап билерін тамашалады. Оқушылар "Театр әлемі" үйірмесінің берер өнегесі мен тағылымы мол,өздеріне сомдайтын бірнеше көріністерден шағын үзінділер көрсетті. Соңы ұстаз бен ата-ана, оқушы ынтымақтастығының нышаны ретінде құттықтаулармен, тәтті шаймен жалғасты.

https://www.instagram.com/p/Cpe_OyJN8-Q/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==

https://www.instagram.com/p/Cpe_OyJN8-Q/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==

<https://www.instagram.com/p/CpfAvrBAPAf/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==>

2023 жылғы 10 наурыз бен 17 наурыз аралығындағы ведомствоаралық іс-шаралар жоспары мен "Үндестік" жобасы аясында «Қиын болса, қоңырау шал» науқаны барысында ата-аналарға **ақпараттық-түсіндіру** жұмыстары жүргізілді. Максаты: Кәмелетке толмағандар мен олардың ата-аналарын облыстық психологиялық қолдау орталығы туралы хабардар ету, мектеп оқушыларына бірлесіп, психологиялық көмек көрсету, сондай-ақ кәмелетке толмағандар мен ата-аналар жұртшылығының психологиялық сауаттылығын арттыру.

<https://www.instagram.com/p/Cp4SBHBtT8S/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==>

Оқушылар мен педагогтер және ата-аналар "Үндестік" жобасы шеңберінде музыкалық өнер саласындағы шығармашылық жетістіктерін көрсетіп, домбыраны танымал ету барысында домбырашылар **челленджіне** қатысты.

<https://www.instagram.com/reel/Cp4VD-JAWtW/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==-->

"Оқуға құштар мектеп" жобасы мен "Үндестік" жобасы шеңберінде білім алушылардың кітаптарды ата-анамен бірге онлайн **оқуы** ұйымдастырылды. <https://www.instagram.com/p/CqR1DDIN9Qn/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==>

Балаларға қатысты кибербуллинг фактілері негізінде. "Үндестік" жобасы шеңберінде педагог-психолог Бирмуқанова А.М. ата-аналармен **кеңес**, **түсіндірме** жұмысын жүргізіп, жадына малар таратты.

<https://www.instagram.com/p/CqSflTvNOJs/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==>

"Үндестік" жобасын жүзеге асыру шеңберінде ата-аналармен **"Директор сағаты", "Әкімшілік қабылдаудың"** өзара әрекеттесу жұмыс кестесі <https://www.instagram.com/p/CqXShZNAJSK/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==>

«Үндестік» жобасы шеңберінде "Бала тәрбиесіндегі әкенің рөлі" тақырыбында әкелер кеңесінің **отырысы** өтті. Директордың тәрбие істері жөніндегі орынбасары Б.Ескенова "Әке - ұрпақтың панасы" тақырыбында әңгіме жүргізді. Педагог-психолог А.Бирмуқанова "Мен өзімді мақтайын", "Белсенді қимыл-қозғалыс" тақырыбында тренинг-жаттығулар өткізіп, әкелермен ситуациялық жағдаяттар қарастырды, әкелер белсенді қатысты. Отырыстың соңы спорттық ойындар сайысымен жалғасты.

<https://www.instagram.com/p/CqcLYrgt3WB/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==>

«Үндестік» жобасы шеңберінде өткізілген «Әкелер кеңесі» отырысынан кейін АӨТД пәні мұғалімі Какимжанов Қ.К. әкелер арасында «Мылтықты дәлдеп ату» **сайысын** ұйымдастырды. Жеңімпаздар жүлделі орындармен марапатталды.

<https://www.instagram.com/p/CqcLp5HN2VJ/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==>

«Үндестік» жобасы шеңберінде өткізілген «Әкелер кеңесі» отырысынан кейін дене шынықтыру пәні мұғалімі Ергазин А.Б. әкелер арасында «Асық ату» ұлттық **ойын түрінен жарыс** ұйымдастырды. Жеңімпаздар жүлделі орындармен марапатталды.

<https://www.instagram.com/p/CqcL-vCtkHw/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==>

"Үндестік" жобасы **аясындағы кеңес**. Құрметті ата-аналар! Балалардың терезеден құлап кетуіне жол бермес үшін жазатайым оқиғалардың алдын алайық, балалардың терезеден құлап кету нәтижесінде болуы мүмкін қайғылы салдарлар туралы білгендеріңіз жөн. Сақтықта қорлық жоқ! Жан-жақты сақ болайық!

<https://www.instagram.com/p/CqmS5aOoMXo/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==>

"Үндестік" жобасы шеңберінде "Бала тәрбиесіндегі әкенің рөлі" атты тақырыпта 1-11 сынып оқушыларының әкелерімен психологиялық **тренинг** өтті. Мақсаты: Әкенің отбасындағы тәрбиеге- өте маңызды роль атқаратындығын көрсете білу, мектеп пен ата-ана байланысын ынтымақтастыру, өзара серіктестік орнату, әкенің бала тәрбиесіндегі рөлі маңызды екендігін ашып көрсету.

https://www.instagram.com/p/Cqo5FG2N_RQ/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==

"Үндестік" жобасы шеңберінде пән мұғалімдерімен **жеке консультациялар**

<https://www.instagram.com/p/CqubrcCtMH9/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==>

"Алаяқтың құрбаны болмаудан қалай сақтануға болады?" тақырыбында "Үндестік" жобасы шеңберінде. **мектепшілік ата-аналар жиналысы** болды. Алаяқтардың арбауынан сақ болудың жолдары туралы қалалық қылмыстық полиция қызметкері Утегенов К. В. ата-аналар мен ұстаздарға дәріс оқыды. Сондай-ақ күн тәртібі бойынша #Қауіпсізтерезе тақырыбында ата-аналарға директордың тәрбие істері жөніндегі орынбасары Б.Ескенова баяндамамен бірге түсінік жұмысын жүргізді, слайдтар көрсетті, тағы да басқа түрлі сұрақтар

қарастырылды. Жиналыс "Көңіл-күйдің сан қырлы сырлары" тақырыбындағы педагог-психолог А. Бирмуканова ұйымдастырған тренинг-жаттығумен аяқталды. <https://www.instagram.com/p/CqvKHCptOPF/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==>

Облыстық "Үндестік" жобасы шеңберінде педагог-оқушы-ата-ана бірлесе ұйымдастырылған "Әнім саған арналады, мектебім!" атты **композициялық кеш** ұйымдастырылды. <https://www.instagram.com/p/CrQRuottm8S/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==>

"Үндестік" жобасы шеңберінде педагог-оқушы-ата-ана үштұғырлықтың «Абайдың өмірге келуі және жастық шағы» бойынша ұйымдастырылған іс-шарадан қойылым үзінділері https://www.instagram.com/p/CrsbexKgb5_/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==

"Үндестік" жобасы шеңберінде "Отбасындағы тәрбиенің бала өміріне әсері" атты ата-аналарға арналған психологиялық тренинг (**дөңгелек үстел, кофе брейк**) Тренингтің мақсаты: Қазіргі кездегі баланың дамуына жеке тұлға болып қалыптасуына ата-ана тәрбиесінің үлесі зор екендігін түсіндіре отырып, қарым - қатынас орнату. Ата-аналарды өздерінің балаларының жан-дүниесін түсінуге білуге және қиындықта қол ұшын соза білуге ықпал ету. <https://www.instagram.com/p/CsQcuqogcnS/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==>

«Отбасы орта мектеп» және *Үндестік "жобалары аясында, «Менің отбасымның дәстүрі» атты **челленджі** өтті. <https://www.instagram.com/p/Cs0HkHhNBQb/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==>

"Үндестік" жобасы шеңберінде мектепшілік ата-аналар **жиналысы** өтті <https://www.instagram.com/p/Cs25vENthCD/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==>

«Үндестік" жобасы шеңберінде "Көңіл – күйдің, сан қырлы сырлары» атты тренинг жаттығулары (ата-аналарға арналған) жүргізілді. «Өтінемін» ойыны, «Оның есесіне мен...» жаттығуы. Мақсаты: ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынасты жақсарту, бір-біріне деген сенімді дамыту және көңіл-күйдің көтеріңкі болуына ықпал ету <https://www.instagram.com/p/Cs3TS4KtiQo/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==>

Сынып жетекшілердің жұмысы

Мектепте 15 сынып бар, яғни 15 сынып жетекші жұмысы істейді. Бастауыш буында - 5 сынып, 5-10 сыныптарда – 10 сынып.

Сынып жетекшілердің әдістемелік бірлестігінің жоспары құрылып бекітілді. Жыл бойына 5 отырыс болды.

I отырыс бойынша «Жылдық кешенді тәрбие жоспарын, сынып жетекшілер отырысының жоспарын талқылап, бекіту» тақырыбында жүргізілді. Сынып жетекшілердің әдістемелік бірлестігінің жұмысын 2022-2023 оқу жылына талдауы, жаңа оқу жылының жоспарымен таныстырылды. Жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алу жұмыстары жоспарланып, жыл бойына ауқымды жұмыс атқарылды. Тәрбие сағаттарын өткізу кестесі құрылып, уақытында өту барыстары қадағаланды. Оқушылардың бос уақытын қамту сұрақтары қарастырылды. Түрлі үйірмелер мен қосымша білім беру мекемелеріне оқушылар тіркелді. Сыныптағы оқу-тәрбие үрдісінің белгіленген мақсат-міндеттерінің шешілу жағдайы талқыланды.

II отырыс бойынша «Сынып оқушыларының күнделікпен жұмысы. Әлеуметтік қамқорлықтағы балалармен жұмыста сынып жетекшілердің іс-әрекеттері » тақырыбында жүргізілді. Сынып жетекшілердің сынып портфолиосы старттық жұмысын бастады. Белгіленген кесте бойынша сынып жетекшілерінің жұмыстарын қадағалау жүзеге асырылып отырды. Жасөспірімдер арасындағы қылмыстық құқық бұзушылықтың алдын алу жұмысы тоқсан бойынша ұйымдастырылып отырды. Мектептегі кітапханашы оқушылардың кітаптарын тексеру барысында сынып жетекшілермен тығыз байланысты болды. Кітаптың тысы қапталмаған оқушыларға, ата-аналарға ескертулер жасалып, оңтайлы шешімдерін тапты.

III отырыс бойынша «Психологиялық қиын жағдайда тап болған оқушылармен жұмыстағы сынып жетекшілердің іс-әрекеті» тақырыбында өтті. Мектеп ережесінің орындалуы, оқушылардың сабаққа қатысуы, сабақтан кешікпеулері жүйелі тексеріліп отырды.

Кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасында мінез-құлық ауытқушылықтарының алдын алу шаралары педагог-психологпен жүргізіліп отырды.

IV отырыс бойынша «Оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыруға ұсыныс әзірлеу» тақырыбында жүргізілді. Мектептегі тәрбие жұмысының маңыздылығы шешуші рөл атқарды. «Үндестік» жобасы шеңберінде сынып жетекші-оқушы-ата-ана үштігі оңтайлы жұмыстар атқарды. Оқушылардың бос уақытын ұйымдастыру барысында ата-аналармен бірлескен жұмыстар жоспарға алынды. Үйірме жетекшілері атқарған жұмыстары бойынша сараптама жазды. Мұражай сабақтары әр тоқсан сайын жүйелі түрде экскурсия түрінде жүргізіліп отырды. Қалалық орталық кітапханамен «Замандастар» клубы өз жұмысын реттеді.

Бірінші тоқсанда өткізілген тәрбие сағаттары: "Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және патриотизм", Бірыңғай сынып сағаты. А. Байтұрсынов; Бірыңғай сынып сағаты. М.Әуезов; Ұлттық валюта – Теңге күні;

Екінші тоқсанда өткізілген тәрбие сағаттары: Кибербуллингтің алдын алу-біз жанжалсыз сөйлесеміз; Бірыңғай сынып сағаты. Р. Бағланова; Бірыңғай сынып сағаты. Д. А. Қонаев;

Үшінші тоқсанда өткізілген тәрбие сағаттары: Жол қозғалысына қатысушылардың құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігі; Бірыңғай сынып сағаты. Қазыбек би; Жасыл дәріхананы қалай құтқаруға болады?, «Батыр партасы» акциясы аясында «Бауыржан Момышұлының ерлігі ел есінде» ашық сынып сағаты өтті.

Төртінші тоқсанда өткізілген тәрбие сағаттары: Жол жағдайларын зерттеу; Құстардың әдемі әлемі; Мемлекеттік рәміздердегі жануарлар мен өсімдіктер; Сыбайлас жемқорлық дегеніміз не; Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні. «Батыр партасы» акциясы аясында «Қазақтың батыр қыздары» тақырыбында ашық сынып сағаты өтті.

V отырыс бойынша «Тәрбие жұмысының тиімділік көрсеткіштері» тақырыбында қорытынды отырыс болды. Онда тәрбие жұмысының талдауы, келер оқу жылына арналған мақсаттар мен міндеттер қарастырылып, талқыланды, болашаққа бағдар жасалды.

9-11 сынып жетекшілерінің жұмыстарын қадағалау жүзеге асырылып отырды. Кәсіптік бағдар бойынша түрлі ақпараттар, мәліметтер жиналды. «Оқушылар арасында суицидтік мінез құлықтың алдын алу шаралары» бойынша педагог-психолог тренинг ұйымдастырды.

«Жыл сыныбы», «Жыл оқушысы», «Жыл сынып жетекшісі» жылдық қорытындысы (рейтинг бойынша) анықталды.

«ЖАЗ -2023» оқушыларды жазғы демалыс кезіндегі ұйымдастыру шаралары жоспарланды.

Адамның адам болып қалыптасуында ата – аналармен қатар сынып жетекшілердің ықпалы зор. Яғни тәрбие жүйесіне жүктелер жүк те жеңіл емес. Өмірді өрнектейтін адам ұстаз - шәкірт алдындағы парызын ешуақытта ұмытпайды. Сондықтан әр ұстаз жалықпай ізденеді, білім беруді, тәрбиелеуді, шығармашылықпен еңбек етуді абыройлы міндеті, айбынды мақсаты деп біледі.

Мемлекеттік рәміздер күніне арнап, жүргізген іс-шаралар

№	Іс-шараның атауы	Өткізу мерзімі (күнін, уақытын)	Өткізу түрі (<u>онлайн әлеуметтік желіден сілтемені көрсету</u> немесе)	Жауаптылар
---	------------------	------------------------------------	--	------------

		көрсету)	<u>офлайн өтетін жерін көрсету)</u>	
4 маусым – Қазақстан Республикасы Рәміздері күні				
1.	ҚР Мемлекеттік Гимнін орындау	4.06.23 Сағат 10.00	Орталық алаң	Мектеп директоры ДТІЖО
2.	«Менің Республикамның рәміздері» тәрбие сағаты	5.06.23 Сағат 11.00	Лагерь алаңы	ДТІЖО Лагерь жетекшілері

2023-2024 оқу жылына берілген ұсыныстар:

Рухани және моральдық, көпбасшылық қасиеттері бар, отансүйгіштік пен азаматтық жауапкершілік, бәсекеге қабілетті, коммуникация мәдениеті мен ақпараттық мәдениетті қалыптастырған патриот тұлғаны ұшқыр ойлы етіп, одан әрі тәрбиелеу.

- Білім беру жүйесінде дамытуға үлес қосатын салауатты, тәуелсіз, рухани бай, адамгершілік қасиеті бар бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру;
- Оқушының азаматтық, патриоттық сезімдерін қалыптастыру, адам құқықтары мен бостандықтарын, ұлттық дәстүрлері мен мемлекеттік рәміздерін құрметтеу процестеріне өз үлесін қосатын тұлғаны тәрбиелеу;
- Өмірде қажетті және замануи қоғамда жетілдірілген тиімді кәсіби қызметке лайықты тұлғаны жетілдіру;
- Отбасылық білім беру жүйесін жаңғырту, «Үндестік» жобасының жүзеге асырылу компоненттеріне өз үлесін қосатын педагог-оқушы-ата-ана триада жұмысын жандандыратын білім беру және тәрбиелеу мектебінің тәрбие жүйесіне қатысу.
- Мектеп оқушыларының оқырмандық белсенділігін ұйымдастыру және оқушылардың сабақтан тыс іс әрекеттегі оқырмандық қалауын ескере отырып, отбасылық оқуды насихаттау жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу;
- Ата-аналарды балаларының кітап оқуға белсенділігін қолдауға тарту, оларға отбасылық бос уақытты кітап оқу ортасына айналдырып, рухани қарым-қатынас жасауға көмек көрсету;
- «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында отбасылық кітап оқу дәстүрлерін жалғастыру.

Педагогикалық- психологиялық қамтамасыз ету жұмыстарының аналитикалық сараптама

Жоғары білімді, Арқалық педагогикалық институты, филология факультеті, Атырау педагогикалық институты, педагогика және психология бөлімі. Жантанушы болып жұмыс істегеніме 18 жыл.

Лауазымдық міндеттері:

- Оқушылардың психикалық және әлеуметтік жағдайын сақтауға бағытталған кәсіби қызметін жүзеге асырады;
- болашақ кәсібіне бейінділігін анықтауға бағытталған жұмыстар жүргізеді;
- оқушылардың жеке басы мен әлеуметтік мәселелеріне арналған педагогикалық ұжымын бағдарлау мақсатында психология-педагогикалық қорытынды шығарады;
- дарынды және үлгірмейтін оқушылармен іс- шаралар ұйымдастырады;
- педагогтердің, ата-аналардың, әлеуметтік педагогтің құзырын жоғарылату үшін, психологияны практикада қолдану мәселелері бойынша педагогтерге кеңес береді;
- Әр түрлі бейінді мақсатта психологиялық диагностика жасайды, ауытқу дәрежесін анықтайды, психо- педагогикалық түзету жасайды.

Мектептегі психологиялық қызмет жұмысының тақырыбы:

«Психологиялық саулықтың негізгі ортасын құру – баланың рухани өсуіне оның жанының жайлы болуына психологиялық – педагогикалық жағдай жасау, оқушылар мен мұғалімдердің шығармашылық қабілетінің ашылуына көмектесу»

Мақсаты: Оқу үрдісі барысында оқушыларға, педагогтарға және ата-аналарға психологиялық- педагогикалық қолдау көрсету, оқушылардың интеллектуалдық және тұлғалық тұрғыда дамуына, қалыптасуына үлес қосу, түрлі психологиялық мәселелерді шешуде қолайлы жағдай туғызу.

Міндеттері:

1. Оқушылар қабілетінің дамуы, психикалық жетілуі кезіндегі ерекшеліктері, жеке тұлғаға әсер етуші келеңсіз әлеуметтік себептерді анықтау және оған алдын- ала көмек көрсету;
2. Мектептегі әлеуметтік жағдайға бейімделе алмау кезіндегі көмек, қызығушылықтарының дамуына ықпал ету;
3. Мектептегі оқушылармен насихат жұмысы;
4. Оқушылардың дербес тұлға ретінде қалыптасуына, өмірге бейімділік қатынастарының дамуына әсер ету;
5. Оқыту мен тәрбиелеу кезіндегі қарым-қатынаста туындаған мәселелердің негізін анықтау үшін жүргізілетін комплексті медициналық- психологиялық- педагогикалық диагностиканы жүзеге асыру;

6. Жеке тұлғаның әр дамуы кезеңіне сай жеке адамдық және интеллектуалды дамуына тиімді әсер ету;
7. Оқушылардың бойында өз – өзін білуге деген, өз- өзін дамытуға деген қабілеттердің қалыптасуына ықпал ету;
8. Оқу- тәрбие үрдісінде психологиялық мәселелерді шешу мақсатында ата-аналар мен педагогтарға консультациялық көмек көрсету.

Психологиялық қызмет бекітілген жылдық жұмыс жоспары арқылы жүзеге асады. **Психологиялық қызмет жұмысының негізгі бағыты және мазмұны**

Психологиялық қызмет психодиагностикалық, консультациялық, ағартушылық – профилактикалық, түзету – дамытушылық және әлеуметтік – диспетчерлік бағытта жүзеге асырылады.

1. Психодиагностикалық бағыттар:

- 1) білім алушылардың психикалық дамуын анықтау мақсатында оларды психологиялық диагностикалау; 2) білім алушылардың бейімделуі, дамуы мен әлеуметтенуі мақсатында оларды кешенді психологиялық тексеру;
- 3) білім алушылардың қабілеттілігі, қызығушылығы мен икемділігін психологиялық диагностикалау;
- 4) психологиялық диагностиканың қорытындысы бойынша психологиялық тұжырымдар мен ұсыныстарды дайындау.

2. Консультациялық бағыттар:

- 1) білім алушыларға, ата – аналар мен педагогтерге олардың сұранысы бойынша консультация беру; 2) білім алушыларға, ата – аналар мен педагогтерге жеке тұлғалық, кәсіптік өзін – өзі айқындау проблемалары және қоршаған ортамен өзара қарым – қатынастар бойынша жеке және топпен консультация жүргізу; 3) күйзелістік, жанжалдық, қатты эмоционалды күйзелістік жағдайда болып табылатын білім алушыларға психологиялық қолдау көрсету; 4) тұлғааралық және топаралық жанжалдарды шешуде делдалдық жұмыстарды ұйымдастыру.

3. Ағартушылық – профилактикалық бағыттар:

- 1) білім алушылар мен педагогтердің өзін – өзі айқындауына, кәсіптік өсуіне ықпал ету; 2) білім алушылар бейімсіздігінің алдын алу; 3) білім алушылардың әлеуметтік мінез – құлқының алдын алу; 4) педагогтерді аттестаттауды әлеуметтік – психологиялық сүйемелдеу;
- 5) әдістемелік бірлестіктер мен педагогикалық кеңестің жұмысына ықпал ету.

4. Түзету – дамытушылық бағыттар:

1) жеке тұлғалық өсуге арналған тренинтер өткізу; 2) білім алушылар мен педагогтердің тұлғалық, интеллектуалдық, эмоционалды – жігерлік, шығармашылық даму үйлесімділігі бойынша психологиялық түзету және дамыту сабақтарын ұйымдастыру; 3) жанжалдық тұлғааралық қатынастарды түзетуді жоспарлау.

5. Әлеуметтік – диспетчерлік бағыттар:

1) педагог – психологтың және кең көлемде талап етілетін мамандардың кәсіптік құзыреттілігі, функционалдық міндеттері шеңберінен шығатын проблемаларды шешу бойынша (дефектологтарға, логопедтерге, тифлопедагогтарға, т.б.) аралас - мамандармен жұмыс жүргізу; 2) әлеуметтік – медициналық – психологиялық қызметтер туралы банкін қалыптастыру; 3) аралас – мамандармен және шұғыл жағдайда көмек көрсету бойынша мүдделі органдармен өзара әрекет нәтижелерінің мониторингін жүргізу.

Психологиялық диагностика

Мектебімізде 2022-2023 оқу жылында 1 «а» сыныбында 24 оқушы бар. Оның 14-і қыз бала, 10-ы ер бала. 1 бала ПМПК-дан өткен, анықтамасы бар.

Сыныпта жас ерекшеліктері әр түрлі оқушылар отыр.

6 жастан – 16 бала, қызы- 9, ұлы – 7 ;

7 жастан – 6 бала: қызы – 5, ұл – 1 ;

8 жастан – 2 ұл.

Оқу жылының басында 6 –ға толмай келген 4 оқушы болды.

Мектеп жарғысындағы оқушының міндеттері мен ережелерін үнемі сақтап отырады. Күн тәртібінің орындалуы талапқа сай. Сынып құжаттарының толтырылуы жақсы.

Сынып жетекшілерінің сынып оқушыларымен қарым-қатынасы жақсы деңгейде, оқушылар сабаққа көтеріңкі көңіл күймен келеді, сынып жетекшілерін ата-аналарынан кейінгі екінші орынға қояды, жақсы көреді.

Оқушылардың эмоциялық жағдайын бақылау кезінде төмендегідей нәтиже көрсетті.

№	Эмоциялық жағдайы	1 «а»
1.	Мұғаліммен тілдесуі	өте жақсы- 7 оқушы жақсы- 13 оқушы

		орташа- 4оқушы
2.	Мектепке келуі	көңілді- 24оқушы
3.	Сабақта	өте жақсы- 5 оқушы жақсы- 4 оқушы орташа- 11оқушы төмен- 4 оқушы
4.	Құрдастарымен қарым-қатынасы	жақсы- 24 оқушы
5.	Үйге қайту	көңілді- 24 оқушы

Сынып жетешісі сынып оқушыларының мектеп өміріне бейімделуіне жағдай жасауда, оқушылар денсаулығын сақтау мақсатында күнде ертеңгілік жаттығу, сабақ барысында 2 рет сергіту жаттығулары жүргізіледі.

Оқушылармен «Мектеп өміріне енгізу» атты тақырыпта психологиялық сабақтар өтті. Онда оқушылар мектеп ережесімен танысты. Сонымен қатар ойын арқылы жаңа өмірге ену жолдарын біліп, өз ойларын ортаға салды.

«Менің сыныбым» атты әдістеме арқылы суретті тест өткізілді. Нәтижесінде оқушылардың мектепке бейімделу деңгейлері қалыпты жағдайда екені анықталды.

Ата-аналардан баламен және мұғаліммен қарым-қатынасы, баласының сабағына көңіл бөлуі туралы сауалнама жүргізілді. Нәтижесі: баламен қарым-қатынасы жақсы-100%, сабағына көңіл бөлуі: жоғары – 45,8%, орташа- 37,5% , төмен- 16,6%.

Қорытынды: Оқушылардың оқуға деген мотивациясын, мектеп өміріне бейімделуін бақылау барысында анықталғаны мұғалімдер оқыту процесінде әр оқушының жеке ерекшеліктерін ескере отырып жұмыс жасайды. Әр баламен жеке қарым-қатынас жасауға тырысады. Сондай-ақ, бірқатар мұғалімдер балалардың сыныпта еркін отыруына ықпал туғызады. Бұл әрекеттер балалардың бойында мектеп тәртібін қалыптастыруда біршама қиындықтар туындатуы мүмкін. Жалпы психологиялық қызметтің бақылауы бойынша, 1-сынып оқушыларының мектеп өміріне бейімделуі бірқалыпты деңгейде жүріп жатыр.

Ұсыныс:

- Ойын арқылы оқушылардың сабаққа деген қызығушылықтары мен белсенділігін ояту.
- Оқушылардың мектепшілік тәртіп нормаларын ұстануын қадағалау.
- Гиперактивті балаларға қосымша тапсырма беру.

Бастауыш сынып оқушыларымен «Сенімді дос» психологиялық ойын (3-4 сынып), «Тамыры-ұлттық» танымдық ғылыми ойын (1-2 сынып) және үзіліс кезінде «Шеңбер құрып тұрындар», «Келіндер ойнайық» ойындар өткізілді. Бастауыш сынып оқушыларымен психологиялық ойындар өткізе отырып, М.Пляцковскийдің «Кірпі» атты ертегісінің негізгіге ала отырып, төменгі сынып оқушыларының бір-бірімен қарым-қатынасын және ата-аналармен ара-қатынастарындағы шиеленістерді анықтауға болады.

Бастауыш сынып оқушылары:

- ата-ананың сүіспеншілігін керек етеді;
- қатаңдықты керек етпейді
- ұрысқанды ұнатпайды;
- көбірек көңіл бөлгенді ұнатады.

Мектебімізде 5 «а» сыныбында 26 оқушы, оның ішінде 14- ұл, 12-қыз . Мектеп жарғысындағы оқушының міндеттері мен ережелерін үнемі сақтап отырады.

Оқушылардың қарым-қатынасын анықтау мақсатында *Дж.Мореноның «Социометрия»* әдістемесін өткіздім. Нәтижесінде оқушылардың қарым- қатынасы, ұйымшылдығы жақсы. Оқушылар бірін-бірі жақсы түсіне біледі.

Оқушылар мұғалім талабына, сыныптастарына үйренсе де бейімделу проблемасы бар. Олар қайтадан жаңа әлеуметтік жағдайға үйренеді, жаңа сынып жетекшісі, пән мұғалімдері, жаңа пән. Әр мұғалім өз талабын қояды Бұл кез бастапқы жеткіншек шақ, бала ағзасында физиологиялық өзгерістер өтіп, ол да із қалдырады. Ең алдымен оқушылардың оқу әрекетінің мотивациясы анықталады.

Сауалнама «Оқушылардың оқу әрекетінің мотивациясы»

1. Саған мектеп ұнай ма ?
2. Сен мектепке қуанышпен барасың ба, әлде үйде қалғың келе ме ?
3. Егер мұғалім мектепке ертең барлығың келуің шарт емес, келгісі келетіндер келсін десе, сен мектепке келер ме едің ?
4. Кейбір сабақтың болмай қалуы саған ұнай ма ?
5. Сен үй тапсырмасын бермегенді қалайсың ба ?
6. Сен сабақта үзілістің көп болғанын қалайсың ба ?
7. Сен ата-анаңа мектеп жайлы көп айтасың ба ?
8. Саған мұғалімнің қатал болғаны ұнайды ма ?
9. Сенің сыныпта достарың көп пе ?
- 10.Сыныптастарың саған ұнай ма ?

Сынып	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
4 «а»	100%	100%	100%	76%	76%	100%	100%	72,7%	100%	100%
5 «а»	100%	100%	76%	71,4%	66,6%	71,4%	76%	66,6%	100%	100%

Сауалнама «Оқушылардың оқу әрекетінің мотивациясы»

Мақсаты: оқушылардың оқу әрекетіндегі жиі кездесетін мотивтерін анықтау.

Оқушыларб сұрақтан тұратын сауалнамаға жауап берді. Нәтижесінде

- көп білу үшін оқимын;
- оқимын, келешекте жұмысқа орналасуға оңай болады;
- ата-анам талап етеді деген мотивтер анықталды.

Анкета «Оқушылардың оқу пәндеріне деген көзқарасы»

Мақсаты: оқушылардың пәнге деген қызығушылықтары мен қиындық тудыратын пәндерді анықтау.

Нәтижесінде : оқушылар гуманитарлық пәндердің қиындық туындайтындығы анықталды.

Мазасыздануын анықтауға арналған тест

Мақсаты: балалардың мазасыздану деңгейін анықтау.

Жұмыстың барысы: Оқушыларға барлығы 20 сұрақтан құралған сауалнама ұсынылады. Осы тестке «иә» немесе «жоқ» деп жауап беру қажет.

Мазасыздануды анықтау үшін «иә» деген жауаптар санын қосу қажет, шыққан қорытынды бойынша мазасыздану анықталады. Мазасызданудың жоғары деңгейі байқалған жоқ.



Әдістемеге қатысқаны 23 оқушы

Оқушылармен «Мен және біз», «5- сынып дегеніміз не ?» атты психологиялық тренингтер өткізіліп, оқушылар өз ойларын ортаға салды. Нәтижесінде балалар ортаңғы буын ережесімен танысып , әр пән мұғалімімен танысты. Соңында кеңестер берілді.

Ата-ана тарапынан қадағалу орташа деңгейде , яғни 44% пайызды құрайды. Ата-аналардан баламен және мұғаліммен қарым-қатынасы, баласының сабағына көңіл бөлуі туралы сауалнама жүргізілді. Нәтижесі: баламен қарым-қатынасы жақсы- 100%, сабағына көңіл бөлуі: жоғары - 35%, орташа 44%.

Қорытындылай келе, оқушылардың оқу процесіне белсене қатысып, оған деген қызығушылықтарының арта түскенін, өз-өзіне деген сенімділік қасиеттерін байқай аламыз. Мұғалімдер тарапынан берліген оқу ақпараттарын оңай қабылдап, сынып ұжымында өздерін еркін ұстай алу қабілеттерін атап өткен жөн. Яғни, оқушылардың орта буынға бейімделуі орта деңгейде деп есептеуге болады.

Ұсыныстар: бейімделуде қиындық туындаған оқушыларға көбірек көңіл бөлу қажет. Топпен психологиялық жаттығулар мен тренингтер өткізу қажет.

- Ойын арқылы оқушылардың сабаққа деген қызығушылықтары мен белсенділігін ояту.
- Оқушылардың мектепшілік тәртіп нормаларын ұстануын қадағалау.
- Гиперактивті балаларға қосымша тапсырма беру.

Оқу жылының басында 5- 11 сыныптар арасында оқушылардың психикалық жай –күйін анықтау мақсатында **«Тұлғаның психикалық жай-күйін өзіндік бағалауы»** сауалнама өткіздім. Сауалнама нәтижесінде балалардың қалыпты (норма) жағдайда екені анықталды.

5-11 сынып оқушылар арасында кәмелетке толмағандарға қарсы тұрмыстық және физикалық зорлық-зомбылықтың алдын-алу бойынша жасырын сауалнама алынды. Нәтижесінде кәмелетке толмағандарға қарсы тұрмыстық және физикалық зорлық-зомбылық анықталған жоқ.

Сыныптық ата-аналар жиналысында ата-аналармен **«Бірінші сынып оқушыларын бейімдеу», « 5- сынып оқушыларының ортаңғы буынға бейімделу ерекшеліктері», «Балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығы», «Балалардың ғаламтор желісіндегі қауіпсіз мінез-құлқы»** атты тақырыптарда кездесулер өткізіп, ата-аналарға ұсыныс-кеңестер бірілді.

«Жасөспірімдердің суицидтік мінез-құлқы » атты тақырыпта ата-аналармен мұғалімдерге тұсаукесер көрсетілді. Ай сайын Өз-өзіне қол жұмсауды үйренушілерді анықтау үшін әлеуметтік желілерді бақылау бойынша ата-аналар мен сынып жетекшілерге ақпараттар беріліп отырылады.

Жасөспірімдердің және жастардың өмірлері мен білім алуларында дұрыс және қауіпсіз жағдай жасау, интеллектуалды, рухани және дене күшінің дамуын қамтамасыз ету бойынша педагог-психолог ата-аналарға арналған ұсынымдары қалалық «Акцент» телеарнасы арқылы жеткізіп отырды . Сонымен қатар инстограм парақшасы арқылы да ата-аналарға ұсынымдар мен жарнамаларды жіберіліп отырылды.

Бастауыш сынып оқушыларының зорлық-зомбылық, қатыгездік мәселелерін шешу барысында сынып алаңдарында әлеуметтік педагогпен және педагог-психологпен талқылау жұмыстары жүргізілді. Оқушылар мағлұмат алды.

О.Кондаш «Дабыл шкаласы» әдістемесі бойынша 8-11 сынып оқушыларынан , ал 5-7 сынып оқушыларынан Филипптің мектептегі мазасыздықты анықтауға арналған сауалнамасы алынды. Мектептегі мазасыздану деңгейін диагностикалық зерттеу нәтижелері бойынша 5-11 сыныптағы мазасыздықтың жалпы деңгейі төмен, орташа мәндер шегінде және жас нормаларына сәйкес келеді. Жеке алаңдаушылықтың орташа деңгейіндегі оқушылар өздерін жайлы сезінеді, эмоционалдық тепе-теңдікті, жұмыс қабілетілігін, өзін қалай ұстау керектігін біледі, жауапкершіліктің көлемін білетін жағдайларда сақтайды.

Мектептегі мазасыздану – бітіру сабақтарында байқалуы мүмкін және алдағы ҰБТ және ОЖСБ тапсыруымен байланысты, сонымен қатар БЖБ және ТЖБ басталуына байланысты бірнеше оқушы мектепішілік олимпиадаға қатысу алдында мазасызданады.

Өзін-өзі бағалау үрейі – өзіне және өзінің күшті жақтарына сенімсіздікпен, жауапты міндеттерден қорқумен, оқу-тәрбие процесінде де, сабақтан тыс уақытта да өз қабілеттерінің көрінуінен қорқумен байланысты.

Тұлға аралық мазасыздық – жаңа оқушылар ұжымы құрылған сыныптарда, сонымен қатар қатардан ауыстырылған оқушыларда және басқа мектептен жаңадан келгендер сыныпта бейімделіп, сыныпқа, сынып жетекшісіне және жаңа , олар үшін мұғалімдердің талабы.

6-8 сынып оқушыларынан «Сен мұғалімдерді қалай қабылдайсың?» атты сауалнама алынды.
Мақсаты: оқушылардың мұғалімге деген қарым-қатынасын анықтау.

Қатынасқан оқушылар саны: 75

1. Сыйлаймын- 100 %
2. Ақылын тыңдаймын- 75 %
3. Үлкен адамдарға құрмет көрсету керек- 85 %
4. Мұғалім маған білім береді- 100 %

Нәтижесінде: оқушылардың мұғалімге деген қарым-қатынасының жақсы екендігі мен өзара түсінушіліктері байқалады.

8 сыныптар арасында өткен «Қарым-қатынас қажеттілігі» атты тесттің қорытындысы туралы мәлімет.
Мақсаты: оқушылардың бір-бірімен қарым-қатынасын және өзара түсінушілігін анықтау.

Қатынасқандар саны : 8 «Б» сынып бойынша – 14 оқушы

8 «А» сыныбы бойынша- 14 оқушы

Тесттің нәтижесінде оқушылардың бір-бірімен қарым-қатынасы жалпы жақсы деңгейде, бірақ өзара түсінушіліктері әлі де болса төменгі деңгейді көрсетті оқушылар бар екені анықталды.

Ұсыныс: Қиындық туындаған оқушыларға көбірек көңіл бөлу керек. Ата-аналар тарапынан үнемі қадағалау және қарым-қатынаста болу керек.

Сонымен қатар 4- тоқсанда 5-11 сынып оқушыларымен «Тұлғаның психикалық жай-күйін өзіндік бағалауы» және Зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында сауалнамалар жүргізілді. Нәтижесінде қиындық тудыратын оқушы анықталмады.

Ұсыныс: қиындық тудырған оқушылармен жеке жұмыстар жүргізу, көбірек көңіл бөлу керектігін сынып жетекшісі мен ата-анасына ескертірілді. Жазғы мектеп алаңына қатысуын сынып жетекшісі қадағалауы керек.

Психологиялық ағартушылық.

Психологиялық ағартушылық жұмысы балалардың жас ерекшеліктеріне және диагностика нәтижесі бойынша тақырыптары таңдалып отырылады.

№	Өткізілген іс-шаралар тақырыптары	мақсаты	Сынып/қатысушылар
1	Баланың бірінші сыныпқа баруы. (баяндама)	Оқушыны мектепке бейімделуі..	1 сынып ата-ана
2	«Бірінші сынып оқушыларын бейімдеу»	Ата-аналарға баланы бірінші сыныпқа бейімделуі кезінде кездесетін қиыншылықтардың алдын алу.	1 сынып ата-ана
3	5- сынып оқушыларының ортаңғы буынға бейімделу ерекшеліктері	Ата-ананың балаға деген сүйіспеншілігін арттыру, балаға деген қамқорлығын, түсіне білуін психологиялық тренинг арқылы дамыта отыру.	5 сынып ата-аналары
4	Бесінші сыныпта кездесетін қиыншылықтар.	Оқушыларды ортаңғы буынға бейімдеу.	5 сынып ата-аналары
5	Ата-ананың бала тәрбиесіндегі рөлі.	Ата-ананың мақсаттары мен міндеттерімен таныстыру	бастауыш сынып ата-аналары
6	«Балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығы» ата-анамен кездесу	Ата-ананың балаға деген қамқорлығын және сүйіспеншілігін арттыру	ата-аналар
7	ҰБТ – ке қалайша дайындалу керек	ҰБТ- ке психологиялық қолдау көрсету.	11-сынып оқушылары
8	Мамандықтың бәрі жақсы, таңдай біл (дөңгелек үстел)	Оқушылардың мамандық таңдауына психологиялық қолдау көрсету.	9 -11 сынып оқушылары
9	«Балалардың ғаламтор желісіндегі қауіпсіз мінез-құлқы»	Ата-аналарға балалардың ғаламтор желісіндегі мінез-құлқтарының алдын алу.	ата-аналар
10	«Жасөспірімдердің суицидтік мінез-құлқы »	Оқушылардың бір-бірімен қарым-қатынасты	1-4сынып

		және өзіне деген сенімділігін арттыру	оқушылары
11	«Мінез – құлықты түзетуге бағытталған тренингтік жаттығулар «Ой, сезім, мінез-құлық»	Баламен ата-ана арасындағы қарым қатынасты нығайту	7-8 сынып оқушылары 9-10 сынып
12	«Менің психикалық денсаулығым»	Оқушылардың мінез-құлқының өзгеруіне байланысты саралау	8-11 сынып оқушылары
13	«Менің денсаулығым – менің болашағым»	Оқушылардың өмірге деген құлшынысын арттыру.	5-11» сынып оқушылары
14	«Иманды ұл, инабатты қыз -өмір көркі» дөңгелек үстел	Оқушылардың бойында кездесетін адами құндылықтар туралы түсініктерін дамыту.	5-10 сынып оқушылары
15.	Мұғалімнің оқушымен қарым-қатынас құндылықтары	Оқушы мен мұғалімнің қарым-қатынастарын нығайту.	Мұғалімдер
16	Суицидтік мінез-құлық белгілері	Суицидтік мінез-құлықтың алдын алу	Мұғалімдер
17	«Қоғамдық қуат» жобасында: күшейту қоғамның жастармен жұмыс істеу қабілеті суицид.	Мұғалімдердің бала тәрбиесіндегі суицидтің алдын алу мақсатында қолданылатын жаттығулар мен жағдайлар туралы сауаттылықтарын арттыру.	мұғалімдер
18	Ата-аналардың функционалдық сауаттылығын арттыру мақсатында «Отбасындағы тәрбиенің бала өміріне әсері » семинар-тренинг	Ата-ананың бала тәрбиесіндегі функционалдық сауаттылығын арттыру. Ата-ана мен баланың арасындағы қарым-қатынстың ерекшеліктерін психологиялық жаттығулар арқылы көрсету.	Ата-аналар
19	«Бала тәрбиесіндегі әкенің ролі»	Әкенің бала тәрбиесіндегі функционалдық сауаттылығын арттыру. Ата-ана мен баланың арасындағы қарым-қатынстың ерекшеліктерін психологиялық жаттығулар арқылы көрсету.	әкелер
20	Ата-аналарға арналған көңіл-күй жаттығулары	Ата-аналар мен балалардың қарым-қатынасын, өзара түсіністікті қалыптастыру	Ата-аналар

Мектепте психологиялық алдын-алу жұмысы өте қажет, себебі ол балаға өзін-өзі тануға, өзін-өзі бағалауға көмектеседі. Психологиялық тренинг сабақтардан кейін және басқада қосымша жұмыстардан өткен оқушылар былай деп жауап береді:

- Мен өзімнің ішкі әлемімді білдім.

- Ойлау және қабылдауды қалай түсіну керектігін білдім
- Өз сыныптастарыма басқа көзқараспен қарадым
- Есеңгіреу жағдайында не істейтінін білдім
- Ата-анаммен тіл табыстым
- Сенімділікті қалайша қалыптастыру керектігін білдім
- Қобалжу сезімінен қалайша айырылу керектігін білдім
- Өз мақсатыма қалайша жетуге болатынын білдім

Мотивациялық қалыптастыру жұмысы одан әрі жүргізіледі, себебі психологиялық және эмоциялық жағынан жайлы сезінуі осыған байланысты, көбіне бұл мұғаліммен тәуелді. Берілген сауалнамадан оқушылар сынып жетекшілеріне мынадай жауаптар береді:

- қатаң мінезді болмаса
- шын көңілімен сөйлесуге
- мені тыңдай білсе
- сөйлесіп, сыпайы болуға
- мұғалім сені тыңдамағанда ренжисің

Мектеп ата-аналарына анкета және тесттер беріліп, ата-аналар жиналысында өз ойларын ортаға салып, кеңестер алады. Мектептегі дәстүр бойынша отбасын насихаттауға байланысты ата-аналарға ашық есік күні бағдарламасы өтеді. Бастауыш және ортаңғы буын сыныптары арасында «Әке, шешем және мен» атты ойын өткізіледі. Сонымен қатар ата-аналарға балаларының көңіл –күйіне көбірек көңіл бөлу ерекше айтылады.

Педконсилиумда «Оқушының мектепке бейімделуі», «Оқушылардың ортаңғы буынға бейімделуі» және «Оқушыларды ҰБТ-ге психологиялық қолдау көрсету» мақсатында жүргізілген жұмыстар нәтижелерімен таныстырып, ұсыныстар мен кеңестер беріліп отырылды. Сынып жетекшілер отырысында «Суицидтің алдын алу», «Қиын оқушылармен жұмыс жасау ерекшеліктері», «Оқушылардың бойына сенімділікті ұялату», «Өмірге деген қызығушылықтарын қалайша арттырамыз» атты тақырыптарда тұсаукесер, бейнефильм, кеңестер берілді. «Мұғалімдер мен оқушылардың арасындағы қарым-қатынас» тренинг, мұғалімдерге арналған психологиялық жаттығулар өткізіліп отырылады.

Педкеңесте «Инклюзивті оқытудың негізгі принциптері», «Суицидтік мінез-құлықтың белгілері және алдын алу шаралары » атты тақырыптарда баяндама жасалды.

Психологиялық профилактика

Психопрофилактика оқушыларды бақылау, әңгімелесу, жеке жұмыстар жүргізу. Оқушылармен есте сақтау, зейін, ойлау қабілеттерін дамыту мақсатында жұмыстар жүргізіп, нәтижесінде қиындық тудырған баланы ата-ананың келісімімен ПМПК-дан өткізуге ұсыныс беру.

Психологиялық профилактика оқушыларды мектепке бейімделуі барысында оқу жылының басында «Оқушыларды мектепке енгізу» тақырыбында психологиялық сабақтар өтті. Бесінші сыныпқа бейімделуіне психологиялық қолдау көрсету барысында «5 сынып дегеніміз не?» тақырыбында тренинг өтті. Бейімделудің алдын алу мақсатында 1 сынып пен 5 сынып бойынша педконсилиум болды.

Мектеп инспекторы, әлеуметтік педагогпен бірге жағдайы нашар отбасына рейд жасап, ата-аналарымен әңгімелестік. Мінез-құлқы қиын оқушылардың ата-аналарын шақырып, оқушылармен бірге мәжіліс өткіздік.

Оқу-тәрбие үрдісінде қиындық тудыратын оқушылармен мектеп әкімшілігі, мектеп инспекторы, әлеуметтік педагог және сынып жетекшімен алдын алу шараларын өткізіп отырдық.

Жоспар бойынша оқушылармен психологиялық сабақтар мен тренингтер өткізілді. Әсіресе 7,8 сыныптарда «Өтпелі кезеңнің қиындықтары», 9, 10 сыныптарға мамандық таңдау туралы, ал 11 сыныпқа «Сенімділік» тренингі өтті.

Психологиялық алдын алу жұмыстары бекітілген жұмыс жоспары бойынша жүргізілді. Оқу жылының басында қобалжудың жоғары деңгейін көрсеткен оқушыларды анықтап алып, мұғалімдер мен ата-аналарға ескертіледі. Қобалжу деңгейін төмендету мақсатында тренингтер өткізілді. «Вейп денсаулыққа өте қауіпті» 7-10 сынып,

«Қарым-қатынас жасай білу үлкен өнер» тренинг (8 сынып), «Өзіңді не үшін білуім керек?» тренинг (қиын оқушылармен), «Сенімділік» тренингі (11 сынып), «Мамандық таңдау өміріңнің бір кірпішін дұрыс қалау»

(9 сынып), «Адамгершілік – асыл қасиет» 5-6 сынып, «Жан жылулығы» ертегі (1-4 сынып), «Жақсылық – жан жадыратады» тренинг (5 сынып). 9 сынып- «Стрестен арылу жолдары» 9-11 сынып., 7 сынып- «Қарым-қатынас жасау – үлкен өнер», «Қыз қылығымен көрікті» атты сабақтар 5-8 сыныптар арасында өткізілді.

Суицидтің алдын алу мақсатында жоспар бойынша жұмыстар жүргізіліп отырылады. Атап айтатын болсам: 5-11 сынып оқушыларына төменде көрсетілген сауалнамалар өтізіліп, он нәтижесін берді.

- Филиппстің «Қобалжу» әдістемесі
- «Тұлғаның психикалық жай-күйін өзіндік бағалауы» (Г. Айзенк, М.В. Хайкина)
- Андреева А.Д «Оқуға деген мотивациясы және оқуға эмоциялық қарым-қатынасы әдістемесі

Нәтижесінде оқушылардың қобалжу деңгейі орташа – 34 %, төмен -63,3 % жоғары -2,7 % көрсетті. Өткені оқушылар БЖБ және ТЖБ тапсыруы кезінде, сонымен қатар алдағы ҰБТ және ОЖСБ тапсыруымен байланысты өзіне деген сенімсіздіктің туындауы.

№	Тақырыбы	сыныптар	Мақсаты
1	«Менің сыныбым» атты әдістеме	1 сынып	Мұғалім мен оқушының қарым-қатынасын анықтау
2	Д.Лампенова мен Л.П.Пономаренконың редакциясымен «Ағаш» атты жобалау әдістемесі.	2-4 сынып	Оқушылардың бір – бірімен қарым-қатынасын анықтау.
3	«Қобалжу және мазасыздану» атты сауалнама	5-11 сынып	Оқушылардың көңіл-күйін анықтау

4	«Менің психикалық денсаулығым»	8-11 сынып	Оқушылардың психикалық денсаулықтарының алдын алу.
5	«Тұлғаның психикалық жай-күйін өзіндік бағалауы» сауалнама	5-11	оқушылардың психикалық жай –күйін анықтау
6	«С.Спилбергер бойынша «өзін-өзі бағалаудың тұлғалық шкаласы»	5-11	оқушылардың психикалық жай –күйін анықтау
7	Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ	5-11	Зорлық-зомбылықтың алдын алу
8	Андреева А.Д «Оқуға деген мотивациясы және оқуға эмоциялық қарым-қатынасы әдістемесі	5-7	Оқушылардың оқуға деген мотивациясы және оқуға эмоциялық қарым-қатынасын және өзара қарым-қатынастарын анықтау.

Мектеп инспекторы, әлеуметтік педагогпен бірге жағдайы нашар отбасына рейд жасап, ата-аналарымен әңгімелестік. Мінез-құлқы қиын оқушылардың ата-аналарын шақырып, оқушылармен бірге мәжіліс өткіздік. Оқу жылы ішінде суицидтің алдын алу мақсатында жоспар бойынша іс- шаралар болды. Девиантты мінез-құлықты оқушылармен жұмыс бағдарламасын әлеуметтік педагогпен бірге құрастырып, сол бағдарлама бойынша жұмыс жүргізілді. Атап айтсақ:

- «Ерік, шыдамдылық, табандылық» психологиялық сабақ.
- «Дау –жанжалды жеңіп шық» (әлеуметтік-психологиялық тренинг)
- Сен өзіңе қалай қарайсың (тест)
- Адамның ішкі жан дүниесіне үңілейік (тренинг)
- «Сын түзелмей, мін түзелмейді» ойын
- «Менің мықты тұстарым» түзету сабақ

Суицидтің алдын алу мақсатында :

1. Оқушының мінез-құлқы.
2. Отбасы жағдайы
3. Ата-ана және мұғаліммен қарым-қатынасы
4. Достары және сыныптастарымен араласуы
5. Күн тәртібінің сақталуы
6. Сыныптан тыс іс-шаралар мен үйірмелерге қатысуы.

7. Оқушының өзін-өзі ұстауы мақсатында жұмыстар жүргізілді.

“Суицидтік мінез-құлық өмір түйсігі мен өлім түйсігі арасындағы ішкі өзара іс – қимыл салдары болып табылады”. Бұл адам үшін өмірдің мән – мағынасының жойылуы, өмірге деген құштарлығының төмендеуі.

Әсіресе психологиялық қиындықтарға қарсы тұру қиын.

Басына қиыншылық түскен адам өзін әртүрлі ұстайды.

Біреулер уайым - қайғыға салынып, бойындағы үрей мен қорқынышты жеңе алмайды, ақыр аяғында о дүниеге аттанады. Ал енді біреулер болса бәрін соның ішінде ең бастысы психологиялық ауыртпалықты жеңіп, көп жағдайда өз өмірлерін құтқарып қалады.

Оқушылар өздерін жақсы сезіне білу және өздерін танып білу мақсатында «Мен кімін, мен қандаймын ?!» атты психологиялық сабақ 5-11 сыныптар арасында өткізілді.

1. Психологиялық сабақ пен жаттығулар:

1.1 Оқушылардың көңіл-күйлерінің көтерілуі және өзіне деген сенімдерінің артуы мақсатында «Адам қалай өзіне сенімді бола алады?», «Есенгіреуді болдырмау жаттығулары, массаж», «Стрестен қалай арылуға болады» атты тақырыптарда 9-11 сынып оқушыларымен өтті..

1.2 «Қарым-қатынас жасай білу үлкен өнер» психологиялық сабақ (5-8 сынып) оқушыларымен топтық сабақ.

1.3 «Күн сәулесіндегі менің портретім» жаттығу

Мақсаты: оқушылардың арасында ынтымақшылдық қарым-қатынас орнату. (4 сыныптар)

2. Психологиялық дәріс.

2.1 «Өмірім өз қолымда» дәріс , «Өмір мен үшін қымбат» әңгіме- сұхбат

Мақсаты: оқушылардың өмірге деген көзқарастарын анықтай отырып, болашаққа деген көзқарастарын арттыру. (қиындық тудыратын оқушылармен) өтті.

2.2 «Отбасындағы тәрбиенің бала өміріне әсері» ата-аналарға дәріс. (1-11 сыныптар ата-аналары үшін).

2.3 «Бала тәрбиесіндегі әкенің ролі» психологиялық тренинг

Мақсаты: оқушылардың ата-анамен және оқушылармен қарым-қатынасын жақсарту.

Қиындық туындаған оқушылар тобымен «Өмірім өз қолымда» тренинг сабақ және «Сын түзелмей мін түзелмек» , «Мен сені жақсы көремін» атты ойындар өткізілді. Онда оқушылардың көңіл-күйлерінің көтерілуі және өзіне деген сенімдерінің артуы мақсатында.

Оқушыларға «Адам қалай өзіне сенімді бола алады?», « Стрестен қалай арылуға болады» атты кеңестер беріліп отырады. Қиындық тудыратын оқушылармен жекеше әңгімелер жүргізіліп отырады. Ата-аналар жиналысы «Баланы мадақтау мен жазалаудың ерекшеліктері» (5-9), «Ата-ана мен баланың қарым-қатынасы қандай болу керек ?» (7-9) , «Ата-ана балаға сенімді дос» (5 сынып) атты тақырыптарда өтті. Ата-аналарға балаларына қалайша көңіл бөле білу керек екендігі жөнінде психологиялық кеңестер беріліп отырылады.

Сонымен қатар бейне фильмдер « Грегори Лемаршаль и Машель Сарду- Река нашего детства», «Барашка», «Зұлымдық пен жақсылық», «Шыдамдылық», «Балеттік жұп», «Ұсқынсыз үйрек» 5-11 сыныптар арасында көрсетіліп, нәтижесінде оқушылар ойларын ортаға салды. Өмір туралы тренингтер Өзін-өзі тану сабақтарында да өтіледі. Ата-аналар мен педагогтарға кеңестер берілді.

Дарындылықты анықтауда бірнеше жақта қарастырылды. Интеллектуалдық дарындылық, шығармашылық дарындылық, әртістік дарындылық, музыкалық дарындылық, техникалық дарындылық және спорттық дарындылық. Ғылыми жұмыс қорғауға баратын оқушылармен психологиялық жағынан сендер жұмыстарыңды жақсы қорғап шығасыңдар, барлығы дұрыс болады, өздеріңмен қорғауға шыққан өзге мектеп оқушыларымен танысасыңдар, өздеріңі жаңа біліммен қатар достар табуларың мүмкін деген жадынамамен ақпараттандырылды.

Гуманитарлық бағыт	Жаратылыстану-математикалық бағыт	Ғылыми жұмыстармен шұғылданатын оқушылар	Сурет саласындағы дарынды оқушылар	Өнер саласындағы дарынды оқушылар	Спорт саласындағы қабілетті оқушылар
27 оқушы	7 оқушы	4 оқушы	7 оқушы	35 оқушы	57 оқушы

Жыл басында ҰБТ-ға қалайша дайындалу керек екендігі жөнінде ақыл-кеңестер беріледі. Сонымен қатар ата-аналарына да кеңестер беріледі. Қыркүйек айынан бастап оқушыларды есте сақтау қабілетіне қарай топқа бөліп, мұғалімдерге беріледі. ҰБТ-ке дайындық жүйесін жандандыру мақсатында жүргізілген психологиялық бақылау сынағы негізінде құрылған оқушылардың есте сақтау қабілеттеріне қарай топқа бөлу кестесі жасалады.

- Естің түрлеріне топқа бөлу оқушылардың өткен материалдарды есте сақтауына қолайлы.
- Мұғалім топ бойынша жұмыс жасауына ыңғайлы.
- Есте сақтап, қайта жаңғыртуға да септігі мол.

Мамандықты иемдену жеке адамның типтік кәсіптік ортасына байланысты. Ең бірінші кезекте жеке адамның типтік ерекшеліктері тұрады. Жеке адамның типтік ерекшеліктері мақсат қоя білу, құндылықты керек етеді. Мен – бейне, білім беретін және кәсіптік мақсаты, қалаған мамандығының ролі, қабілеті, арнайы дарындылығы. Табысқа жетудің нақтылығы мен жеке тұлғаның дамуы, өмірлік жолы.

Оқушылармен «Табысқа жету», «Мақсатыма қалайша жету жолы бар», «Өзімізге сенімділік арттырайық» атты психологиялық тренингтер өткізілді. Кейбір оқушылар жекеше ақыл-кеңестер алды.

. Мұғалімдер оқушыларды ҰБТ-ға дайындау кезінде осы мәліметтерді пайдаланады. Оқушылармен жыл бойына «Зейін мен ес», «Ойлау мен сөйлеу», «Сенім, Өзіне- өзі сене білу», «Мамандық туралы түсінік», «Қабылдау және түйсік», «Сезім мен ерік», «Қалайша есте сақтауға болады» атты тақырыптарда шағын лекциялар өтілді. Психологиялық тренинг, ойын жаттығулары өтілді. Онда оқушылар өздерін қалай ұстай білуге, көңіл-күйінің жақсы болуына, зерек болуына бағытталған. Айырықша тоқталатын болсақ, 11 сынып оқушылары 100 % өз алдына мақсат қойып, соған жетуге тырысты

«Мамандық таңдау өміріңнің бір кірпішін дұрыс қалау» атты дөңгелек үстел оқушылармен өтіліп, онда оқушыларға әртүрлі мамандық туралы дәріс беріліп, өз ойларын ортаға салды. Кәсіптік өзін-өзі анықтау жаттығулары, «Мамандық таңдауда қателесуге бола ма?», «Қол- мидың жалғасы» “Мақсатыңа жет” , «Мамандықтың бәрі жақсы, қажеттісін таңдай біл» тренингтері оқушылармен жыл ішінде өткізілді. Оқушылар ата-аналарымен бірге «Мамандықтың бәрі жақсы» атты тақырыпта дөңгелек өткізіліп, қорытындысында қатысушылар мамандық туралы ойларын ортаға салып, психологиялық кеңестер алды.

Психологиялық коррекция сабақтар бастауыш сынып оқушыларының танымдық, интеллектуальдық қабілеттерін дамыту мақсатында өтеді. Ал ортаңғы және жоғары сыныптарда жеке , топтық сабақтар түрінде болады. Бұл жұмыстар баланың мектепке бейімделуі кезінде, бастауыш сыныптың ортаңғы топқа көшуі кезінде, ортаңғы топтың жоғары сыныпқа көшу барысы қалыпты жағдайда өтуі үшін психологиялық қолдау үнемі көрсетіліліп отырады. Көбіне оқушылардың эмоциялық көңіл-күйлері, отбасы және қоршаған ортада өзін жақсы

сезіну, жақындарының жақсы көруі, өзін- өзі танып білуге көп көңілдер бөлінеді. Сонымен қатар 9- 11 сынып оқушыларымен жеке жұмыстар жүргізіліп, кеңестер берілді. Мұғалімдер мен ата-аналарға дер кезінде кеңестер беріліп отырылды.

Психологиялық консультациялар оқушылардың ата-анасымен, сыныптастарымен қарым-қатынасы дұрыс болмаған жағдайда, ата –аналар баласының үлгіріміне, тәртібіне алаңдаған уақытта кеңестер алады.

Мұғалімдер ата-аналар жиналысын түрлендіріп өткізу және оқушылардың мінез-құлқында өзгешілік болған уақытында психолог кеңесіне жүгінеді. Мұғалімдерге «Оқушылардың арасында суицидтік мінез-құлықтың алдын алу» тақырыбында баяндама және «мұғалім және оқушы» атты тақырыпта психологиялық тренинг өткізіліп, «Қалайша сабыр сақтауға болады?», «Мақсат қою және оған жетудің жолдарын білесің бе?», «Мамандық қалай таңдасам екен», «Ашу – ызаны басу жолдары» атты тақырыптарда бейне роликтер көрсетуге кеңестер берілді..

Сонымен қатар оқушылар жеке өз мәселелерінің шешімін таба алмаған кезде кеңестер сұрайды. Мұғалімдер мен ата-аналарға , оқушыларға тақырыптық кеңестер беріліп, дер кезінде мұғалімдер мен ата-аналарға да психологиялық қолдау көрсетілді. Атап айтатын болсам, **«Бірінші сынып оқушыларын бейімдеу», « 5- сынып оқушыларының ортаңғы буынға бейімделу ерекшеліктері», «Балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығы», «Балалардың ғаламтор желісіндегі қауіпсіз мінез-құлқы»** атты

тақырыптарда кездесулер өткізіп , ата-аналарға балаларға қалайша көмек беру керек, оқшаулау кезінде баламен қалайша қарым-қатынас жасау керек деген сұрақтар төңірегінде кеңестер берілді. Ал мұғалімдерге «Өзіңізге қалайша көмектесе аласыз» атты тақырыпта жадынама таратылды. Балаларға «Қалайша сабыр сақтауға болады ? , Мақсат қою және оған жету жолдарын білесіз бе... , Мамандықты қалай тандасам екен. Бұл жөнінде не білуім керек» атты тақырыптарда бейнероликтер көрсетірілді.

Жазғы демалыс уақытында «Жасөспірім» атты мектеп жанындағы психологиялық мектеп жанындағы лагерьге оқушыларды жұмылдырып, жұмысын одан әрі жандандыру. Психологиялық мектеп жанындағы лагерьдің жоспары құрылып, өткізетін іс-шаралары жасалды.

«Акцент» телеарнасы арқылы «Балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығы», «Кәмелетке толмаған жастардың арасындағы суицидтік мінез- құлықтың алдын алу», «Қиял әлеміндегі жасөспірімдер » атты тақырыптарда тікелей эфирде әңгіме-сұхбатқа қатыстым.

Қорытынды: Жалпы өткізілген тренингтер мен тестер мақсатына жетті. Барлық оқушылар белсене қатысып, қызығушылық танытты. Әрбір бөлімді мұқият тыңдап, қатесіз орындауға, сұрақ қоймауға тырысты. Осы алған тапсырмаларды қорытындылай отырып, оқушылар барлық сыртқы әсерлерді, қоршаған ортаны ойын арқылы танитының айтқым келеді. Сондықтан оқушы тәрбиелі, инабатты, ибалы, ізетті, қайырымды болу үшін, оған тәрбиені ойынмен байланыстырып берген өте тиімді.

Шешімі:

- Оқу-тәрбие үрдісінде қиындық тудыратын оқушыларға ерекше көңіл аударып, жекеше жұмыстарды жандандыру.
- Оқушы, ата-ана және мұғалім арасында қарым-қатынас жағдайын туғызу
- Ата-аналардың өз балаларына деген сенімділігі мен қарым-қатынасының төменгі көрсеткішін жоғарлату мақсатында әртүрлі жұмыстарды арттыру.

Келер оқу жылының жоспарына ұсыныс:

- ✓ Оқушыларының бейімделу кезеңіндегі туындайтын қиыншылықтарды жеңу жолдарын арттыру;
- ✓ Балалардың өмірге деген құлшыныстарын және болашаққа деген көзқарастарын оңтайлау ;
- ✓ Оқушының өзіне деген сенімділігін арттыру мақсатындағы жұмыстарды жандандыру;
- ✓ Қиындық тудыратын оқушылар туралы мәліметті дер кезінде анықтауға көмектесу.

Әлеуметтік жұмыс нәтижесінің сараптамасы

2022-2023 оқу жылында әлеуметтік педагогтің жұмысы мектептің әлеуметтік осал топтағы оқушыларына әлеуметтік-педагогикалық қолдау көрсете отырып, әлеуметтік теңсіздіктің алдын алу, мектептің әлеуметтік әл-ауқатын арттыруға бағытталған.

Оқу жылының басында ҚР Оқу-ағарту министрінің 27.08.2022 №382 бұйрығына сәйкес әлеуметтік педагогтің жылдық жоспары құрылды. Жылдық жоспарға сәйкес әлеуметтік-педагогикалық жұмыс төмендегі алты бағыт бойынша ұйымдастырылды:

I. Сыныптарға, мектепке әлеуметтік паспорттауды жүргізу

II. Балалық шақтың құқығын қорғау жұмысы

III. Әртүрлі есепте тұрған оқушылармен жеке-профилактикалық жұмыс


IV. Педагогикалық ұжыммен және сыртқы ұйымдармен (кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі бөлім, кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі комиссия, қамқоршылық және қорғанышылық және т.б.) өзара іс-қимыл жүргізу жұмысы

V. Білім алушылардың ата-аналарымен (отбасыларымен) профилактикалық жұмыс

VI. Диагностикалау-талдау қызметі

I. Сыныптарға, мектепке әлеуметтік паспорттауды жүргізу туралы:

Сынып жетекшілердің әлеуметтік зерттеулеріне сәйкес сыныптың әлеуметтік паспорты жасалынды. Сыныптардың әлеуметтік паспорты негізінде мектептің әлеуметтік паспорты жасалынды. Мектебіміздегі көпбалалы отбасынан шыққан оқушылардың өсу динамикасының жоғарғы көрсеткіші көрсетіп отыр. Мектепте жалпы оқушылар саны 1-11 сыныптарда 249 оқушы. Бастауыш сыныптарда 94 оқушы, орта буында 129 оқушы, жоғарғы буында 26 оқушы. Көп балалы отбасынан шыққан оқушылар саны - 56, аз қамтылған отбасы 2 еу толық емес отбасынан шыққан оқушы саны 34. Тегін ыстық тамақпен 5 оқушы Жалпы оқыту қорынан 5 оқушы киім кешек және кеңсе заттарымен қамтылды. 2022-2023 оқу жылында демеушілікпен Стригина Юля Борисовна 57 оқушыны тегін ыстық тамақпен қамтыды.



Әлеуметтік мәртебесі	Көп балалы	Аз қамтылған	Толық емес	Қамқорлықта	Өгей әкемен	Мүгедек
2020-2021 оқу жылы	54	3	30	2	5	1
2021-2022 оқу жылы	47	1	35	0	6	0
2022-2023 оқу жылы	58	5	32	0	13	0

II. Балалық шақтың құқығын қорғау жұмысы. Оқу жылында балалық шақтың құқығын қорғау бойынша бірнеше бағытта жұмыстар жүргізілді. Мектептің әлеуметтік желілерінде және мектеп сайтында балалардың құқығын қорғау бойынша жаднамалар мен материалдар жарияланды. Мектеп қабырғаларында сенім телефондары мен ақпараттық стендтер ұйымдастырылды.

Білім алушылар мен ата-аналарға бала құқығының бұзылуы фактілері және басқа да мәселелер бойынша әлеуметтік-педагогикалық кеңес берілді. Бала құқығын қорғау бойынша түрлі іс-шаралар ұйымдастырылды. Соның ішінде «Мектепке жол» акциясы ұйымдастырылып жағдайы төмен отбасынан шыққан 18 оқушы 319500 соммасында ақшалай көмек көрсетілді және қалалық мечіт имамы Есмұрзин Зейнелғабиденұлы жалпы 30 оқушыға кеңсе заттарымен рюзактар берді..

Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған білім алушылар болған жоқ.

Білім алушылардың сабаққа бармауының алдын алу мақсатында «Мектепке жол» республикалық акциясы жүзеге асты. Ақция аясында әлеуметтік мәртебеге ие отбасынан шыққан білім алушыларға қаржылай және материалдық қолдау көрсетілді.

III. Әртүрлі есепте тұрған оқушылармен жеке-профилактикалық жұмыс туралы. Мектебімізде әртүрлі есепте тұрған білім алушылар туралы сандық ақпарат төмендегідей:

Мектепшілік есепте тұрғандар – 0.

Тәуекел топтағы оқушылар – 0.

Аудандық ПБ есебінде тұрғандар – 0.

. Оқушылардың есепке алынуының әлеуметтік себептерін анықтау мақсатында әлеуметтік сауалнамалар алынып, отбасыларына әлеуметтік-педагогикалық мінездеме берілді. - Лисаков қаласы ПБ КТІ УПИ полициясының Полиция майоры Садуақасов Данияр Рахымжановичтың қатысуымен «Темекі шегудің, алкоголизмнің, нашақорлықтың алдын алу» тақырыбында 8-9-10 сынып оқушыларымен дәріс жүргізілді.

- «Вейп – денсаулыққа өте қауіпті!» тақырыбында оқушылармен де түсінік жұмыстары жүргізілді.

«Баланы теледидар және Интернет тәуелділігінен қалай қорғауға болады?» тақырыбымен ата-аналарға арналған 10 кеңес онлайн форматта берілді. Егер қиындық туындаса 37-08-58 (анонимді) Қостанай қаласы;

Лисаков қаласы 4-19-13 , 2-05-75 мектептің ақпараттық стендіне жадынамалар мен сенім телефондары ілінді. Қолайсыз отбасының алдын алу мақсатында сынып жетекшілер мен әлеуметтік педагог бірлесе отырып, отбасыларын аралап АКТ жасалды. «Лисаков қаласы

білім бөлімінің Абай атындағы жалпы білім беретін мектебі» әлеуметтік педагог Ергалиева З.Б. "Жоқ! НИК шеңберінде" балалар еңбегін пайдалануға қарсы күрестің 12 күндігіне орай рейдтік іс-шараға қатысып, ата-аналарға буклеттер мен жадынамалар таратылды. Бұл акцияның мақсаты, оқушылардың құқықтық білімдерін тереңдету, заң алдындағы жауапкершіліктерін арттыру, ұйымшылдық пен тәртіптіліктің тиімді жолдарын таба білуге және саяси сауаттылыққа баулу. Жергілікті полиция қызметі бөлімшесінің ювеналды полиция тобының кәмелетке толмағандарды істері жөніндегі учаскелік полиция майоры Садуакасов Данияр Рахымжанович әлеуметтік педагог Ергалиева З.Б. бірлесе отырып мектеп оқушыларымен кездесу өткізді "Жасөспірім", "мектептердегі құқықтық тәртіп", "Түнгі қаладағы балалар» атты акция бойынша рейдтер жүргізілді. Балалардың есепке алынуының алдын алу мақсатында сынып жетекшілермен бірге «Бала құқығы», «Құқықбұзушылықтың салдары» тақырыптарында түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Оқу жылының соңғы күндері сынып сағаттарында мектеп инспекторы оқушыларға жазғы демалыс кезінде ережелерді сақтауды түсіндіріп өтті.

IV. Педагогикалық ұжыммен және сыртқы ұйымдармен (кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі бөлім, кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі комиссия, қамқоршылық және қорғаншылық және т.б.) өзара іс-қимыл жүргізу жұмысы туралы.

Мектеп ұжымының адамгершілік сау қарым-қатынасын қалыптастыру мақсатында «Қайырымдылық - жүректен» акциясы ұйымдастырылды. Акция аясында жиналған қаражат екі отбасына қаржылай қолдау көрсетуге жұмсалды. Бір жолдық көмек «Қайырымдылық» акциясы жүргізіліп, мұғалімдер тарапынан аз қамтылған жалғыз басты ана Адагуатова Гулмираның отбасы балаларына 28600 теңгеден көмек көрсетілді. Мектебімізде көмекке мұқтаж аз қамтылған Бейсенғалиева Аружан, Арунанаға демеушілік пен Итқаримов Серикбол Серикбаевич спорт киімі мен кеңсе заттарынан 35000 мыңға көмек көрсетті.

Мектептің педагогикалық кеңесінде әлеуметтік мәртебеге ие отбасынан шыққан білім алушыларға материалдық қолдау көрсету, жетім және ААҚҚ оқушылардың құқығының бұзылмауы, оқушыларды тегін жазғы мектеп жанындағы лагерьмен қамту бойынша мәселелер қаралды.

Өткен оқу жылында 6 оқушы «Балауса» мектеп жанындағы лагерьмен қамтылса, биылғы оқу жылында қамқоршылық кеңесінің мүшесі Стригина Юлия Борисовна көп балалы және азқамтылған отбасы балаларын демеушілік көрсетті. 21 оқушы мектеп жанындағы лагерьмен қамтылады.

V. Білім алушылардың ата-аналарымен (отбасыларымен) профилактикалық жұмысы туралы.

Білім алушылардың ата-аналарымен жұмысты үйлестіруде басымдық әлеуметтік мәртебеге ие отбасынан шыққан оқушыларға берілді.

Өгей әке не анасымен тұратын оқушылардың үй-тұрмыс жағдайы және әлеуметтік ерекшеліктері баса назарға алынып, мектеп психологі оқушыларды өз бақылауында ұстап отыр. Өгей әке мен тұратын барлық оқушылардың тұрмыстық жағдайын тексеру АКТ сі жасалынды.

Әр ата-анаға түрлі мәселелер (қаржылай көмек алу, оқушыны лагерьмен қамту, бала тәрбиесі, мамандық таңдау, баламен қарым-қатынасы және т.б.) бойынша жыл бойы әлеуметтік-педагогикалық кеңес берілді.

Тоқсан сайын өткізілетін ата-аналар жиналысына қатысып, мәселелі сұрақтарына жауап берілді. Мектепшілік жалпы ата-аналар жиналысында әлеуметтік мәселелер бойынша баяндама оқылды. Педагогтер мен ата-аналар және оқушылардың өзара іс-әрекеттерін жақсартуға бағытталған «Үндестік» жобасы аясында «Тақырыбы: «Отбасы тәрбиесінің бала өміріне әсері» тақырыбында педагог-психолог, әлеуметтік педагог және ата-аналар арасында семинар-тренинг өтті.

Ата-аналарға буллингтің алдын алу, мектептегі әлімжеттік бойынша жаднамалар таратылып, түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

VI. Диагностикалау-талдау қызметі туралы.

«Мектептегі оқу-тәрбие үдерісі» әлеуметтік сауалнамасы, «Мектептегі ыстық тамақ және буфеттік тамақтану» Буллингке қарсы сауалнамасы алынып, нәтижелері шығарылып, қорытындыланды.

Білім алушылардың әлеуметтік картасы және отбасы картасы жасалынды.

Жоғарыда атқарылған жұмыстар мен мектептің әлеуметтік көрсеткіштерін ескере отырып төмендегідей ұсыныстарды ұсынамыз:

- 1. Мектепте атқарылатын әлеуметтік –педагогикалық жұмыстардың нәтижелілігін арттыру үшін «мектеп–ата–ана–оқушы» моделі негізінде жұмысты жандандыру;*
- 2. Сынып жетекшілерге ата–анамен дұрыс–қарым–қатынас орнату, диалогтың функцияларын дамыту мақсатында ақпараттық тұрғыда қолдау көрсету;*
- 3. Мектепте атқарылатын әлеуметтік –педагогикалық жұмыстарды цифрлық технологияларды қолдана отырып оңтайландыру.*
- 4. Көп балалы, аз қамтылған және қамқорлықтағы балаларға әлеуметтік көмек көрсетуді әрдайым ұйымдастыру.*

Мектеп кітапханасы

Мектеп кітапханасының мақсаттары:

- ❖ Мектептегі білім беру үрдісін ақпараттық қамтамасыз етуді жүзеге асыру,
- ❖ Оқушылардың шығармашылық қабілеттерінің дамуына, рухани бай, адамгершілігі зор тұлғаның қалыптасуына бірігіп әрекет ету;
- ❖ Ауқымды ақпарат қорына қол жеткізуді бағыттау және ұйымдастыруды қамтамасыз ету;
- ❖ Әр түрлі ақпараттық қажеттілігін өтеу үшін іздену, ақпарат жинау, сын талдау және ақпаратты өз бетімен қолдану дағдыларына үйретумен қоса, оқушылардың ақпараттық даярлығын ұйымдастыру;
- ❖ Педагогикалық ұжым мен ата-аналар қоғамының оқушының оқуға деген дағдыларын қалыптастыруға бірігіп күш салуы, оқу дағдысын, кітапты өмір бойы қолдануға тәрбиелеу.

Кітапхананың міндеттері:

- Кітап қорын дәстүрлі және қазіргі заманауи ақпарат тасушы құралдармен үнемі толықтыру;
- Кітап көрмелерін ұйымдастыру, көру- көрмелері, тақырыптық сөрелер, каталогтар, картотекалар, ақпараттық тізімдерді ұйымдастыру жолдары арқылы ашу негізінде қорды пайдалану;
- Электронды ақпарат папкаларын толықтыру және жинақтау бойынша жұмысты жалғастыру;
- Оқушылар мен педагогтардың зерттеу ғылыми іс-әрекеттеріне бірге ақпараттық көмек көрсету;
- Кітап-кітапнамалық сабақтар арқылы оқушылардың ақпараттық мәдениетін тәрбиелеу;

- Қолдаушының кәсіби-бағдар, өзін-өзі тану және басқа да жан-жақты қажеттіліктері бойынша ақпараттық көмек көрсету;
- 9,11 сынып оқушыларына ОЖСБ, емтихан, ҰБТ-ге дайындық бойынша кітапханада бар басылымдар туралы ақпараттар жөнінде көмек көрсету;
- Оқырмандардың кітапқа және ақпаратқа қажеттілігін дамыту оқу мен өз бетімен жан-жақты білім алу қажеттіліктерін қанағаттандыру. Кітапхана дәрежесін әр түрлі іс-шаралар және байқаулар өткізу, ағымдағы басылымдарға жазылу жолдары арқылы көтеру;
- Кітап қорының сақталуы бойынша рейдтерді өткізуде кітапхана белсенділерін, ата-аналар комитетін тарту. Сыныптардағы кітапқұмар оқушылармен бірлесіп іс-әрекет жасауды жалғастыру;
- Оқушылардың зияткерлік, мәдениеттік және адамгершілік дамуына бірлесіп әрекет жасау.

Кітапхана туралы жалпы мағлұмат

- Қабат-бірінші кітапхананың жалпы ауданы- 59,5 ш.м.
- жазылым - 1 оқу залы-1, 10 орындық
- жарық жоқ-төбелік люминесцентті шамдар
- әдебиеттер – 2 (1 - негізгі қор, 1-оқу қоры)

Мектеп кітапханасында Бір кітапханашы жұмыс істейді: 1. Мульткебаева Г.А., білімі арнайы орта "Кітапхана ісі", кітапханалық өтілі – 4,5 жыл (2018 жылдан бастап), оның ішінде мектеп кітапханасында – 4.5 жыл (2018 жылдан бастап).

Кітапхананың техникалық құралдары:

- * компьютер-2 дана
- * принтер-1
- * 1 компьютердің мектепке арналған Мегалайн жергілікті желісі арқылы интернетке шығуы

Кітапхананың материалдық базасы: "Оқу мектебі" жобасын жүзеге асыру аясында кітапхананың оқу залы жаңартылды. 19700 тг сомасына "Оқу мектебі" стенді сатып алынды.

Кітапхана қоры: Барлығы-түрлі ақпарат тасығыштардағы басылымдардың 24226 данасы. Оның ішінде:

- * Оқулықтар, оқу құралдары қоры – 14963 дана
- * Әдебиет қоры – 9213 дана медиатеканың қоры 1045 дана (916 эл.оқулықтар + 129 эл.әдебиеттер қорының пайдаланушылар қызметтеріне:

Пайдаланушылар қызметтеріне:

Интернет,

⇒ Деректер базасын:

⇒ "Оқу қоры" ДБ (мектеп кітапханасының оқулықтар қоры)

"Кітап қоры" ДБ (әдебиет қоры) Кітапханада бар:

* басылымдарды үйге беру бөлімі (абонемент),

* 10 орындық оқу залы.

* оқу әдебиетінің кітап қоймасы

* салалық және көркем әдебиет кітап қоймасы.

Кітапхана жұмысының бақылау көрсеткіштерінің мониторингі

2022-2023 оқу жылындағы бақылау көрсеткіштері:

* Оқырмандар саны – 411,

* Келушілер саны-7095,

* Кітап беру саны- 9758, 2022-2023 оқу жылында мектеп кітапханасына 411 адам жазылды, оның ішінде 249 оқушы, 35 адам – педагог, 127 адам – өзге де.

Кітаппен қамтамасыз ету: орта есеппен әр оқырманға дана 39 әдебиет және 49 дана оқулық басылымдарынан келеді. Оқылым: орта есеппен бір оқырманға дана басылым келеді.

Берілген таблица мектеп кітапхананың 3 жыл ішіндегі кітап қорының жағдайын көрсетеді. Оқырманың саны мектеп оқушылардың санына байланысты төмендеді.

	2020 -2021 оқ.ж	2021-2022оқ.ж	2022-2023 оқ.ж

Кітап беру саны	5128	9172	9758
Қатысу жөніндегі саны	7581	5627	7095
Оқырмандар саны	359	356	411

Ұсынылған көрсеткіштерден көрініп тұрғандай, 2022-2023 жылдары кітапханаға бару және берілген кітаптар саны азайды. Бұл пандемия мен карантиндік шараларға, мектеп оқушыларын Қашықтықтан оқытуға байланысты. 2022-2023 оқу жылында келушілер мен кітап беру көрсеткіштері өткен жылдан жоғары, бірақ өткен жылдардағы тұрақты көрсеткіштерге әлі жеткен жоқ. Оқу жылында дәстүрлі 9758 кітап беру басылым даналарын құрайды. Оның ішінде 7098 кітап, 2004 мерзімді басылым, 656 электрондық және виртуалды құжаттар.

Егер мазмұны (бөлімдері) бойынша берілген басылымдарды қарайтын болсақ, оқырмандардың көркем әдебиет (70%), жаратылыстану-ғылыми цикл (8%), педагогикалық әдебиет (5%), қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар әдебиеті (7%), техникалық әдебиет (5%), тіл білімі (5%). Салыстырмалы көрсеткіштерден бір пайдаланушыға орта есеппен 15 рет келіп, берілген басылымдардың 39 данасын (келіп түскендерін) көреміз.

Жинақтау

Оқу жылы бойы қалалық білім бөлімі арқылы жасақталды.

2022-2023 оқу жылына оқуға түскендер: Оқу қоры – 1611350 теңге сомасына 1255 дана (56 атау);,

* Оның ішінде жұмыс дәптерлері – 413100 теңге сомасына 720 дана (11 атау)

Әдебиеттің негізгі қоры - 454692 теңге сомасына 624 дана (201 атау).

Ағымдағы жинақтау. Мерзімді басылымдарға жазылу.

Кітапханада қазақ және орыс тілдеріндегі мерзімді басылымдармен ағымдық жасақтау жүзеге асырылады. Газеттер мен журналдарға жазылу жылына 2 рет рәсімделеді. 2022 жылдың екінші жартыжылдығына 356 802 теңге сомасына 13 атауға (73 жиынтық) жазылу рәсімделді.

2023 жылдың бірінші жартыжылдығына 83342 теңге сомасына 8 атауға (20 жиынтыққа) жазылу рәсімделді.

Білім салалары бойынша әдебиет қорының құрамы. Әдебиеттің негізгі қоры 9213 дана, оның ішінде қазақ тіліндегі басылымдар қоры 5368 дана.

Әдебиеттің 42% - ы көркем қорға тиесілі, 28% - ы - педагогикалық әдебиет, 12% - ы-қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар, 8% - ы-тіл білімі және әдебиеттану бойынша кітаптар, 8% - жаратылыстану ғылымдары. Ал 2% қалған бөлімдерге тиесілі.

Бір жыл ішінде 1879 дана (257 атау) жаңа басылым келіп түсті, бұл қордың жалпы санының 4.5% - құрады. Жаңа басылымдардың 86% - қазақ тілінде, 4% - орыс тілінде және 10% - шет тілінде.

Оқу қорымен жұмыс.

Кітапхананың оқу қорына 1611350 теңгеге 1255 дана (56 атау) түсті. 1-11 сыныптар аралығында оқушылар жаңартылған білім мазмұны оқулықтарымен айналысады. Оқу жылына оқушыларға 245 дана оқулықтар мен оқу құралдары берілді, ол 3723 дананы құрады (01.09.2021 ж.жағдай бойынша). Т.о., барлық оқушылар мектеп кітапханасы қорынан 100% оқулықтармен қамтамасыз етілді.

Кітап қорын сақтау бойынша жұмыс

Кітап қоры 2 кітап қорында сақтаулы. Оқулықтар бөлек бөлмеде, сыныптар мен пәндер бойынша орналастырылған. Әдебиеттің негізгі қорын орналастыру кезінде ББК кестелері қолданылады. Бөлігіштер екі тілде жазылған: қазақ және орыс. Барлық орналасқан үй-жай өрт дабылы құралдарымен жабдықталған. Өрт сөндіргіштер, құм бар. Оқулықтарды кітапханаға қайтару кезінде кітаптың жағдайына назар аударылады. Қажет болған жағдайда оқушы ұсақ жөндеу жұмыстарын жүргізеді. Қарыздармен жұмыс үнемі жүргізіледі: жеке ескертулер, кітап әуесқойлары мен сынып жетекшілерінің жазбалары арқылы ескертулер жасалады. 9-11 сынып оқушылары емтихан тапсырғаннан кейін ҰБТ барлық кітаптарды кітапханаға тапсырады және кету парағына қол қояды. Барлық сыныптарда кітапқұмарлардың посттары құрылды.

Кітапхананың анықтамалық-библиографиялық аппараты

(АБА) Кітапхананың анықтамалық-библиографиялық аппараты

Электронды каталог, оқулықтарды есепке алу картотекасы, анықтамалық-энциклопедиялық әдебиет қоры түрінде қазақ тілдерінде ұсынылған.

Деректер базасы:

"Оқу қоры" ДБ (мектеп кітапханасының оқулықтар қоры)

"Кітап қоры" ДБ (әдебиет қоры) Жаппай жұмыс

Жаппай жұмыс.

2022 жылы "Оқуға құштар мектеп" жобасы басталды, оның мақсаты - білім алушылардың оқырман мәдениетінің деңгейін арттыру, олардың оқырман белсенділігін арттыру және оқуды көпшілікке тарату үшін жағдай жасау. Бұл жоба 5 жылға есептелген. Барлық

кітапханалық іс-шаралар осы жобаны жүзеге асыруға бағытталған. Жоба туралы ақпарат алуға болатын "Оқуға құштар мектеп" бұрышы безендірілді. 1-11 сыныптарында оқу бұрыштары «букроссинг» сынып кітапханалары ұйымдастырылған. Оқу жылы барысында кітапханада түрлі тақырыптағы әдебиеттерге бірнеше шолу дайындалды және өткізілді. Пікірлер дәстүрлі және онлайн форматта өткізілді. "Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында кітаптар мерейтойына бейне шолу, "Абай Құнанбаевтың оқулары", Оқу жылы барысында кітапханада түрлі тақырыптағы кітап көрмелері мен тақырыптық сөрелер рәсімделді.

Оқу жылы ішінде кітапханашы 22 іс-шара өткізді. "Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында кітаптар мерейтойына бейне шолу, "Сүйікті жазушының, сүйкімді кітап" «Жырлайды жүрек» М.Мақатаевтың өлеңдерін мәнерлеп оқу сағаттары Мұқағали Мақатаев (1931-1976), "Наурыз-жыл басы!", "Алғыс күні - 1 наурыз" және т.б. оқу жылы бойы кітапханада "5 минут дауыстап оқу" акциясы өтті, оның аясында бастауыш сынып балаларына түрлі тақырыптағы 30 шығарма оқылды. Аталған акцияны өткізуге 3-4 сынып оқушылары, оқу еріктілері белсенді қатысты Кітапханашы оқушыларды рухани адамгершілікке тәрбиелеуге, кітап оқуға тартуға көп көңіл бөледі. Мәнерлеп оқу сайысы сияқты іс-шаралар мектеп кітапханашысы үшін дәстүрге айналды. "Тілдер күні мерекесіне "Ананың тілі" өлеңдер байқауы", "Кітап ғажайып еліне саяхат" атты өлеңдер байқауы ұйымдастырылды. Балалардың барлық сөздері мектеп және кітапхана сайтында жарияланған.

1 сынып оқушылары үшін кітапханаға экскурсия ұйымдастырылды.

"Рухани жаңғыру" бағдарламасын, "Оқу мектебі" жобасын орындау шеңберінде мектеп-лицейдің кітапханасы оқушыларды "Букроссинг" қозғалысына тарту бойынша қатысты. "Оқу және өзгеге сыйла" жалпы мектептік ерікті акциясы ұйымдастырылды. Сыйға тартылған кітаптар кітап көрмесіне қойылды, содан кейін оларды кітапхананың жанындағы фойедегі стеллажда еркін оқу үшін қойылды.

Кітапхана, кітап және Оқу жарнамасы Кітапхана жарнамасы, кітаптар мен оқулар іс-шараларға ықпал етті:

- "5 минут дауыстап оқу" акциясы,
- кабинеттерде оқу бұрыштарын ұйымдастыру, -
- Өткізілетін барлық іс-шаралар туралы мектеп сайтында,
- кітапхана сайтында және блогында жарияланымдарды.
- Кітап көрмелері, Оқу сайыстары, стендтер және т. б.

Кітапхананың техникалық құралдары:

* компьютер – 2 дана. (1 компьютер жаңартылды)

* принтер, * Интернетке шығу-бір компьютерден кең жолақты Мегалайн байланысы арқылы.

Кітапханада медиатека қоры бар, оның 1045 дана электронды дискілері бар. Оның ішінде (916 эл.оқулықтар + 129 эл.әдебиет қоры). Медиатека қоры жүйелі түрде өсіп, жаңа басылымдармен толықтырылып отырады. 2022-23 оқу жылында кітапхана қорына 260 дана оқу қоры (13 атау), әдебиет қорына – 8 дана (8 атау) келіп түсті.

Деректер базасын қалыптастыру,

толықтыру жаңа жазбалар енгізілді:

* "оқу қоры" ДБ -56 атау /676 дана.

* "негізгі қор" ДБ-201 атау/ 400экз.

АКТ пайдалану тиімділігі.

Педагогтер мектеп кітапханасында бар электрондық оқулықтармен және электрондық әдістемелік құралдармен қамтамасыз етіледі. Педагогтер интернетте жарияланған оқулықтар мен әдістемелік құралдарды белсенді пайдаланады, сондай-ақ мектептің web платформадағы қызметтер пакетіне жазылымы бар www.Topiq.kz электронды оқулықтар баспасынан Алматыкітап баспасы. Дискілердегі электронды оқулықтар қазіргі заманғы техниканың дискілері болмағандықтан аз сұранысқа ие. Оқушылар оқулыққа қосымша болып табылатын электронды оқулықтармен қамтамасыз етіледі, бұл электронды дискілер бірден кітапқа енгізілген.

Жалпы, компьютерлік аймаққа барудың төмендеуі байқалады. Бұл бірнеше себептерге байланысты болады:

1. Кітапхананың материалдық-техникалық базасы нашар.
2. Көптеген пайдаланушыларда жеке мобильді құрылғылардың болуы.

Кітапханашылар өз жұмысында инновациялық жұмыс түрлерін белсенді қолданды. Өз пайдаланушыларына ақпаратты жеткізу үшін жыл бойы мектептің Инстаграмдағы парақшасында, мектептің ресми сайтында Жарияланымдар жүзеге асырылды. Оқу жылы ішінде 89 жаңалық материалдары дайындалды.

2014 жылдан бастап кітапхана жұмысында "Кітапхана ісі" бағдарламалық жасақтамасы қолданылады. Бағдарламаның мүмкіндіктері зерттеліп, жұмыста қолданылады. Осы бағдарламаның көмегімен:

Оқу қорының, әдебиет қорының, уақытша сақтау басылымдары қорының,

- медиатека қорының,
- мерзімді басылымдар қорының
- электрондық каталогтары (ДБ) құрылады.

Кітапхана қорының автоматтандырылған есебі, басылымдарды кіріске алу және шығару жүргізіледі., Берілген критерийлер бойынша есептер Excel-кестелер, Word-құжаттар форматында жасалады.

Т.о. орындалған жұмыс көлемін талдай отырып, 2021-2022 оқу жылында кітапхана алдында тұрған негізгі міндеттер орындалды деп айта аламыз. 2022-2023 оқу жылына арналған тапсырмалар:

* "Рухани жаңғыру" республикалық бағдарламасын,

"Тәрбие және білім" кіші бағдарламасын,

"оқитын мектеп" жобасын орындау бойынша педагогтердің тәрбиелік қызметіне ақпараттық-кітапханалық қолдау көрсету.

* Кітапханалық іс-шаралар арқылы "оқитын мектеп" жобасының орындалуына ықпал ету;

* Өлкетану әдебиетіне баулу арқылы балалардың қазақстандық патриотизм сезімін дамыту бойынша жұмысты жалғастыру .

* Оқушылар мен педагогтердің оқу, ғылыми, зерттеу қызметіне ақпараттық қолдау көрсету. * Дәстүрлі және заманауи ақпарат тасығыштарда құжаттар қорын қалыптастыру.

* Кітап көрмелерін, көрме-қарауларды, ақпараттық тізімдерді, электрондық тұсаукесерлерді, электрондық тізімдерді, деректер банктерін ұйымдастыру жолымен оны ашу негізінде Қорға қолжетімділікті қамтамасыз ету.

* Оқушылардың ақпараттық мәдениетінің негіздерін қалыптастыру бойынша сабақтарды жалғастыру (кітапханалық сабақтар). * Кәсіптік бағдар беру мәселелері бойынша оқушыларға ақпараттық қолдау көрсету.

* Оқушыларды емтиханға дайындалуға, бақылау шептеріне, БЖБ, ТЖБ-ға көмек ретінде қолда бар басылымдар туралы хабардар ету.

* Балалардың оқу әдеті мен қуанышын, сондай-ақ кітапхананы пайдалану қажеттілігін дамыту және қолдау. "Кітаппен достықта" жалпы мектептік конкурсын, мәнерлеп оқу конкурстарын және басқа да іс-шараларды өткізу арқылы оқитын оқушының беделін арттыру.

* Жұртшылықты өз жұмысы туралы хабардар ету және бұқаралық ақпарат құралдарында (мектеп сайттары, кітапханалар, мерзімді басылымдар) басып шығару арқылы кітапхананың беделін арттыру.

орындаған: Танирбергенова А.Ж. ДОТІЖО